

К. С. Шоланов

АВТОМАТИКА НЕГІЗДЕРІ

ОҚУЛЫҚ

Алматы, 2013

УДК 681.5 (075.8)

ББК 32.965 я73

Ш 78

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің «Оқулық»
республикалық ғылыми-практикалық орталығы бекіткен

Рецензенттер:

Б. А. Сүлейменов – техника ғылымдарының докторы, профессор;

Ғ. А. Самигулина – техника ғылымдарының докторы;

Ш. Биттеев – техника ғылымдарының докторы, профессор.

Шоланов Қ. С.

Ш 78 **Автоматика негіздері:** Оқулық. / Қ. С. Шоланов – Алматы:
«MV Print», 2013. – 188 б.

ISBN 978-601-289-099-0

«Автоматика негіздері» оқулығы екі бөлімнен тұрады: «Сызықты автоматты басқару теориясының негіздері», «Автоматиканың құрылғылары және элементтері».

Оқулық материалы автоматты басқарудың сзызықты теориясы, автоматика құрылғылары және элементтері бойынша, сонымен қатар коммуникациялық жүйелер бойынша берілген. Оқулықта автоматикада жиі кездесетін шартты белгілеулер, Matlab бағдарламалық өнімінің Simulink кітапханасының қолданылуы мен модельдеу негізі берілген.

Оқулық 5B074600 – «Ғарыштық техника және технологиялар», 5B071600 – «Аспап жасау» мамандықтары бойынша оқытын бакалаврлар үшін арналған және 5B070200 – «Автоматтандыру және басқару» мамандығының студенттері үшін де қолданылуы мүмкін.

УДК 681.5 (075.8)

ББК 32.965 я73

ISBN 978-601-289-099-0

© Шоланов Қ. С., 2013
© КР Жоғары оқу орындарының
қауымдастыры, 2013

АЛҒЫ СӨЗ

Бастапқыдан техника адамның және қоғамның өмір сүрудегі ынғайлылығын қамтамасыз ету үшін арналған. Бұл үшін, мысалы, өндірісте казіргі заманғы техника тек қана физикалық еңбекті емес, сонымен қатар ой енбегін жеңілдетеді және алмастырады, шешім қабылдаپ, адамды бір сарынды жұмыстан босатады. Бағдарламалық басқару арқылы жұмыс істейтін қазіргі заманғы станоктар, роботтар және адамның басқаруынсыз немесе оның минималды қатысуымен жұмыс істейтін автоматиканың техникалық құралдары мен аспаптары оның мысалы болып табылады. Қазіргі заман техникасына микроэлектроника құралдарының кеңінен қолданылуы, басқару функциясының кеңейтілуі және олардың толық жетілдірілуі тән.

Аспап жасау, ғарыштық техника және дәлдік машина жасаумен байланысты өндірістік салалар жоғары автоматтандырылған болып келеді, онда автоматиканың әртүрлі техникалық құралдары кеңінен пайдаланылады және де басқарудың күрделі үрдістері қолданылады.

Осылан байланысты «Аспап жасау», «Ғарыштық техника және технологиялар» мамандығы бойынша бакалаврлар үшін өздерінің болашақ кәсіби қызметінде автоматика бойынша білім алу керек, себебі олар болашақта микроэлектроника құралдары көмегімен басқарылатын техниканы қолданатын, жөндейтін және жасайтын болады.

Кейбір оқыту мамандықтарында «Автоматты басқару теориясы», «Автоматиканың элементтері және құрылғылары» пәндерінің жеке курсары бар. Ал «Аспап жасау», «Ғарыштық техника және технологиялар» мамандықтарында білім стандарттары бойынша «Автоматика негіздері» пәнін оку қарастырылған, онда оқыту жоғарыда көрсетілген пәндердің мазмұнына негізделеді.

Берілген оқулықтың мақсаты студенттерді басқару жүйесінің құрылудың негізінде тәсілдерімен және техникалар мен аспаптардың бір жүйеге бағытталып жұмыс жасаудың қажетті автоматиканың техникалық құралдарымен таныстыру болып табылады.

Оқулыкта мемгеруге қажетті толық көлемді оку материалдары

қамтылған, соның ішінде дәрісханада және өз бетімен менгерілестін материалдар, мысалдар және де өзін-өзі тексеруге арналған сұрақтар бар. Қазіргі танда көптеген автоматика нысандарын коммуникация құралдарының елестету мүмкін емес болғандықтан бұл кітапта өз бетімен коммуникация жүйелерін менгеруге арналған мәліметтер бар. Бұдан басқа, автоматикада көп кездесетін шартты белгілеулер көлтірілген.

Тәжірибе жинау үшін Matlab бағдарламалық өнімінің Simulink кітапханасын қолданып модельдеудің негізі көрсетілген. Бұл кітап «Автоматты басқару теориясы» материалдарын кең көлемді қамтымайды. Автор ақпаратты өлшеу техникасына қатысты тарауларды қысқартып берген. Бұл бөлімдерді жекелей оқыту қарастырылған «Аспап жасау» және «Фарыштық техника және технологиялар» мамандықтарының оқыту жоспарларымен байланысты.

Кітапты жазу барысында автор өзінің Қ. И. Сәтбаев атындағы ҚазҰТУ-дағы Робототехника және автоматиканың техникалық құралдары кафедрасында бір аттас курсты окудағы тәжірибесін, сонымен қатар мекatronika және робототехника саласындағы көлжылдық зерттеу иетижелерін пайдаланды.

Автор өзінің кейбір мысалдары мен дәріс материалдарын бергені үшін т.ғ.к., доцент А. А. Бейсембаевка үлкен алғысын білдіреді.

KIPIСPE

Көне заманда адамның қатысуының қандай болмасын кимылдарды орындайтын құрылғылар – автоматтарды жасау әрекеттері болған және құрылғылар жасалғаны белгілі. Герон Александрийский өзінің «Пневматика» және «Механика» (б.з.д. I ғасырда) атты кітаптарында энергия көзі ретінде су, пар, жүктөр қолданатын автоматтың көптеген конструкцияларын бейнелеген. Леонардо да Винчи бұлшықеттің рөлін әртүрлі механизмдер мен берілістер орындайтын адам тәріздес автомат жасады. Ортағасырларда сағат механизмдерін қолдануға негізделген автоматтар жасалынды. Мысалы, швейцариялық сағатшылармен автомат болып табылатын, ауыспалы жұдырықшалар көмегімен берілетін бағдарламалар арқылы жұмыс істейтін, адамтәріздес ойыншықтар жасалынды. Басқару құштарлығы, яғни берілген техникалық нысандарға берілген функцияларды орындайтындағы етіп әсер ету, адамзатты басқарудың әртүрлі мүмкіндіктері бар жаңа техниканы жасауға итермеледі. Автоматтармен қатар қозғалыстарды тіkelей басқара алатын және реттейтін құрылғылар пайда бола бастады. Джеймс Уаттың 1769 жылы жасаған бу машинасы білгінің айналу жылдамдығын басқаруға арналған орталықтан тепкіш реттегішінің құрылымы белгілі. 1913 жылы Генри Фордтың зауытында алғашқы рет автомобильдердің механикаландырылған құрастыру жүйесі енгізілді. Бұл автоматтандырылған өндірістің бастамасы еді, онда өндірістік үрдістер және оларды басқару адамның қатысуының жүзеге асты. Қарапайым автоматтардан бастап қазіргі заманғы интеллектуалды роботтар, үшкышсыз ұшу аппараттары және икемді автоматтандырылған өндірістік жүйелер – бұл автоматиканың даму жолы.

Қазақстан Республикасында автоматты басқару теориясының дамуына ф.м.ғ.д. профессор А. К. Бедельбаев, ҚР ҮФА академигі А. А. Ашимов, т.ғ.д. профессор С. А. Айсағалиев, т.ғ.д. профессор Д. Ж. Сыздықов, профессор Г. М. Тохтабаев сияқты белгілі ғалымдар өз үлестерін қости.

Ақпарат үшін төмендегі 1-кестеде автоматиканың даму тарихындағы кейбір айтулы күндер мен кезеңдер көлтірілген.

1-кесте

Жыл	Автоматиканың даму кезеңінің аты.
1765	И. И. Ползунов бу пешіндегі су деңгейін реттегітін автоматты жүйені ойлад тапты.
1769	Дж. Уатт бу машинасы білігінің айналу жылдамдығын басқаруға арналған орталықтан тепкіш реттегішін жасады.
1804 -1808	Жаккара перфолентадан жасалған тоқыма станогын бағдарламалық басқару жүйесін ұсынды.
1868	Дж. Максвеллдің «Реттегіш жайлы» атты кітабы жарық көрді. Бу машинасы реттегішінің математикалық моделі жасалды.
1876	И. А. Вышнегородскийдің «Тікелей әсер ететін реттегіш» туралы жұмысы жарияланды. Реттеудің сапасы мен орнықтылығын зерттеу үшін негіз құрылды.
1892	А. М. Ляпунов «Қозғалыс орнықтылығының жалпы тапсырмасы» атты жұмысында динамикалық жүйелердің орнықтылығы теориясының негізін қалауды.
1913	Генри Форд өзінің зауытында алғашкы рет автомобилді жинаудың механикаландырылған желісін жасап шыгарды.
1927	Американдық инженер Дж. Венсли бірінші «Televox» роботын құрастырып шыгарды.
1951	Дж. Фон Нейман «Кибернетикалық автоматтың жалпы және логикалық теориясы» кітабын жазды.
1952	Массачусеттік технологиялық институтында сандық бағдарламалық басқарылатын (СББ) станок жасалынды.
1970	Айнымалы күйдегі моделді қолдану ұсынылды. Оптималды басқару теориясы жасалып шыгарылды.
1980	Робастылық жүйелер зерттелінді.

Автоматиканың бірнеше анықтамасы бар. Соның ішінде Ресейдің энциклопедиялық сөздігінде көлтірілген анықтама бойынша автоматика автоматты жұмыс істейтін механизмдер мен құрылғылар мен жүйелер

туралы теориялық және қолданбалы білім аймағы, сонымен қатар автоматты жұмыс істейтін механизмдер мен құрылғылардың жиынтығы болып табылады.

Қазіргі уақытта осы білім облысының қарқынды дамығаны соншалық, автоматикамен байланысты көптеген ғылыми бағыттар пайда болды. Мысалы, «Автоматика және автоматтандырылған өндірістер» (салалар бойынша), «Мехатроника және Роботты техника», «Фарыштық техника», «Оптималды басқару теориясы», «Адаптивті басқару теориясы» және т.б. ғылыми бағыттарды көлтіруге болады.

«Автоматика негіздері» пәннің мақсаты адамның қатысуының белгілі бір жүйеге бағытталған функцияларды орындаудың басқарылатын техникалық жүйелер мен құрылғылардың құрылу принциптерін мәнгерту болып табылады.

Пәннің мазмұнына автоматты басқару жүйесі құрылымының сипаттамасы, энергетикалық және ақпараттық ағындардың циркуляциясы әсерінен болған оның құрастыруышы бөліктерінің өзара әсерлесу зандалықтары, сонымен қатар, автоматика жүйесінің құрама элементтерінің жұмыс істей принциптері мен құрылғыларының сипаттамасы кіреді.

І БӨЛІМ. СЫЗЫҚТЫ АВТОМАТТЫ БАСҚА РУТЕОРИЯСЫНЫҢ НЕГІЗДЕРІ

1-ТАРАУ. АВТОМАТИКАНЫҢ НЕГІЗГІ ТҮСІНІКТЕРІ ЖӘНЕ АВТОМАТТЫ БАСҚАРУ ТЕОРИЯСЫНА КІРІСПЕ

1.1. Автоматиканың негізгі түсініктемелері

Автоматты басқару теориясында баяндалатын бірқатар ұғымдарды енгізейік.

Автоматиканың негізгі нысаны басқару нысаны (БН) болып табылады. Басқару нысаны дегеніміз – койылған мақсатқа жету үшін арналы ұйымдастырылған әсерлер қарамағында болатын техникалық құрылғы, қондырығы немесе үрдіс. Мұндай арналы ұйымдастырылған әсерлерді басқару деп атайды. Басқару үрдісінде өзгермей сакталатын немесе мақсатты турде өзгертилетін БН физикалық шамаларын басқарылатын шамалар деп атайды. Басқару нысанының күйін өзгертертін факторларды әсерлер деп түсінуге болады. Олар көздірушы және басқарушы әсерлерге бөлінеді. Қоздырушы әсерлер (*f*) негізінен кездейсоқ сипатта іе. Мысалы, қоршаған органдың температураға, қысымға, ауа жылдамдығына, электр желісіндегі кернесу тербелісінің БН әсері көздірушы әсерлерге жатады. Автоматты басқару құрылғысы (ары қарай басқарушы құрылғы – БҚ деп аталауды) басқару нысанына басқару зандылығына сәйкес басқарушы әсер (*g*) етеді.

Басқару нысанына кіретін немесе одан шығатын энергияны, материал немесе ақпарат жиынтығын, көздірушы және басқарушы әсерлерді, сонымен қатар, реттелетін көрсеткіштерді шартты түрде сигналдар деп атайды. Бағытына байланысты басқару нысанына әсер ететін сигналдар кіріс (*u*) және шығыс (*y*) сигналдарға бөлінеді. Басқару нысаны үшін көздірушы және басқарушы әсерлер кіріс сигнал болады, ал реттелетін көрсеткіштер тіпті физикалық түрғыдан олар нысаның сыртына шықпаса да (мысалы, сұйық қоймадағы сұйықтықтың деңгейі, электр қозғалтқыш орамдарындағы кернесу

т.б.) әрқашанда шығыс сигналдарға жатады. Жалпы жағдайда сигналдар екіден көп болуы мүмкін, онда олар әдетте, векторлармен белгіленеді, ал жүйе көппараметрлі деп аталауды.

Сұлбада (1.1-сурет) басқару нысанына әртүрлі сигналдардың әсерлері көрсетілген.



1.1-сурет. Басқару объектісі

Автоматты басқарылатын объектілер құрамына конструктивті және сұлбалық элементтер кіреді, олардың әрбіреуі энергиямен ақпаратты беруі бойынша және оларды түрлендіруі бойынша белгілі бір қасиеттерге іе. Бұл элементтердің түрлендіргіш ретіндегі қасиеттері түрлендіру операторларымен (ТО) сипатталады. Басқа жағынан әрбір элемент, «кіріс-шығыс» түрлендіруін жүзеге асыратын жүйе буыны ретінде қарастырылады. Бұл элементтер шартты түрде тікбұрышты белгімен белгіленеді. Берілген сипаттаманы қамтамасыз ететін «себеп-салдар» байланысымен нақты кескіндегі элементтердің бірігуі басқару жүйесінің (БЖ) құрылымдық сұлбасын қалыптастырады. Функционалдық сұлбалар жүйенің жеке элементтерімен орындалатын функцияларын (салыстыру, түрлендіру, күшейту және т.б.) көрсетеді. Функционалдық сұлбаларда бағытталған сызықтар функционалды қураушы элементтердің себеп-салдар байланыстарын көрсетеді. Автоматты басқару жүйесінде (АБЖ) басқару адамның қатысуының арналы техникалық құралдармен орындалады.

Егер басқарушы әсер оператор көмегімен жүзеге асырылса, онда басқару жартылай автоматты болады, ал жүйе осы жағдайда автоматтандырылған деп аталауды.

1.1-мысал.

ҚазҰТУ роботында (1.2-сурет) робот ұстазының қозгалысы микроконтроллермен басқарылады. Осы роботта тұрақты тоқты қозгалтқышы бар әрбір жетек АБЖ мысалы болып табылады.



1.2-сурет. ҚазҰТУ роботы

1.3-суретте АБЖ іріктелген функционалды сұлбасы көрсетілген, ол келесі сипатты функционалды блоктардан тұрады: беруши құрылғы – БҚ; салыстыруши құрылғы – СҚ; түрлендіруші құрылғы – ТҚ; түзетуші құрылғы – ТТҚ; орындаушы құрылғы – ОҚ; өлшегіш жүйе – ӨЖ. Атапган құрылғылардың жиынтығын басқаруышы құрылғы – БСҚ деп атайды.

Осы функционалды блоктардан барлық мүмкін болатын байланыстар арқылы әр түрлі нақты АБЖ құруға болады. Сонымен қатар кейбір блоктар кездеспеуі, ал кейбіреулерінің саны бірнеше болуы мүмкін. 1.3-суретте кейде массив түрінде болатын кейбір кіріс және шығыс сигналдар ушин жсі қолданылатын белгіленулер көтірілген. Бұл жағдайда жүйе көптәрілген. Бұл дегеніміз АБЖ алдыңғы элементтерінің күйін көлесі элементтің күйіне тәуелді еместігін билдіреді. Мысалы, автоколіктің рулі дөңгелектің орналасуын өзгерту арқылы автоколік қозгалысының бағытын өзгерте алады, бірақ қозгалыс кезіндегі дөңгелектің елеусіз өзгерісі рульге әсер етпейді.

Функционалды блоктарға бағыттау сзықпен белгіленген «себеп-салдарлы» байланыстар тән. Алдағы уақытта АБЖ құрастыруышы элементтері бір бағытты қасиетке ие деп санаймыз.

Бұл дегеніміз АБЖ алдыңғы элементтерінің күйін көлесі элементтің күйіне тәуелді еместігін билдіреді. Мысалы, автоколіктің рулі дөңгелектің орналасуын өзгерту арқылы автоколік қозгалысының бағытын өзгерте алады, бірақ қозгалыс кезіндегі дөңгелектің елеусіз өзгерісі рульге әсер етпейді.

АБЖ функционалды блогы автоматиканың техникалық құралдары және автоматика аспаптары арқылы орындалады. Берілген кітаптың келесі болімдердің біразы автоматиканың кейбір техникалық құралдарының тағайындалуы мен конструкцияларын оқуга арналған.


АБЖ функционалдық блоктары ақпараттық және механикалық жүйелермен, сонымен қатар, бағдарламалық құралдар түрінде жүзеге асырылуы мүмкін. АБЖ сипаттамалық ерекшелігі – механикалық және ақпараттық болімдегі өзара байланысқан энергетикалық және ақпараттық ағымдардың бар болуы.

АБЖ анализі және синтезі Автоматты басқару теориясы (АБТ) ғылыминың негізгі міндеті болып табылады.


Басқару теориясында талданылатын нысан ретінде күй өзгерісін қарастырамыз – ол жалпы АБЖ және элементтерінің динамикалық қасиеттері. БН және АБЖ маңызды қасиеті қозгалыстардың орнықтылығы, қоздыруға инварианттылығы және робастылық болып табылады. Осы қасиеттерін түсіну үшін бірнеше мысалдарды қарастырайық.

1.2-мысал.

Дөңес бетінде орналасқан тыныштық күйіндегі шарикті қарастырайық (1.4 а-сурет). Егер шарикті ақырын түртсек, онда оның тыныштық күйі бұзылады және ол бастапқы күйіне орналайды. Осы жағдай нысанның орнықсыздығының (берілген жағдайда шарик) мысалы болып табылады. Керісінше (1.4 б-сурет), егер тұра осы жағдайды ойыс бетте тыныштық күйінде орналасқан шарикпен қайталасақ, онда шарик бастапқы күйіне түскенге дейін орнықты тәпеп-тәңдікте ақырындан тербеледі. Нысанның осындай күйі АБТ өзін-өзі түзету деп аталауды, ал орнықтылық мәнінде орнықтылыққа нағтрайдалды күй делінеді.



1.3-сурет. АБЖ функционалды сұлбасы.



1.4-сурет. Орнықтылыққа мысалдар

Көздүруды алғы тастаган жағдайда нысанның бастапқы күйіне ұмтылатын күй қасиеті – орнықтылық деп аталаады.

Кейбір нысандар орнықты режиміде жұмыс істейді, бірақ кей жағдайда қоздыру әсерлері олардың ретсіз өзгеретін күйлерін тудырады. Мысалға, автоұшқышпен басқарылатын ұшақ дуе шұғырына тап болады дегіл. Сыртқы ортаниң барометрлік қысымның өзгеруінен ұшу режимі өзгереді. Осындай жағдай үшін ұшақтың автоматты басқару жүйесінде осы қоздырудың орнын басуға арналған техникалық құралдар болады. Олардың мақсаты қоздыруға қарсы әсер ету және жалпы нысанның инварианттылығын қамтамасыз ету болып табылады. Нысанның күйін қоздыруши факторлардан тәуелсіздігін қамтамасыз ететін құбылыстың қасиетін инварианттық деп атайды. Әдетте нақты АБЖ қозу кенеттен өзгерген кезде белгісіздік шартында жұмыс істей береді. Мұндай жағдайда АБЖ робастылы болуы тиіс, яғни кенеттен болатын қозуларға тәзімді әрі орнықтылығын жоғалттауы керек.

Енді АБЖ талдау есебін толық түрде тұжырымдауга болады. Дәлірек айтсақ, АБЖ талдау элементтердің сипаттамаларына және солардың арасындағы себеп-салдарына қатысты жүйенің күйінің өзгеріс заңдылықтарын, сонымен қатар күй қасиетінің мөлшерін бағалауды анықтайды. Автоматты басқару теориясының (АБТ) бір құрастыруши бөлігі автоматты реттеу теориясы (АРТ) болып табылады, мұнда автоматты реттеу жүйесін (АРЖ) есептей, жобалау және зерттеу тәсілдері, техникалық үрдістердің автоматты реттеу принциптері қарастырылады.

Көптеген жағдайларда талдау нәтижелері бойынша АБЖ

синтездеу жүргізіледі. АБЖ синтездеу кезінде қажетті күй өзгерісін алу үшін элементтерді және солардың арасындағы себеп салдар байланыстарын таңдау жүргізіледі. Осындай мақсатпен тиімді және интеллектуалды технологиялар қолданылады. Қазіргі таңда өзіндік жоғары деңгейлі ұйымдастын, тиімді және оңай бейімделетін қасиеттерге ие АБЖ құрастырылуда.

1.2. Басқару мен реттеудің негізгі принциптері

Қазіргі кезде «Басқару» ұғымы «Ақпарат» ұғымымен тығыз байланысады. Физикалық үрдістердің көрсеткіштері, әсерлер сигналдары ақпараттан тұрады. Мысалы, радиотехникада электрлік сигналдар көмегімен дыбыстар, ал теледидарда бейне беріледі. Ақпараттан тұратын көрсеткіштерді ақпараттық деп атайды. Ақпарат деп басқа жүйеге (элементке) қатынас түрінде берілген жүйе (элемент) туралы мәліметтер, берілгендер жынтығын айтуға болады. Осылайша, сигнал ретінде электрлік кернеу болса, ақпараттық көрсеткіші ретінде осы сигналдың амплитудасы болады. Басқару кезіндегі ақпараттық ағын келесі мәліметтердің таратушысы болып табылады, онсыз басқару мүмкін емес:

- Басқару мақсаттары;
- Қоршаған органдың козуы;
- Басқару нысанының күйі;
- Нысан сипаттамалары.

Ақпараттың орын аудындағы үрдісі коммуникация деп аталынады. Ақпаратты беруді, орын аудындағы қамтамасыз ететін техникалық құралдар коммуникация жүйесін құрайды.

Басқарудың алдындағы мәселе – қойылған мақсатқа жету үшін БН ағымдағы күйін немесе ішіндегі үрдістерін сәйкес шара қолдана отырып өзгерту болып табылады. БН көптүрлілігіне қарамастан АБЖ құрылымы жалпы белгілі принциптерге негізделеді.

Ақпараттың толықтылығына және сипатына қатысты басқарудың келесі принциптері іске асырылады:

- тұйықталмаған басқару принципі;
- компенсация принципі – қоздырумен басқару;


- көрі байланыс принципі – ауытқу бойынша басқару;
- аралас басқару;
- бейімді басқару.



1.5-сурет. Басқарудың тұйықталмаған жүйесі


Егер $y = \text{const}$ түрінде басқару мақсаты туралы ақпарат алдын ала берілген болса және нысанның сипаттамасы белгілі болып қозу әсерлері жоқ болған жағдайда басқарушы әсер u и оңай анықталылады. Осы жағдайда 1.5-суретте көрсетілген басқарудың тұйықталмаған принципінің сұлбасы қолданылады. Мұнда БСҚ – басқару мақсатына жету үшін арналған техникалық құрылғылардың жиынтығы.

Кейір жағдайларда БН әсер ететін f қоздыруын өлшеуге немесе анықтауга болады. Онда қоздыру әсерін ескере отырып, К компенсаторын енгізіп басқарушы әсерді u_y компенсациялауға болады. Бұл жағдайда, компенсация принципі қолданылады. Сөйтіп тұйықталмаған АБЖ қозудан тәуелді компенсациялайтын әсер u_c берілетін екінші канал пайда болады. Қоздыруды компенсациялау принципіне негізделген жүйе 1.6-суретте көрсетілген.



1.6-сұзба. Қоздыруды компенсациялайтын БЖ сұлбасы

Бірақ көп жағдайларда қоздыру әсері жөніндегі толық мәлімет белгісіз болып келеді. Бұл жерде қоздыруды ескеру үшін, өлшеу жүйесінен (датчиктен) алынатын басқарылатын айнымалының у ауытқуы туралы мәліметтер пайдаланылады. Ол үшін басқару жүйесі көрі байланыс принципімен құрылады (1.7-сурет).




1.7-сурет. Көрі байланысты басқару жүйесі

Мұнда өлшеу жүйесінде (ӨЖ) шығыс у айнымалысының нақты мәнінің ауытқуына қатысты қосымша басқарушы әсер u_u қалыптасады. 1.7-суретте теріс көрі байланысты БЖ (көп қолданыска ие болған) көрсетілген. Мұнда салыстыру құрылғысымен анықталған ауытқу – u_c салыстыруыш құрылғының кірісі болатын сигналдардың айрымымен анықталынады, яғни $u_c = u_y - u_u$. Кей кезде, керінше, оң көрі байланысты БЖ қолданылады, оның ауытқуы мынадай $u_c = u_y + u_u$.

Ауытқу бойынша басқару, яғни көрі байланыс принципі тәжірибеде кең таралған. Ол шығыс шамалардың өзгерістерінің қажетті зандалығын аз ауытқумен және қозу f сигналдарының әсерін өзгеріссіз өлсіздептедеді.

БЖ күйін өзгеріске әкелетін әсерді өлшеуге болатын болса, онда осы мүмкіндік көрі байланысты БЖ дәлдеп реттеу үшін қолданылады, яғни аралас басқару принципі арқылы жузеге асырылады. Аралас басқару принципі өзіне ауытқу және қозу бойынша басқару

принциптерін қосады. Осындай жүйе тұйықталған контурмен қатар козу әсерінің компенсациялатын тізбегінен тұрады (1.8-сурет).




1.8-сурет. Аralас жүйе

Бұл жүйенің басқарылуы салдар емес себеп бойынша орындалады, сондықтан БЖ f қозуына абсолютті инварианттылығына жетуіне мүмкіндік береді.

Соңғы уақытта автоматты басқару теориясының дамуымен байланысты өзін-өзі реттейтін бейімді автоматты басқару жүйесі (АБЖ) пайда болды. Бейімді АБЖ БН қасиеттеріне және сыртқы шарттарының өзгерісіне автоматты түрде бейімделеді ол АБЖ көрсеткіштері мен құрылымын өзгерту жолымен басқарудың қажетті сапасын қамтамасыз ете алады. Осы жүйенің ерекшелігі БН қасиетінің өзгерісі туралы акпараттарды ағымдағы идентификация жолымен алуша болады. Идентификация кезінде неше түрлі акпараттар арқылы және БН бақылау негізінде АБЖ математикалық моделі құрылады және айқындалады. Кейбір жағдайларда басқару нысаны туралы мәліметтер аз болады. Мысалы, басқарылатын ғарыштық зымыранның көрсеткіштері бінктіктің өзгеруімен болатын аэродинамикалық құштің, пішінің, салмағының өзгеруінен кең ауқымда өзгеріске түседі. Соган қарамай бейімді басқару зымыранның ұшына қойылған мақсаттарға жетуін толығымен қамтамасыз етеді.

1.9-суретте бейімді басқарудың ұлғайтылған сұлбасы келтірілген, мұндағы БСК_K және БСК_H сәйкес түрде негізгі және қосымша басқару құрылғылары.



1.9-сурет. Бейімді басқару жүйесі

Қосымша БСК_H құрылғысы БН қасиетінің және f , g сыртқы шарттардың өзгеруінен тәуелді негізгі БСК_H көрсеткіштерінің мәндерін және оның сұлбасын керекті түрде өзгерте алады. Бейімді АБЖ екі басқару контуры бар: негізгі және бейімдеуші (1.9-суретте үздік сзықшалармен шектелген). Сөйтіп бейімдеуші контур басқарудың екінші контурын құрайды. Басқарудың нақты мақсаттарына жету үшін осы екі контурларды басқару үшін келесі бейімді контур құрылуы мүмкін, яғни осы жолмен көпсатылы бейімді АБЖ құрылуы мүмкін.

Бейімді АБЖ тиімді өзара сапалы басқаруы бар және тұрақтандыруши АБЖ бөлінеді. Тұрақтандыруши АБЖ басқару нысанының құбылысын анықталған деңгейде ұстап тұрады. Тиімді сапалы басқаруы бар бейімді АБЖ басқару сапасын анықтайтын көрсеткіштерді анықталған деңгейде немесе берілген диапазонда ұстап тұрады.

1.3. Басқару жүйесін жіктеу

Алдыңғы параграфта, құрылудың үйымдастырылу белгілері бойынша жіктелген АБЖ классификациясы қарастырылған. АБЖ көптеген басқару арқылы классификацияланады. Төменде бірнеше көп таралған белгілер арқылы АБЖ классификациясы көлтірілген. Мысалға, АБЖ беруші әсерінің өзгеріс сипаты бойынша мынандай жүйелерге бөлінеді: бағдарламалық басқару, тұрақтандырушы және қадағалаушы.

БН басқару сигналы g басқарудың барлық уақыт аралығында белгілі уақыттың функциясы (бағдарлама) болған кезде басқару жүйесін бағдарламалық басқару жүйесі деп атайды. Бағдарламалық АБЖ мысалы болып робот ұстағышының позиционды басқару жүйесі, бағдарламалы станоктарды басқару жүйесі және т.б. болып табылады.

Басқарылатын шама $y=const$ болатын басқару жүйесін тұрақтандырушы жүйесі деп атайды. Осы жүйеде басқарылатын шаманың қажетті мәнін тұрақтандыру, қоздыру сигналының әсерін тез төмендешу немесе толығымен жою арқылы жүзеге асырылады. Тұрақтандырушы жүйенің мысалы ретінде кернеуді, жиілікті, жылдамдықты тұрақтаушы жүйелер болуы мүмкін.

Алдын ала беруші әсерлері белгісіз жағдайда оны бақылайтын басқаруышы шамаларды қалыптастыратын жүйені қадағалаушы жүйе деп атайды. Қадағалаушы жүйеде келіссіздік құрылғысы бар, ол шығыс шамалардың нақты және берілген мәндері арасындагы айрымынды анықтайды және басқаруышы шамаларды қалыптастыруға септігін тигізеді. Қадағалаушы жүйесінің мысалы ретінде ұшатын және ғарыштық ашаралтарды бакылау жүйесі, бағдарламалық басқарылатын металл кескіш станоктардың кейбір жетектерінің басқару жүйелерін көлтіруге болады.

Осы көлтірілген үш жүйенің ерекшелігі ол кіріс әсерінің әртүрлі заңдылық өзгерісі кезінде шығыс шамаларын берілген деңгейде ұстап тұратындығы, сондықтан оларды автоматты реттеу жүйесіне жатқызады.

АБЖ элементтерінің кіріс және шығысында ақпаратты тасушылар ретінде сигналдар болады. Егер ақпарат үздіксіз сигналдарман кодталса, онда АБЖ сигнал түрі бойынша үздіксіз болады. Егер


сигнал дискретті түрде өзгерсе, онда жүйе дискретті деп аталаады. Дискретті жүйслер өз алдына релелі, импульсті және сандық болып бөлінеді. Релелі (релелі-контактылы) АБЖ басқаруышы әсер релелі элементтердің қомегімен қалыптасады. Егер ақпарат қандайда бір импульстің корсеткіштерімен (амплитуда, фаза, жиілік) кодталса, онда АБЖ импульсті жүйеге жатады. Сандық басқару жүйелерінде басқару үшін компьютер колданылады, сигналдар сандық кодтарда қорсетіледі.

Шығыс сигналдың жүктемеге тәуелділігінің сипаты бойынша АБЖ статикалық және астатикалық жүйелерге бөлінеді. АБЖ статикалық болса онда орнықты режимінде басқару шамасы жүктемеден тәуелді шығыс қорсеткішінің ауыткуына байланысты болады. Статикалық дәлдік немесе жүйенің тұрақтылығы статизм шамасымен сипатталады. Астатикалық жүйелерде басқаруышы әсер кейбір орнықты мәніне ұмтылғанда шығыс қорсеткіштерінің қажетті мәннен ауыткуы нөлге ұмтылады. Осы жағдайда АБЖ қателіктің беріліс функциясының нөлдік ретіне байланысты астатизмнің 1-ші немесе 2-ші ретімен сипатталынады.

АБЖ оны сипаттайтын дифференциалдық тендеулердің түріне байланысты сызықты және бейсзықты АБЖ деп бөлінеді. Сызықты дифференциалды тендеумен бейнеленетін басқару жүйесі сызықты болып келеді. Сызықты жүйелер үшін суперпозиция әдісін қолдану сипатты, бұл кезде кіріс әсерлердің кез келген комбинациясына жүйе реакциясының әр қайсысы жеке алынған әсер үшін реакция қосындысы ретінде қарастыруға болады.

Көптеген нақты жүйелерді сызықты дифференциалдық тендеулер арқылы бейнелеуге болады, осының аркасында автоматты басқарудың сызықты жүйелер теориясы көнінен дамыды.

Бірақ көптеген АБЖ бейсзықты немесе кем дегенде құрамында бір бейсзықты элементі бар болады. Бұл жүйелер бейсзықты дифференциалдық тендеулермен бейнеленеді. Бейсзықты жүйелерді зерттеудің күніндіғы бейсзықты дифференциалдық тендеулердің жалпы шешімінің жоктығының салдарынан болып түр. Осыған байланысты бейсзықты жүйелерге анықталған мүмкіндіктерде сызықтау тәсілдері колданылады, яғни бейсзықты тендеуді жақын дифференциалдық сызықты тендеулермен алмастыру.



1.10-сурет. АБЖ классификациясы

1.10-суретте АБЖ кейбір маңызды белгілері бойынша классификациялар берілген.

Басқару нысанына басқаруышы әсерді келтіру үшін сол басқарулатын үрдістің өзінің қуатын қолдануға болады. Бұл жағдайда басқару жүйесі БН тікелей әсер етеді, сондыктан АБЖ тікелей әсер етуші деп аталады. Басқа жағдайларда басқаруышы обьектіге әсер ету үшін қосымша қорек көзін пайдаланады немесе БН кашықтықтан басқаруы жүзеге асады, бұл жағдайда АБЖ тікелей емес әсер етуші деп айттылады.

- Бақылау сұрақтары:**
1. Басқару нысанына анықтама беріңіз.
 2. Автоматика негіздері пәнінде не оқып үретіледі?
 3. Әсер етуін қандай түрлері бар?
 4. Басқару нысанына қандай сигналдар әсер етеді?
 5. Қандай құрылғыларды басқаруыш деп атайды?
 6. Автоматты басқару теориясының (АБТ) міндеттері.
 7. Тұрақтылыққа анықтама беріңіз.
 8. Инварианттылыққа анықтама беріңіз.
 9. Автоматты басқару жүйесіне (АБЖ) анықтама беріңіз.
 10. Автоматты басқару жүйесін талдаудың міндеттері.
 11. Автоматты басқару жүйесін синтездеудің міндеттері.
 12. Басқару принциптерінің түрлері.
 13. Қозуы компенсацияланған АБЖ сұлбасын салыңыз.
 14. Кері байланысты басқару жүйесінің сұлбасын салыңыз.
 15. Арапас басқару жүйесінің сұлбасын салыңыз.
 16. Бейімді басқару жүйесінің сұлбасын салыңыз.
 17. Беруші әсер өзгерісінің сипаты бойынша АБЖ қалай жіктеледі?
 18. Бағдарламалық басқару жүйесінің ерекшелігі.
 19. Тұрақтандыруши жүйенің ерекшелігі.
 20. Қадағалаушы жүйенің ерекшелігі.
 21. Статикалық АБЖ дегеніміз не?
 22. Астатикалық АБЖ дегеніміз не?
 23. АБЖ класификациялық сұлбасын салыңыз.

2-ТАРАУ. АВТОМАТТЫ БАСҚАРУДЫҢ СЫЗЫҚТЫ ТЕОРИЯСЫНЫҢ МАТЕМАТИКАЛЫҚ АППАРАТЫ

2.1. АБЖ математикалық моделі

АБЖ күрәмінде табиғаты әртүрлі элементтер кіреді. Осы элементтерді сипаттау үшін әр түрлі саласында өзінің тілі болады. Автоматты басқару теориясында барлық элементтердің өзара әсерлерін талдау және бейнелеу үшін жүйенің барлық элементтеріне жалпы математикалық моделді колдану ыңғайлы. Осылан байланысты келесі келісімдер қабылданған: АБЖ әрбір элемент күрүлғы ретінде, яғни жүйенің буыны ретінде қарастырылады, мұнда кіріс әсердің шығыс реакцияға түрленуі жүреді, яғни «кіріс-шығыс» түрлендіру операторымен (ТО) сипатталынады. Буындар арасындағы өзара әсерлер жүйенің құрылымдық сұлбасымен беріледі. Үзліссіз жүйенің барлық элементтерінің біркелкі бейнесі түрлендіру операторлары түрінде дифференциалдық тендеулер көмегімен орындалуы мүмкін. Кез келген физикалық жүйелердің динамикасын бейнелейтін дифференциалдық тендеулерді негізгі физикалық заңдардың негізінде алады. Бұл тәсілді жалпы механикалық, электрлік, гидравликалық, термодинамикалық жүйелерге қолдануға болады.

MATLAB бағдарламалық өнімінде аналитикалық тәуелділіктеге негізделіп шығарылған бағдарламалар пакеті бар, сол арқылы әртүрлі АБЖ зерттеуге және модельдеуге болады. Кітаптың 1-қосыншиясында Simulink бағдарлама жиынтығының кітапханасын қолдану негіздері көлтірілген. Студенттерге есеп шығару кезінде MATLAB бағдарламалық өнімін параллель қолдану ұсынылады.

Түрлендіру операторын (ТО) алу үшін толассыз және салыстырмалы айнымалыларын енгіземіз. Мынадай физикалық шамаларды толассыз айнымалылар ретінде қабылдаймыз: күш F , момент M , ток күші I , сұйықтың колемдік шығыны Q , жылулық ағын q . Көрсетілген толассыз айнымалыларға сәйкес келесі салыстырмалы айнымалыларды қабылдаймыз: ілгерлемелі жылдамдық v , бұрыштық жылдамдық, кернеу U , қысым p , температуралы T .

Осыдан толассыз айнымалы X және салыстырмалы айнымалылардың Y арасында томенде көлтірілген дифференциалдық тендеумен сипатталынатын тәуелділікті көрсөміз:

$$X = C \frac{dy}{dt}.$$

Мұндағы, C әртүрлі жағдайда физикалық шамаларға сәйкес белгіленетін тұрақты.

Мысалы, механикада динамикалық екінші заңынан шығатын:

$$F = m \frac{dv}{dt}.$$

Мұндағы, m – ілгерлемелі жүрістегі дененің немесе нүктенің массасы.

Ток заңының негізінде

$$I = C \frac{dU}{dt}.$$

Мұндағы, C – электрлік сыйымдылық.

Жалпы жағдайда АБЖ және келген элементтерінің «кіріс-шығысын» бейнелеу үшін тұрақты коэффициент ретінде мына түрдегі сзықты дифференциалдық тендеулер (ДТ) колданылуы мүмкін

$$\alpha_n \frac{d^n y}{dt^n} + \dots + \alpha_1 \frac{dy}{dt} + \alpha_0 y = \beta_n \frac{d^m u}{dt^m} + \dots + \beta_1 \frac{du}{dt} + \beta_0 u. \quad (2.1)$$

Мұндағы, $\alpha_0, \dots, \alpha_n$ және β_0, \dots, β_m – буын корсеткіштері деңгейлік тұрақты шамалар. Көрсеткіш n тендеудің реті деңгейлік тұрақты шамалар. Сызықты дифференциалдық тендеулерде айнымалылар және олардың туындысы бірінші дәрежеде және көбейтіндіз түрінде болады. Егер жүйеге бірнеше кіріс шығыс әсерлер етсе, онда әрбір кіріс пен шығыс әсеріне (2.1) түріндегі дифференциалдық тендеу құрылады.

Дифференциалдық тендеулер теориясынан белгілі (2.1) түріндегі дифференциалдық тендеудің жалпы шешімі екі шешімнің конындысы ретінде болады. Ол біртекті ДТ шешімі (оң боліккіз) және біртекті емес ДТ дербес шешімі (оң болікпен) конындысы. Біртекті n ретті ДТ n шешімі мына сипаттаушы тендеуінің r_i ($i=1, \dots, n$) түбірлері ретінде анықталынады:

$$\alpha_0 r^n + \alpha_1 r^{n-1} + \dots + \alpha_n r + \alpha_{n+1} = 0.$$

Сонда (математикадан белгілі) біртекті дифференциалдық тендеудің жалпы шешімі былай анықталады:

$$y_1(t) = \sum_{i=1}^n C_i e^{r_i t}.$$

Мұндағы, C , бастапқы шартпен анықталатын интегралдау тұрақтысы.

Біртекті емес ДТ дербес шешімі әдетте (2.1) теңдеудің оң бөлігі ретінде табылады және жүйе кірісіндегі $u(t)$ функциясына тәуелді.

Бұдан bylай ДТ қаралайымдату үшін уақыт бойынша дифференциалдаушы оператор деп аталатын операторды енгіземіз:

$$p \equiv d / dt$$

Сонда (2.1) ДТ операторлық түрде bylай жазылады:

$$\alpha_n p^n y + \dots + \alpha_1 p y + \alpha_0 y = \beta_n p^m u + \dots + \beta_1 p u + \beta_0 u$$

Және осы теңдеуді қысқартылған түрде bylай жазамыз:

$$A(p)y(t) = B(p)u(t). \quad (2.2)$$

Мұндағы, $A(p) = \alpha_n p^n + \dots + \alpha_1 p + \alpha_0$, $B(p) = \beta_n p^m + \dots + \beta_1 p + \beta_0$ – операторлық көпмүшелер.

Көрсетілген (2.2) операторлық түрде жазудан басқа математикалық модель құрғанда операторлы беріліс функциясы деген шама қолданылады. (2.2) теңдеуден операторлы беріліс функциясы шығыс шаманың кіріс шамаға қатынасы ретінде анықталады да төмөндегідей түрде өрнектеледі:

$$W(p) = \frac{y(t)}{u(t)} = \frac{B(p)}{A(p)} \quad (2.3)$$

Сонымен, күрделі жүйенің касиетін біліп және оны басқару үшін тұрақты коэффицентті дифференциалды теңдеу түріндегі математикалық модельді құру қажет. Жүйені талдау және синтездеу әдетте келесідей тәртіппен жүргізіледі:

1. Жүйені және оның компоненттерін анықтау.
2. Математикалық модельнің құру және қажетті жорамалдарды көлтіру.
3. Таңдалған модельге дифференциалдық теңдеуді құрастыру.
4. Теңдеуді шешу.
5. Жорамалдарды және шешімдерді қайта талдау.
6. Қажет болса қайтадан талдау және синтездеу.

Сызықты жүйелерге математикалық модельдерді құрастыру мысалдары

2.1-мисал.

Қаратаіым динамикалық жүйелерді құрастырайық. Жогарыда айтылғандай, математикалық модель құру үшін физиканың негізін қалаудың заңдары қолданылады.

Айталақ ілгерлемелі қозғалыстағы денениң математикалық модельнің құру керек болсын. Сонда денеге масса үетріне F күші әсер етеді. Денениң массасы m және дене аудеумен F күш әсерінен қозғалады.



2.1-сурет. Илгерілемелі қозғалыстағы денениң модель

Ньютоның екінші заңына сәйкес ілгерлемелі қозғалыстағы денениң математикалық модель күш және аудеумен үзілісінде көрсетілген F күшінен m осінің проекциясында келесідей дифференциалдық теңдеумен өрнектеледі:


$$F = ma = m \frac{d^2 z}{dt^2}$$

Бұл теңдеуді бірінші ретті дифференциалдық теңдеулер жүйесінде bylай жазуға болады:

$$\frac{dz}{dt} = v,$$

$$\frac{dv}{dt} = \frac{F}{m}$$

Айталақ, дене қозғалмайтын ось бойымен айналмалы қозғалыс жасасын делік. Денеге z айналу осіне қатысты M_z болатын момента бар қос күш әсер етеді. Денениң z осіне қатысты инерция моменті M_z -ка тең делік. моменті J_z әсерінен дене z осінде қатысты ω бұрыштық жылдамдықпен айналады.



2.2-сурет. Айналмайтын ось бойымен дененің айналуы

Көзгалис мөлшері моментінің өзгеруі теоремасына сәйкес дененің динамикалық моделі төмендегі дифференциалдық теңдеудің түрінде құрылуы мүмкін:

$$M_z = J_z \varepsilon = \frac{d(J_z \omega)}{dt}$$

Егер айналу кезіндегі дененің орналасуы бұрылу бұрышымен анықталса, оның туындысы бұрыштық жыдамдық ω болады. Оnda жоғарыда көтірілгендей бұл теңдеуді де мынадай бірінші ретті дифференциалдық теңдеулер жүйесімен алмастыруға болады:

$$\frac{d\phi}{dt} = \omega,$$

$$\frac{d\omega}{dt} = \frac{M_z}{J_z}$$

Көтірілген математикалық модельдер уақыт бойынша үзілісіз сзықты модельдер болады, себебі олар бірінші ретті дифференциалдық теңдеулермен сипатталады. Мұндай модельдер уақыт аймагында жүйені зерттеуге, яғни уақытқа тәуелді кіріс сигналға жүйенің реакциясын анықтауга мүмкіндік береді. Егер көтірілген мысалдарға басқару теориясының аппаратын қолдансақ, онда денелерді буын ретінде қарастырамыз. Әр буынға кіріс шама (басқарушы) и әсер етеді, ал буынның реакциясы шығыс

шамамен у бағаланады. Бұл тұжырымда бірінші мысал ушін кіріс сигналы ретінде күш F алынсын, ал екінші мысал ушін – момент M . F , M кіріс әсерлерге сәйкес (2.3-суретте) шығыс шамалар аудеуі және е бұрыштық удеу өзгереді.




2.3-сурет. Әсерлесу сұлбасы

2.2-мысал

Қарапайым резисттрі сыйымдылықты (RC) тізбекті қарастырайық. Конденсаторға кернеудің тауелділігін көрсететін динамикалық модельді құрастыру қажет делік. U_i арқылы кернеудің белгілесек, U_0 арқылы конденсатордың кернеудің белгілейік. Тізбектегі кернеу ушін Кирхгофтың екінші ережесі бойынша мынаны аламыз:

$$U_i - R \cdot I - U_0 = 0.$$

Мұндағы, R , I – тізбектегі активті кедереі және ток.



2.4-сурет. Резисторлы сыйымдылықты (RC) тізбек

Конденсатор уақытқа байланысты өзіне электр зарядын жиіндейтины белгілі. С сыйымдылықты конденсатор арқылы отетін ток I уақыт бойынша кернеудің туындысына пропорционал, яғни:

$$I = C \cdot \frac{dU_0}{dt}$$

Осы екі теңдеуден токты алып тастап RC тізбегінің динамикалық моделін мына түрде алуға болады:

$$\frac{dU_0}{dt} = -\frac{U_0}{T} + \frac{U_i}{T}, \quad (2.3)$$

мұндағы, $T=RC$ – уақыт бойынша тұрақты деп аталады.

Қосымша дифференциалдық теңдеу тоқ анықтамасы бойынша шығады:

$$I = \frac{dq}{dt}, \quad (2.4)$$

мұндағы, dq/dt – уақыты бойынша өткізгіштің көлденең қимасынан отетін заряд.

(2.4) теңдеуіне I токтың орнына Кирхгофтың екінші ережесінің теңдігіндегі өрнегін қою арқылы мынаны аламыз:

$$\frac{dq}{dt} = -\frac{U_0}{R} + \frac{U_i}{R} \quad (2.5)$$

(2.3) және (2.5) теңдіктері ары қарай қолдану үшін ыңғайлыш түрде жазылған.

(2.3) дифференциалдық теңдеудің келесідей шешімі бар:

$$U_0(t) = U_i(1 - e^{-t/T})$$

Осы қатынас T осуіне байланысты үрдіс реакциясы баяулай түсстінін көрсетеді. Айта кету керек, RC тізбегі төменгі жиілікті сүзгі ретінде қолданылады, ойткени осы тізбек төмен жиіліктерді откізеді, бірақ жогары жиілікті оширеді.

2.2. Бейсизықты динамикалық моделдері

АБЖ сзықты динамикалық модельдері айнымалылардың өзгерісі кіші аймақтарда, яғни қатал анықталған жағдайлардаға ғана әдепті болып келеді. Сондықтан сзықты математикалық модельдер көмегімен нақты кез келген нысандардың басқарылу заңын құруға жалпы болмайды. Сзықты модельдерді құру кезінде тек жүйені сзықты тендеулермен сипаттауға мүмкіндік беретін айнымалылардың ғана әсері ескеріледі (2.1).

Осыған байланысты тек қана бейсизықты математикалық модельдер көмегімен ғана АБЖ талдау және синтездеудің нақты шешімін және басқарудың тиімді заңын алуға болады. Ол үшін

бейсизықты басқару теориясының тәсілдері қолданылады. Кейбір жағдайларда осы тәсілдер бастапқы шарттардың көң диапазонындағы әртүрлі әсерлер болғанда жүйенің күй өзгерісі туралы сапалы анықтамаларды алуға мүмкіндік береді. Жалпы жағдайда бейсизықты жүйелердің талдау мүмкіндіктері шектеулі, себебі математикада бейсизықты дифференциалдық тендеулер үшін жалпы аналитикалық шешімдер жоқ (дербес жағдайларды ескермегендеге).

Көптеген нақты АБЖ физикалық үрдістердің күрделілігі салдарынан, сонымен қатар, құрастыруши механикалық, электрондық, электромеханикалық компоненттерінің конструктивті ерекшеліктері салдарынан бейсизықты дифференциалдық тендеулерімен сипатталады.

АБЖ динамикалық моделінің бейсизықтылығы келесі себептен болады:

- Орын ауысу функциясының бейсизықты болуынан.


2.5-суретте электрқозғалтқыш және беріліс механизмімен құрастырылған электржетек келтірілген. Суретте көрсетілген электрқозғалтқышты сипаттайтын электроқозғалтқыш роторының инерция моменті J_A , J_r – беріліс мезанизмнің шығыс буынына келтірілген (келтіру әдісі қолданбалы механикада берілген) орындаушы механизмнің қозғалмалы буындарының және беріліс механизмінің өзінің буындарының инерция моменттері арқылы анықталған инерция моменті. m_M , $m_L(q, \dot{q})$ арқылы беріліс механизмнің шығыс буынына келтірілген сәйкес түрде қозғалтушы және жуктеме моменттері белгіленген. Беріліс механизмнің шығыс буынының орны жалпыланған қоординатасы мен сипатталады. Сонымен беріліс механизмнің шығыс буынының бұрыштық жылдамдығы мынаған тен $\omega = \dot{q}$, электрқозғалтқыш роторының бұрыштық жылдамдығы $\omega_A = \omega_M$ тен. Бұл өрнектегі i – беріліс механизмнің беріліс қатынасы деп аталатын шама. Жетектің динамикалық үлгісін алу үшін қолданбалы механикадан белгілі келтіру әдісін пайдаланайық. Алдынан беріліс механизмнің барлық инерциялық параметрлерін беріліс механизмнің шығыс білігіне келтірейік.

Ол үшін келтіру әдісін белгілі мына шартты қолданайық: жетектің келтірілген инерция моментінің J_r кинетикалық энергиясы барлық буындардың кинетикалық энергиясының қосындысына тен. Сондықтан

$$\frac{J_R(q)\omega^2}{2} = \frac{J_A\omega_A^2}{2} + \frac{J_r(q)\omega^2}{2}$$

Осы тәуелділіктен жетектің көлтірілген инерция моментінен мына өрнекті аламыз, яғни

$$J_R(q) = J_A u^2 + J_r.$$



2.5-сурет. Электрқозғалтқыш үлгісі

Тұтас жүйенің кинетикалық энергиясы былай өрнектеледі:

$$T = \frac{1}{2} J_R(q) \dot{q}^2.$$

Жетектің динамикалық теңдеуі Лагранж түрінде былай болады:

$$J_R(q) \ddot{q} + \frac{1}{2} J'(q) \dot{q}^2 = m_M + m_L(q, \dot{q}).$$

Бұл дифференциалдық теңдеу бейсызықты болғандықтан біз қарастырып отырған жетектің бейсызықты жүйеге жататынына көзіміз жетті.

- Үйкеліс күшін ескергенде және дайындаудағы дәлдіктің асерінен болшектердің қосылыстарындағы саңылаулар болуынан.

Айталық, саңылаусыз идеалды механизмнің орын ауыстыру функциясы сыйықты болсын. Ал расында, қосылыстарда саңылаулар болғандықтан механизмнің орын ауыстыру функциясы өзгеріп бейсызықты болып кетеді.

Біржылжымалы идеалды және шын механизмнің орын ауыстыру функциясы сәйкесінше былай өрнектеледі дөлік, $\Psi_T = \Psi_1(q)$ $\Psi_R = \Psi_R(q + \Delta q)$. Бұнда Δq – саңылау салдарынан болатын қателікті көрсететін жалпыланған координатаның өсімшесі. Тәжірибеде бұл қателіктер басқа да себептерден болуы мүмкін. Екінші өрнек


шын механизмнің орын ауыстыру функциясы бейсызықты болатындығын көрсетеді. Яғни шын механизмнің динамикалық үлгісін бейсызықты деп айтуда болады.

Күрғак үйкелісте сырғанаған кезіндегі үйкеліс күші мына формула арқылы анықталатыны белгілі:

$$F_T = fN,$$

мұндағы, f – үйкеліс коэффициенті; N – қалыптты қысым күші.

2.6-суретте көрсетілгендей, үйкеліс күші қозғалысқа ү қарама карсы бағытталады.



2.6-сурет. Үйкеліс күшімен салыстырмалы жылдамдық арасындағы тәуелділік

2.6-суретте бейнеленгендей, салыстырмалы жылдамдық бағыты өзгергенде үйкеліс күшінің функциясы үзіледі. Сондықтан үйкеліс күштен тәуелді болатын жалпыланған күштің құрастырушысы бейсызықты функция бойынша өзгереді. Осы жағдай динамикалық үлгінің бейсызықтығына әкеліп тірдейді. Ескеріп кеткен жөн: бұл катаң бейсызықтық жағдайда функция үзілген нүктесінде бейсызықты теңдеуді сыйықтауға болмайды.


- Механизм буындарының серпімді сипаттамаларының бейсызықты болуынан.

2.7-суретте екі тістерінің саны z_1, z_2 тен, тісті донғалақтан тұратын тісті беріліс берілген. Егер донғалақтарды абсолют катаң деңеслер деп болжасақ онда жетектегі донғалақтың айналғандағы бұрышы Φ_2 жетекші донғалақтың айналуымен Φ_1 толық анықталады, яғни

$\phi_2 = \frac{\phi}{u_{12}} = \frac{z_1}{z_2} \phi_1$,
мұндағы, u_{12} – тісті берілістің беріліс қатынасы.

Енді тісті донғалақта серпімділік қасиет бар деп болжайық. Жетектегі донғалақты қатаң бекітейік те жетекші донғалақты моменттен түсіріп бұрайық. Онда бірінші донғалақ өзінің иілгіштік қасиетінің арқасына кейбір θ бұрышына бұрылады.

Егер серпімділік сзықты болса, онда θ моментке M пропорционал болады. Ал олардың мына қатынасы $c = M/\theta$ қатандық коэффициенті деп аталады. Кей жағдайда олардың арасындағы тәуелділік бейсызықты болуы мүмкін, мысалы, мына түрде $M = c_1 \cos \theta$. Осындаі бейсызықты тәуелділік келешекте II текті Лагранж теңдеуін құрғанда динамикалық үлгінің бейсызықты болуына келіп тіреиді.




2.7-сурет. Тісті беріліс

- Диссипативті күштердің бейсызықтылығы

«Диссипативті» (*to dissipate*) деген аталым механикалық энергияның шашырауына әкелетін кедергі күштің бар екенин білдіреді. Кедергі күштің жалпыданған жылдамдықпен бейсызықты тәуелділікте болғандағы жағдайын қарастырайық. Егер, мысалы, тісті донғалақ сұйық ортада орналасқан болса, онда айналғандағы кедергі моменті айналу жылдамдығына байланысты болады. Жоғары жылдамдықтарда бұл тәуелділік мына бейсызықты тендеумен бейнеленеді:

$$M = b\dot{q}^2$$


Осы жағдайда жүйенің дифференциалдық теңдеуін құрғанда бейсызықты динамикалық үлгі пайда болады. 2.8-суретте дисипативті элементі бар жүйенің мысалы келтірілген. Келтірілген діріл тоқтатқышта J_1, J_2 – инерция моменттеріне ие екі дене, серпінді (c – қаттылық коэффициентті) және дисипативті (b – дисипация коэффициенті) элементтері арқылы бір-бірімен байланыста тұр. Осы жүйенің динамикалық үлгісі әрине бейсызықты болады.



2.8-сурет. Діріл тоқтатқыш

- Электрондық компоненттердің бейсызықты болу салдарынан


Электрондық күштейткіштердің алсақ олардың бір шектелген аймақта шығыс у және кіріс и шамаларының арасында сзықты тәуелділік бар. Шынында кіріс есер шексіз өзгергенде бір канықтыру аймақ болады сол аймақтың ішінде шығыс шама y_{max}, y_{min} мәндерінен аспай (2.9-сурет) сұлбада көрсетілгендей өзгереді.



2.9-сурет. Күштейткіштің статикалық сипаттамасы

Ақпаратты-өлшегіш жүйелерде колданылатын датчиктердің көбінде осыған ұқсас сезімталсыздық аймағы бар. Ол аймақтың ішінде (2.10-сурет) кіріс сигнал Δ -дан Δ -ға дейін өзгергенде шығыс сигнал мулде жойылады. Сонымен қатар, датчиктердің мысалы,


патенциометрлер, күшайткіштер секілді y_{min} -нан y_{max} -ға дейінгі ара-лықтағы шектелген сзықты аймағы бар (2.10-сурет).



2.10-сурет. Потенциометрдің статикалық сипаттамасы

АБЖ құрылымына кей кезде ауыстырып-қосу қызметін атқаратын релелік элементтер енеді. Функционалды жағынан бұл элементтер кіріс сигналдың бірнеше шектік мәніне өту кезінде шығыс сигналдарын өзгертеді.

Релелік элемент үшін кіріс-шығыс байланысының сипаттамасы 2.11-суретте көлтірілген. Мұнда u_i – ауыстырып қосқыш жұмыс істеуі кезінде кіріс сигналдың шектік мәні.



2.11-сурет. Релсінің статикалық сипаттамасы

- Электромеханикалық бөлшектер енсе

Мысалы, АБЖ құрылымына электромеханикалық бөлшек ретінде қоздыру орамы тізбектеліп қосылған электроказғалтқыш кірсе онда осының салдарынан АБЖ бейсызықты болады. Өйткені бұндағы электроказғалтқыштарда ротор білігіндегі момент кіріс токтың квадратына тәуелді. Сонымен қатар айнымалы тоқты электроказғалтқыштар да елеулі бейсызықтыққа ие болады.

2.3. АБЖ нысандарының тендеулерін сзықтандыру

Егер бейсызықты тендеу графигі тегі болса, яғни секіріссіз және кейбір (номиналды) мәндерден елеулі ауытқусыз, онда бейсызықты тендеуді белгіленген қателікпен сзықты тендеуге алмастыруға болады. Мұндай жағдайда егер бейсызықты тендеулерді сзықты тендеулерге алмастырсақ басқаша айтқанда сзықтандыратын болсақ АБЖ сзықты және бейсызықты математикалық сипаттамаларының артықшылықтарын қатар қолдануға мүмкіндік пайда болады. Сызықтандыру тәсілі, жүйе қозбаган күйінің терең-тендігін анықтайтын мәндерден шамалы ауытқуларын да сипаттауға негизделген.

Айталық, кіріс u және шығыс y шамалары төменде берілген тендеумен байланысқан болсын:

$$\frac{dy}{dt} = F(u, y, t) \quad (2.6)$$

Мұндағы, $F(u, y, t)$ – жоғарыда айтқан қасиеттері бар бейсызықты функция.

Жүйенің қозбаган (номиналды) күй өзгерісі кіріс u_0 және шығыс y_0 көрсеткіштері арқылы анықталады. Кіріс және шығыс шамаларының осы мәндерден ауытқуын сәйкесінше u , және y , деп белгілейміз. Онда уақыттың t кез келген мезетінде кіріс және шығыс шамалар мынаған тен:

$$u = u_0 + u_t \quad y = y_0 + y_t$$

Енді шығыс шаманың туындысы:

$$\frac{dy}{dt} = \frac{dy_0}{dt} + \frac{dy_t}{dt} \quad (2.7)$$

(2.6) тендігіндегі бейсызықты $F(u, y, t)$ функцияны u_0 және y_0 мәндер аймаганда Тейлор қатарына жіктел келесі өрнекті аламыз:

$$F(u, y, t) = F(u_0, y_0, t) + \frac{\partial F}{\partial u} \Big|_{\substack{u=u_0 \\ y=y_0}} u_t + \frac{\partial F}{\partial y} \Big|_{\substack{u=u_0 \\ y=y_0}} y_t + F_t(u, y, t). \quad (2.8)$$

Мұндағы, $F_t(u, y, t)$ – параметрлердің аз ауытқуы кезінде еле-
меуге болатын Тейлор катарындағы басқа мүшелердің қосындысы.

(2.6) тендігіне (2.7) тендігін ескеріп, (2.8) тендігіндегі бейсизықты
функцияны $F(u, y, t)$ қою арқылы келесі өрнекті аламыз:

$$\frac{dy_0}{dt} + \frac{dy_t}{dt} + a(t)y_t = F(u_0, y_0, t) + b(t)u_t, \quad (2.9)$$

$$\text{Мұндағы, } b(t) = \frac{\partial F}{\partial u} \Big|_{\substack{u=u_0 \\ t=t_0}}, \quad a(t) = -\frac{\partial F}{\partial y} \Big|_{\substack{u=u_0 \\ y=y_0}}.$$

Тепе-тендік күйде, яғни $u_t=0$ және $y_t=0$ болған кезде, (2.9) тен-
деуі келесі түрге ие болады:

$$\frac{dy_0}{dt} = F(u_0, y_0, t) \quad (2.10)$$

Енді (2.10) тендеуін (2.9) тендеуінен алып тастап ізделінген си-
зықты дифференциалдық тендеуді мына түрде аламыз:

$$\frac{dy_t}{dt} + a(t)y_t = b(t)u_t \quad (2.11)$$

Сонымен, (2.6) бейсизықты тендеуіне сзықтандыру орындалды.

2.3-мисал.

Айталақ, түрлену операторының математикалық бейнесі екін-
ші ретті бейсизықты тендеуге ие болсын

$$6\ddot{y} + 17\dot{y} + 5xy^3 = 8yx^2 \quad (2.12)$$

Осы тендеуді номиналды режим $x_0=6$ аймагында сзықтандыру
қажет.

$\ddot{y} = \dot{y} = 0$ деп шарт қабылдан, (2.12) тендігінен жүйенің қоз-
баган күйіне сәйкес у мәнін аламыз:

$$y_0 = 1.26\sqrt{x_0} = 3.1$$

Сзықтандыру үшін бейсизықты (2.12) тендігін мына түрде
жазамыз:

$$F(\ddot{y}, \dot{y}, y, x) = 6\ddot{y} + 17\dot{y} + 5xy^3 - 8yx^2 = 0 \quad (2.13)$$

Бейсизықты (2.13) тендеуін x_0, y_0 мәндер маңайында барлық
айнымалылар бойынша Тейлор қатарына жіктейміз. Сонда екінші
ретті қосылғыштарды және жоғарғы ретті аздарды ескермей,
төмендегі өрнекті аламыз:

$$F(\ddot{y}, \dot{y}, y, x) = F_0 + \frac{\partial F}{\partial \ddot{y}} \Big|_0 \Delta \ddot{y} + \frac{\partial F}{\partial \dot{y}} \Big|_0 \Delta \dot{y} + \frac{\partial F}{\partial y} \Big|_0 \Delta y + \frac{\partial F}{\partial x} \Big|_0 \Delta x. \quad (2.14)$$

x_0, y_0 мәндерінің маңайында өрнектің оң жағындағы әр қосыл-
ғыштардың мәндерін анықтайық:

$$F_0 = 5x_0 y_0^3 - 8y_0 x_0^2 = 0$$

$$F_0 + \frac{\partial F}{\partial \ddot{y}} \Big|_0 = 6; \quad \frac{\partial F}{\partial \dot{y}} \Big|_0 = 17y_0 = 52,7;$$

$$\frac{\partial F}{\partial y} \Big|_0 = 17\dot{y}_0 + 15y_0^2 x_0 + 8x_0^2 = 577;$$

$$\frac{\partial F}{\partial x} \Big|_0 = 5y_0^3 - 16y_0 x_0 = 148,6.$$

Енді (2.14) тендігін және алынған мәндерді ескере отырып
номиналды режимнен ауытқулар арқылы (2.13) тендігін мына си-
зықты тендеу түрінде жазамыз:

$$6\ddot{y} + 52,7\dot{y} + 577y = 148,6x. \quad (2.15)$$

Сызықты (2.15) өрнегі (2.12) бейсизықты тендеуімен бейне-
ленген нысанның сзықтандыру арқылы алынған тендеуі болып
келеді.

2.4. Лаплас түрлендіруі, беріліс функциясы

АБЖ талдау және синтездеу үшін автоматикада дифференциал-
дық тендеулерді қолданумен қатар кешенді айнымалы функциялар-
ды және Лаплас түрлендіруін қолданады. Лаплас түрлендіруі күрделі
дифференциалдық тендеулерді алгебралық тендеулерге алмастыру
жолымен АБЖ есептерін шешуге мүмкіндік береді. Сонымен
қатар, интегралдау тұрақтысын анықтау қажеттілігі жоғалады және
кез келген біртекті емес дифференциалдық тендеулердің жалпы
шешімін тез анықтауға мүмкіндік пайда болады (2.1).

Лаплас түрлендіруінің кейбір маңызды түрлері.

$f(t)$	$F(s)$
Қадамдық функция, $u(t)$	$\frac{1}{s}$
e^{-at}	$\frac{1}{s+a}$
$\sin(\omega t)$	$\frac{\omega}{s^2 + \omega^2}$
$\cos(\omega t)$	$\frac{s}{s^2 + \omega^2}$
t^n	$\frac{n!}{s^{n+1}}$
$(k)(t) = \frac{d^k f(t)}{dt^k}$	$s^k F(s) - s^{k-1} f(0^-) - s^{k-2} f'(0^-) - \dots - f^{(k-1)}(0^-)$
$\int_{\infty}^t f(t) dt$	$\frac{F(s)}{s} + \frac{1}{s} \int_{\infty}^0 f(t) dt$
Импульстік функция, $\delta(t)$	1
$e^{-at} \sin(\omega t)$	$\frac{\omega}{(s^2 + a^2) + \omega^2}$
$e^{-at} \cos(\omega t)$	$\frac{(s+a)}{(s^2 + a^2) + \omega^2}$

Дирихле шарты орындалған жағдайда, яғни $f(t)$ функциясы $t < 0$ кезінде нөлге тең болатын үздіксіз және дифференциалдаушы функция болған кезде, $f(t)$ функцияның Лаплас түрлендіруі болатыны туралы Жоғары математика курсынан белгілі.

$f(t)$ функциясы түпнұсқа деп аталынады. Лаплас түрлендіруі келесі өрнекпен орындалады:

$$F(s) = \int_0^{\infty} f(t)e^{-st} dt = L[f(t)].$$

Мұндағы, $F(s) = f(t)$ функцияның бейнесі, $s = \alpha \pm j\omega$ – кешенді айнымалы (Лаплас операторы).

Кері Лаплас түрлендіруі келесі түрге ие:

$$f(t) = \frac{1}{2\pi} \int_{\sigma-j\infty}^{\sigma+j\infty} F(s)e^{st} ds$$

Бұл түрлендіру белгілі бейне бойынша түпнұсқаны анықтауға мүмкіндік береді.

Тәжірибеде, әдетте, тұра және кері Лаплас түрлендіруін орындау үшін 2.1-кестеде келтірілген нәтижелер колданылады.

Бұл жағдайда АБЖ түрлендіру операторы кешенді беріліс функциясы түрінде анықталады. Кешенді беріліс функциясы нөлдік бастапқы шартында Лаплас бойынша функциялар бейнелерінің қатынасы, яғни шығыс $Y(s)$ және кіріс $U(s)$ бейнелердің қатынасы ретінде анықталады:


$$W(s) = \frac{Y(s)}{U(s)} = \frac{\beta_m s^m + \dots + \beta s + \beta_o}{\alpha_n s^n + \dots + \alpha s + \alpha_o} = \frac{B(s)}{A(s)} \quad (2.16)$$

Мұндағы (2.16) $B(s) = \beta_m s^m + \dots + \beta s + \beta_o$, $A(s) = \alpha_n s^n + \dots + \alpha s + \alpha_o$ кешенді көпмүшелік. Оны (2.2) өрнектегі $B(p)$ және $A(p)$ операторлық көпмүшеліктерде p операторды s операторымен алмастыру арқылы анықтауға болады. 2.16 теңдеу бөліміндегі сипаттама теңдеуінің түбірі полюстер деп аталынады. Сызықты жүйенің полюстері толығымен оның орнықтылығын анықтайды. Егер полюстердің накты болігі теріс болса, онда жүйе орнықты болады. (2.16) теңдеудің алымындағы сипаттама теңдеуінің түбірлерін нөлдер деп атайды. Нөлдер экспоненциалды функцияның коэффициенттер мәнін анықтайды, бірақ орнықтылыққа эсер етпейді.

$\frac{1}{\omega} \left[(\alpha - a)^2 + \omega^2 \right]^{\frac{1}{2}} e^{-at} \sin(\omega t + \phi),$	$\frac{s + \alpha}{(s + a)^2 + \omega^2}$
$\varphi = \arctg \frac{\omega}{\alpha - a}$	
$\frac{\omega_n}{\sqrt{1 - \xi^2}} e^{-\xi\omega_n t} \sin(\omega_n \sqrt{1 - \xi^2} t), \xi < 1$	$\frac{\omega_n^2}{s^2 + 2\xi\omega_n s + \omega_n^2}$
$\frac{1}{a^2 + \omega^2} + \frac{1}{\omega\sqrt{a^2 + \omega^2}} e^{-at} \sin(\omega t - \phi)$	$\frac{1}{s[(s + a)^2 + \omega^2]}$
$\varphi = \arctg \frac{-\omega}{a}$	
$1 - \frac{1}{\sqrt{1 - \xi^2}} e^{-\xi\omega_n t} \sin(\omega_n \sqrt{1 - \xi^2} t + \phi)$	$\frac{\omega_n^2}{s(s^2 + 2\xi\omega_n s + \omega_n^2)}$
$\varphi = \arctg \xi, \xi < 1$	
$\frac{\alpha}{a^2 + \omega^2} + \frac{1}{\omega} \left[\frac{(\alpha - a)^2 + \omega^2}{a^2 + \omega^2} \right]^{\frac{1}{2}} e^{-at} \sin(\omega t + \phi),$	$\frac{(s + \alpha)}{s[(s + a)^2 + \omega^2]}$
$\varphi = \arctg \frac{\omega}{\alpha - a} - \arctg \frac{-\omega}{a}$	

2.4-мысал.

Лаплас түрленуінің қолданылуын көрүүшін мысал қарастырайық. 2.12-суретте вибро жүйенің моделі көрсетілген. M массалы дене диссипативті коэффициенті b бар демпферден және с қаттылығы бар серіппеден тұратын виброкорғаушы құрылғысында орналасқан.



2.12-сурет. Есептелінетін модель

Жүйеге кіріс әсер ретінде аудиспалы күш $F(t)$, ал шығыс айнымалы ретінде t массалы дененің тепе-тендік күйінен орын аудисуы $y(t)$ болып табылады.

Жүйе қозғалысының дифференциалды тендеуі мына түрге ие:

$$m \frac{d^2 y}{dt^2} + b \frac{dy}{dt} + cy = F(t)$$

Айталық, уақыттың бастапқы мезгілінде $y(0)=0$, $\frac{dy(0)}{dt}=0$ болын.

$y(t)$ және $F(t)$ функцияларына Лаплас түрлендіруін қолданып мынандай аламыз:

$$m \left[s^2 y(s) - sy(0) - \frac{dy(0)}{dt} \right] + b[sy(s) - y(0)] + cy(s) = F(s).$$

Бастапқы шарттарды ескеріп мына теңдікке ие боламыз:

$$ms^2 y(s) + bsy(s) + cy(s) = F(s)$$

Осыдан тенденктен жүйенің кешендік беріліс функциясы мына түрде шығады:

$$W(s) = \frac{y(s)}{F(s)} = \frac{1}{ms^2 + bs + c}.$$

2.5. Күй айнымалылары арқылы жүйені сипаттагу

Жоғарыда көрсеткендегі АБЖ буындарының құрастырушыларының табигаты әртүрлі болса да (2.1)-ге ұқсас дифференциалды тендеулермен сипатталынуы мүмкін. Осы әдістерді әдетте жүйенің сыртқы сипаттамаларына жатқызды. Керісінше, ішкі сипаттама күй айнымалылары арқылы беріледі, олар көбінесе бірнеше кіріс және шығысы бар жүйелер үшін қолдануга ынгайлышты. Айталық жүйе күйінің айнымалысы $\bar{x}(t)$ ретінде бірінші ретті туындысы АБЖ математикалық моделіне кіретін айнымалылар жиынын алайық.

Басқаша айтқанда, күй айнымалысы ретінде кіріс әсермен $\bar{u}(t)$ қатар шығыс айнымалысы $\bar{y}(t)$ және жүйенің болашақ күйін анықтауда мүмкіндік беретін айнымалылар жиынтығын айтуға болады. Күй айнымалысы арқылы белгіленген жүйенің математикалық моделі компьютерлік талдауға ынгайлышты болып келеді.

Айталық, сзықты жүйе n – күй айнымалысынан құралған $\bar{x}(t) = (x_1, x_2, \dots, x_n)^T$ күй векторымен сипатталысын. Жүйенің кірісіне кіріс басқарушы сигналдар $\bar{u}(t) = (u_1, u_2, \dots, u_r)^T$ түседі. Онда жүйе төменде берілген векторлық түрдегі келесі күй тендеуімен сипатталады:

$$\frac{d\bar{x}}{dt} = \bar{a} \cdot \bar{x} + \bar{b} \cdot \bar{u} \quad (2.17)$$

мұндағы, \bar{a} және \bar{b} – тұрақты коэффициенттерден құрылған матрицалар, олар мына түрде болады:

$$\bar{a} = \begin{pmatrix} a_{11} & \dots & a_{1n} \\ \vdots & \ddots & \vdots \\ a_{n1} & \dots & a_{nn} \end{pmatrix}, \quad \bar{b} = \begin{pmatrix} b_{11} & \dots & b_{1r} \\ \vdots & \ddots & \vdots \\ b_{n1} & \dots & b_{nr} \end{pmatrix}$$

(2.17) тендеуінен басқа қарастылған жүйе үшін келесі матрицалық тендеуінен келесі жазуға болады:

$$\bar{y} = \bar{c} \cdot \bar{x} + \bar{d} \cdot \bar{u}. \quad (2.18)$$

Мұндағы $\bar{y} = (y_1, \dots, y_p)^T$ – шығыс шамалар векторы. Тұрақты шама матрицалары мына түрде болады:

$$\bar{c} = \begin{pmatrix} c_{11} & \dots & c_{1n} \\ \vdots & \ddots & \vdots \\ c_{p1} & \dots & c_{pn} \end{pmatrix}, \quad \bar{d} = \begin{pmatrix} d_{11} & \dots & d_{1r} \\ \vdots & \ddots & \vdots \\ d_{p1} & \dots & d_{pr} \end{pmatrix}$$

(2.17) және (2.18) тендеулердегі \bar{a} , \bar{b} , \bar{c} матрицаларды жүйенің параметрлерінің матрицалары деп атайды. Бұл матрицалардың элементтері АБЖ ішкі күйін сипаттайтын шамалар болып табылады. Екі (2.17) және (2.18) векторлық тендеулер бір уақытқа $t = t_0$ шешім тауып кез келген $t > t_0$ уақыт үшін $\bar{x}(t)$ табуға, яғни жүйенің болашақ күйін болжауға, мүмкіндік береді, сонымен қатар, осы екі векторлық тендеу арқылы шығыс шамалар векторы $\bar{y}(t)$ анықталады.

(2.17) және (2.18) векторлық тендеулер жүйелерінен \bar{x} векторын шығарып тастауга болады. Бұның нәтижесіндегі тендеу «кіріс-шығыс» түрленуі (2.1) түріндегі тұрақты коэффициенті n – ретті сзықты дифференциалдық тендеу болып шығады.

Бұдан бері қарастырылған АБЖ сипаттаулары бір-бірімен өзара тығыз байланыста болғандықтан бір сипаттаудан басқаларын женил табуға болады. Мысалы, АБЖ күй айнымалылар арқылы сипатталған болса, онда АБЖ кешенді беріліс функциясын $W(s)$ мына тендеумен табуға болады

$$W(s) = \bar{c} (sE - \bar{a})^{-1} \bar{b},$$

мұндағы, s – Лаплас операторы, ал E – бірлік матрицасы.

2.5-мысал

Ілгерлемелі қозғалыстагы дененің мысалы үшін (2.1-мысал) $n=2$ болсын. Бірінші туындысы (2.17) тендеуіне кіретін күй айнымалы ретінде $x_1 = z$; $x_2 = v$; векторлық түрде $\bar{x} = (z, v)^T$ болып келеді. Кіріс әсер ретінде күш болады, демек $\bar{u} = (u_r) = F$, $r=1$. Шығыс сигнал дифференциалды тендеудің оң болігіне кірмейді. Демек $y = (y_r) = z$, $r=1$.

Жүйенің параметрлерінің матрицасын құрастыру үшін екі (2.17) және (2.18) түрдегі дифференциалдық тендеулерін ашип жазамыз:

$$\frac{dz}{dt} = a_{11}z + a_{12}v + b_{11}F;$$

$$\frac{dv}{dt} = a_{21}z + a_{22}v + b_{21}F;$$

$$z = c_{11}z + c_{12}v.$$

Бұдан модельдің параметр матрицаларын аламыз:

$$\bar{a} = \begin{pmatrix} 0 & 1 \\ 0 & 0 \end{pmatrix}, \quad \bar{b} = \begin{pmatrix} 0 \\ \sqrt{m} \end{pmatrix}, \quad \bar{c} = (1 \ 0), \quad \bar{d} = 0.$$

Енді күй теңдеуін матрицалық түрде аттага болады:

$$\frac{dx}{dt} = \begin{pmatrix} 0 & 1 \\ 0 & 0 \end{pmatrix} \cdot x + \begin{pmatrix} 0 \\ m^{-1} \end{pmatrix} \cdot u;$$

$$y = (1 \ 0) \times x.$$

Осыған үксағас айнаамалы қозғалыстасы дененің динамикалық моделін (2.2-мысал) қарастырасақ, күй айнаамалысының саны $n=2$, кіріс әсерлер саны $r=1$, шығыс сигналдар саны $p=1$ болады. Күй айнаамалысы $x = (j, w)^T$; $u = M$, $y = j$ бізге белгілі болсын.

Күй теңдеуі матрицалық түрде мына түрге ие:

$$\frac{dx}{dt} = \begin{pmatrix} 0 & 1 \\ 0 & 0 \end{pmatrix} \cdot x + \begin{pmatrix} 0 \\ J_z^{-1} \end{pmatrix} \cdot u;$$

$$y = (1 \ 0) \times x.$$

RC тізбегі үшін (2.3-мысал) күй айнаамалысының саны $n=2$, яғни $x = (x_1, x_2)^T$; $x_1 = U_0$; $x_2 = q$. Кіріс әсерлер саны ($r=1$), $u = (u_i) = U_i$. Мұнда кіріс әсер ретінде кіріс кернеу таңдалынған. Шығыс әсер $y = (U_0)$, $p=1$ болып табылады.

Күй теңдеуін ашип жазайық:

$$\frac{dU_0}{dt} = a_{11}U_0 + a_{12}q + b_{11}U_i,$$

$$\frac{dq}{dt} = a_{21}U_0 + a_{22}q + b_{21}U_i.$$

Енді модель көрсеткіштерінен құрылған матрицаны жазуға болады:

$$\bar{a} = \begin{pmatrix} -\frac{1}{T} & 0 \\ -\frac{1}{R} & 0 \end{pmatrix}, \quad \bar{b} = \begin{pmatrix} \frac{1}{T} \\ \frac{1}{R} \end{pmatrix}, \quad \bar{c} = (1 \ 0), \quad \bar{d} = 0.$$

2.6. Басқарылыну және бақылану

Күй айнаамалыларының n – өлшемді кеңістігінде жүйенің әр күйіне x_i ($i = 1, 2, \dots, n$) айнаамалылар мәндерімен анықталатын бейнелейтін нүктенің қайсыбір орны сәйкес келеді.

Айталақ, күй кеңістігінде \bar{x} екі жиынтық $G_1 \subset \bar{x}$ және $G_2 \subset \bar{x}$ берілсін. Егер шектелген уақыт аралығында $0 < t < T$ анықталған және бейнеленетін x_i нүктені G_1 аймағынан G_2 аймағына аудыстыратын $u = (u_1, u_2, \dots, u_n)^T$ басқару болса, онда қарастырылып отырған жүйе басқарылынатын болып келеді.

Егер шығыс координатаның векторын $\bar{y} = (y_1, \dots, y_p)^T$ құрастыруда \bar{x} күй айнаамалылар векторының барлық құрастыруышылары қатысса, онда жүйе бақыланатын деп аталаңады. Егер \bar{x} векторының бірде бір құраушысы жүйенің шығысының \bar{y} пайдада болуына әсер етпесе, онда мұндай жүйелер бақыланбайтын болады.

Жүйенің басқарылынатының және бақыланатындығын талдау сәйкес басқарылыну және бақылану матрицаларын қолданып немесе басқарылыну және бақылану грамианаларын жүргізеді. Жоғарыда анықталған \bar{a} , \bar{b} , \bar{c} жүйенің параметрлерінің матрицаларын қолданып мына екі қосалқы матрицаларды құрастырайық:

$$R = [\bar{b} \ \bar{a} \bar{b} \ \dots \ \bar{a}^{n-1} \bar{b}], \quad D = [\bar{c} \ \bar{c} \bar{a} \ \dots \ \bar{c} \bar{a}^{n-1}].$$

R және D матрицалар сәйкесінше басқарылыну және бақылану матрицалары деп аталаады. MATLAB бағдарламасында осы матрицаларды `cstrb` және `obsv` командалармен құрастыруға болады.

Жоғарыда (2.17) және (2.18) теңдеулермен сипатталған АБЖ басқарылатын болу үшін басқарылыну матрицасының ранги көректі және жеткілікті түрде толық болып n -ге тең болуы $rankR = n$ керек.

Ал АБЖ бақыланатын болу үшін бақылану матрицаның ранги көректі және жеткілікті түрде толық болып n -ге тең болуы $rankD = n$ керек.

Тек бір ғана кірісі мен шығысы бар АБЖ басқарылыну және бақылану матрицалар шаршы болады, сондықтан, басқарылу және бақылануды тексеру үшін R және D матрицаларының анық-

тауыштарын табу жеткілікті. Егер олар 0-ге тең болса, онда матрицаңың толық рангы болады.

Бақылау сұрақтары:

1. Турлендіру операторына (ТО) түсініктеме берініз.
2. АБЖ дифференциалды тендеуіндегі қандай айнымалыларды толассыз деп атайды? Мысал келтірініз.
3. АБЖ дифференциалды тендеуіндегі қандай айнымалыларды салыстырмалы деп атайды? Мысал келтірініз.
4. Толассыз және салыстырмалы айнымалылар арқылы дифференциалдық тендеуді жазыңыз.
5. АБЖ және кез келген элементтің «кіріс-шығысын» бейнелейтін жалпы жағдайларда тәуелділігін жазыңыз.
6. Сипаттаушы тендеудің мысалын келтірініз.
7. Біртекті ДТ жалпы шешімі қандай түрде болады?
8. ДТ операторлық түрде жазыңыз.
9. Операторлық беріліс функциясы қандай түрде болады?
10. Жүйенің анализі және синтезінің тізбектілігі қандай?
11. Бейсзықтық дифференциалдық тендеулерге келтіретін септер қандай?
12. Қандай жағдайларда накты қателіктері бар сызықты емес тендеулерді сзызықта ауыстыруға болады?
13. Сызықты емес тендеулерді сзызыктандыру тізбегін келтіріңіз.
14. Лаплас турлендіруін қолданудың артықшылықтары.
15. Лаплас бойынша турлендірудің өрнегін келтірініз.
16. Лаплас бойынша кері турлендірудің өрнегін келтірініз.
17. Кешенді беріліс функциясының өрнегін келтірініз.
18. Жүйенің күй айнымалысына анықтама берініз.
19. Күй векторының өрнегін келтірініз.
20. АБЖ күй тендеуін жазыңыз.
21. Қандай АБЖ бақыланатын деп аталауды?
22. Қандай АБЖ басқарылатын деп аталауды?
23. Бақыланудың керекті және жеткілікті шартын келтірініз.

3-ТАРАУ. АБЖ ЖҰМЫС ЖАСАУЫН БАҒАЛАУ

3.1. Статикалық қасиеттерді бағалау

АБЖ үрдістері өтпелі үрдіс және орнықтылық үрдісі болып белінеді. Өтпелі үрдіс – бұл АБЖ уақыт өте келе бір күйден екінші күйтеге отуімен, ал орнықтылық үрдісі АБЖ жұмыс шарты және сыртқы әсерлер уақытымен сипатталады.


АБЖ болып жаткан үрдістер тәуелділігімен АБЖ және оның элементтерінің жұмыс жасауының екі режимі анықталады: статикалық және динамикалық.

Өтпелі үрдіске АБЖ және оның жұмыс істеуінің динамикалық режимі сәйкес келеді. Бұл режимге АБЖ көп уақыт белінеді. Динамикалық режимде АБЖ және оның элементтерінің мөлшері уақыт бойынша өзгереді. Жоғарыда динамикалық режимде дифференциалдық n -ші тендеуі түріндегі (2.1) немесе күй тендеуі (2.17, 2.18) түріндегі АБЖ математикалық модели келтірілген.

Керінше, АБЖ орнықтылық үрдісіне уақыт бойынша өзгермейтін АБЖ күйін сипаттайтын көлем кезіндегі жұмыс істеудін статикалық режимі сәйкес келеді. АБЖ статикалық (орнықтылық) режимінде бағалау үшін басқарудың дәлдігі деп аталаудың көрсеткіш қолданылады. Бұл көрсеткіш АБЖ статикалық сипаттамасында анықталады. АБЖ статикалық сипаттамасы тұрақты қозу кезінде u_0 – кіріс параметрінен y_0 – шығыс параметрінің орнықтылық мәніне тәуелділігін немесе кіріс параметрі тұрақты болған кезде f – қозуынан орнықты режимде y_0 – шығыс параметрі тәуелділігін ұсынады.

АБЖ статикалық тендеуі $F(y_0, u_0)_{f=const} = 0$ немесе мына түрде $G(y_0, f)_{u=const} = 0$ болады. Жалпы жағдайда тендеу бейсзықты болуы мүмкін. Элементтердің статикалық сипаттамаларын немесе АБЖ екінші тендік бойынша құрылған элементтерді түгелдей қарастырамыз (3.1-сурет).

Егер жүйедегі қателіктің орнықты мәндері f әсердің орнықты мәндеріне тәуелді болса, онда жүйені статикалық (3.1 а-сурет), ал егер тәуелді болмаса, онда астатикалық (3.1 б-сурет) деп атайды.



3.1-сурет. Статикалық және астатикалық жүйелердің статикалық сипаттамалары

Жүйенің статикалық қасиеті статизм деп аталынатын салыстырмалы статикалық қателікпен және статикалық қателіктің абсолютті мәндерімен бағаланады. Статикалық қателіктің абсолютті мәні (3.1a-сурет) мынау

$$\Delta y = |y_0^i - y_{0n}|,$$

мұндағы, y_0^i – әсерінің і мәні кезінде шығыс көрсеткіштің орнықты мәні. y_{0n} – f_{0n} номиналды жүктемесі кезінде статикалық режимдегі шығыс көрсеткіштің номиналды мәні. Осыдан шығыс көрсеткіштердің номиналды мәндері шығыс көрсеткіштердің максималды y_{01} және минималды y_{02} нақты орташа арифметикалық мәндері ретінде анықталады.

$$y_{0n} = \frac{y_{01} + y_{02}}{2}$$

Бұл жағдайда статикалық қателіктің максималды мәні мынадай:

$$\Delta y_{\max} = |y_{01} - y_{0n}| = |y_{02} - y_{0n}|.$$

Жүйенің салыстырмалы статикалық қателігі немесе статизмі мынаған тен:

$$S = \frac{|y_{02} - y_{01}|}{y_{0n}} = \frac{2\Delta y_{\max}}{y_{0n}}$$

Сондай-ақ, статизмді статизм коэффициентімен χ сипаттауға болады, ол статикалық сипаттаманың қолбеку бұрышының тангенсіне $\chi = \operatorname{tg} \gamma$ тен (3.1 a-сурет).

Орнықты режимдегі АБЖ тиімділігін автоматтандырылмаған басқару нысаннның (реттегішсіз) абсолютті статикалық қателігінің автоматты жүйесінің абсолютті статикалық қателігіне қатынасына тен дәлдік дәрежесімен бағалайды.

Кейбір жағдайларда статикалық қателік қажет емес, ол кездерде жүйе астатикалық реттегішке өтеді немесе қоздырудың орнын толтыратын әсерлерді енгізеді.

Астатикалық реттегіш үшін кіріс және шығыс параметрлер арасында байланысты жою қажет, бұл үшін, мысалы, келесі тарауда көрсетілетін интегралдаушы буын сипатында таңдалуы мүмкін болатын астатикалық буын жүргізіледі (4.4-тарау).


Астатикалық жүйе үшін статикалық қателіктің абсолютті мәні және статизм коэффициенті нөлге тен, ал дәлдік дәрежесі шексіздік.

3.2. Жүйенің динамикалық қасиетін бағалау

АБЖ жұмыс жасау кезінде АБЖ және элементтердегі динамикалық үрдістер орнықты және өтпелі болып бөлінеді. 3.2-суретте басқарылатын қозғалтқыштың бұрыштық жылдамдығы өзгерісінің диаграммасы көрсетілген. Қозғалтқышты қосқаннан кейін өтпелі үрдіс бақыланады, бұл графикалық түрде екпін алу алу қисығы ретінде көрсетіледі. Диаграммада көрсетілгендей t_p – екпін алу уақытының қандай да бір уақыт аралығында қозғалтқыштың бұрыштық жылдамдығы екпін алу қисығы бойынша өзгере отырып ω_U – орнықты мәнге жетеді. Содан кейін орнықты үрдіс байқалады, ол жүйенің жұмыс жасауының басқа да шарттарымен және тұрақты сыртқы әсерлерімен сипатталады. Динамикалық режимде өтпелі үрдістің сапасы келесі көрсеткіштермен сипатталады:

- бірінші келісу уақыты t_1 – яғни, алғашқы бұрыштық ω_0 жылдамдыққа жеткен уақытымен;
- қайта реттеумен – $d_\rho \%$;
- өтпелі үрдістің уақытымен t_p .

Жалпы алғанда, АБЖ және оның элементтерінің динамикалық режимдегі жұмысын бағалау кезінде өтпелі үрдісте сапа сипаттамаларын, ал орындық режимде орындықтылық өлшемдерін қолданады. Жоғарыда айтылғандай, орындықтылық – ол орындық күйде қандай да бір есеп арқылы басқа күйге өзгергеннен кейін өзінің күйіне қайта келу қабілеттілігі.



3.2-сурет. Екпін алу кисығы

Басқару үрдісінің сапасы басқару үрдісі қажеттіге қаншалықты жақын екенімен сипатталады. Сандық түрде ол басқару мақсатына сәйкес анықталатын сапа өлшемдерімен анықталады. Келтірілген мысалда үрдіс сапасы орындық режимдегі үрдістің тербелісімен, берілген мәннен бұрыштық жылдамдықтың ауытқуымен және тағы басқаларымен анықталады. Автоматикалық жүйенің динамикалық касиетін бағалау үшін жоғарыда көрсетілген аналитикалық сипаттамаларды қолданамыз. Осыдан алынған шешімдер және қорытындылар әртүрлі түрдегі кіріс әсерлерден басқаша болады. Сондыктan, бірінші кірістік әсерлердің қандай түрін тандау керек екендігін шешу керек.

Біріншіден, әсер жүйенің жұмысының оны пайдалану кезінде кездесетін ауыр режиміне сәйкес келу керек. Екіншіден ол барынша қаралайым болуы керек, яғни шешімді қынданатпауы тиіс. Осы шарттармен екі түрдегі әсерлер қанагаттанады: бірлік секіріс функциясы (бірлік секіру) және бірлік импульсі. АБЖ және элементтерінің

динамикасын бағалау үшін автоматты басқару теориясында өтпелі үрдісте өтпелі функцияны бірлік секіріске жүйенің реакциясы ретінде және импульсті өтпелі функциясын бірлік импульске жүйе реакциясы ретінде қолданады. Өтпелі және импульсті өтпелі функцияны кіріс шамалары бірлік секірісті және бірлік импульсті болған жағдайларда бастапқы нөлдік шарттармен дифференциалдық теңдеулерді шеше отырып алуға болады.

3.3. АБЖ сапалық сипаттамалары

3.3.1. Уақыттық сипаттамалар

Басқару жүйесін талдау кезінде шешілтін негізгі есеп АБЖ жүрісінің қасиетін санды түрде бағалау және анықтау болып келеді. Осы есептерді автоматика элементтерінің сипаттамаларын тандау арқылы және буындарды өзара әртүрде косу арқылы шешеді. АБЖ анализінің есебін шешуде талап стілген жүйенің сипаттамасын қамтамасыз ететін, автоматика элементтерінің және олардың өзара байланыстарын тандау есепке алынады. Басқару жүйесінің анализі және синтезі төменде келтірілген үш негізгі есептерді шешуге екеліп соғады:

- автоматты басқару жүйесінің сапалы сипаттамаларын табу;
- амплитуданы төмендететін тербеліс арқылы немесе жүйенің байсалды түрде берілген күйге қайтару кезіндегі орындықтылық шартын анықтау;
- АБЖ жұмысының орындық режимінде қателерді табу және жою.


Жоғарыда динамикалық режиміндегі АБЖ кейбір сапа көрсеткіштері келтірілген. Белгілеп көрсеткеніміздей, кіріс сигналының секіріс тәрізді өзгерісі өтпелі үрдіс бағалауы үшін қолданылады. Бірлік секіріске жүйенің реакциясын өтпелі функция деп атайды. Айталақ, кіріс сигналының бірлік секірісі (сатылы функция) мына түрде болсын:

$$x(t) = \begin{cases} 0, & t < 0 \text{кезінде} \\ 1, & t \geq 0 \text{кезінде} \end{cases} \quad (3.1)$$

Сатылы бірлік функциясының сұлбасы 3.3-суретте келтірілген.

Лаплас түрленуін (2.16) колдана отырып, шығыс сигналы (жүйе реакциясы) және бірлік секірістің кірісі (3.1) арасындағы байланысты келесі түрде жазамыз:

$$H(s) = W(s) U(s). \quad (3.2)$$



3.3-сурет. Бірлік сатылы функция

Лаплас түрленуінің кестесін колдана отырып $X(s) = I/s$ аламыз. $h(t)$ өтпелі функциясының $H(s)$ бейнесін (3.2)-ден анықтаймаймыз:

$$H(s) = W(s)/s. \quad (3.3)$$


Кез келген кіріс әсер үшін кешенді беріліс функциясын (2.5) тендігінің оң бөлігінен анықтауга болады, сонда

$$H(s) = \frac{B(s)}{s \cdot A(s)}. \quad (3.4)$$

Сәйкесінше, берілген АБЖ өтпелі функциясын кез келген сигналға жүйенің реакциясын анықтау үшін колдануға болады. Рассында, (2.16) тендігіне (3.3) тендігіндегі $W(s)$ өрнегін қоя отырып келесін аламыз:

$$Y(s) = sH(s)U(s). \quad (3.5)$$

Өтпелі функция $H(s)$ автоматты басқару жүйесінің қандай да бір уақыттық сипаттамасы болып табылады және кіріс функциясының шығыс функциясына түрлендіру операторын корсетеді. $H(s)$ функциясының өзгерісін басқару кезінде жүйенің берілген тәртібімен алуға болады.



3.4-сурет. Импульсті функция

Бірлік импульсті функция немесе дельта функция δt – бұл қысқа импульстік функциясының математикалық нұсқауы болып табылады. Бірлік импульстің (3.4-сурет) нөлге тең импульс ұзақтығында және биіктігі шексіздікке тең болғанда көлемі бірге тең болады.

Осы функция бірлік секірісімен қатар кіріс сигналы ретінде колданылады. Аналитикалық түрде дельта функция келесі түрде жазылады:

$$\delta(t) = \begin{cases} \infty, & t = 0 \text{ кезінде} \\ 0, & t \neq 0 \text{ кезінде} \end{cases}$$

Анықтамаға сәйкес

$$\int_{-\infty}^{+\infty} \delta(t) dt = 1.$$

Дельта функция және бірлік секіріс функциясы арасындағы байланысы келесі өрнекпен анықталады:

$$\delta(t) = I'(t)$$

Егер элементтің немесе жүйенің кірісіне дельта функция $u(t) = \delta(t)$ әсер етсе, онда $y(t) = w(t)$ шығыс функция түріндегі реакцияны салмақтылық функциясы немесе импульсті өтпелі сипаттама деп атайды.

$h(t)$ және $w(t)$ функциялары АБЖ уақыттық сипаттамасына жатады және олар келесі қатынаспен байланысқан:

$$w(t) = h'(t).$$

Сонымен катар, өтпелі функция сияқты салмақтылық функциясын түрлендіру операторы ретінде қолданады және оны кез келген әсердегі жүйенің реакциясын анықтауда қолдануға болады. Ол үшін үйірткі интегралын қолданады:

$$y(t) = \int_0^t u(\tau) \bar{w}(t-\tau) d\tau = \int_0^\infty u(t-\tau) \bar{w}(\tau) d\tau.$$

Сонымен, толық өтпелі үрдіс барлық кіріс әсерлердің реакцияларының қосындысының нәтижесінен алынады.

3.3.2. Жиілік сипаттамалары

Уақыттық сипаттамалармен катар жүйенің сапалы анализіне жиіліктік сипаттамасын қолданады. Берілген жағдайда сзықты жүйеге еркін диапазонда өзгеретін a , амплитуда және ω жиілігімен гармоникалық кіріс әсерлер әсер етеді.

$$x = a \sin(\omega t) \quad (3.6)$$

Сзықты автоматты басқару жүйелерінде орнықты реакция гармоникалық тәуелділік бойынша өзгеріске түседі.

Жиіліктік сипаттамалар көмегімен АБЖ анализі үшін (2.1) дифференциалды тендеу жүйесіндегі тік Фурье түрлендіргіші қолданылады:

$$\Phi\{f(t)\} = \int_{-\infty}^{\infty} f(t) e^{j\omega t} dt$$

Сонымен қатар, жиіліктік түрлендіргіш үшін ресми турде s -ті $j\omega$ -га ауыстырып, Лапластың екі жақты түрлендіргішін қолдануға болады.

Жиіліктік беріліс функциясын $W(s)$ кешенді БФ үшін s -ті $j\omega$ -га ауыстыра отырып жәйған алуға борлады (2.16), онда:

$$W(j\omega) = A(\omega) e^{j\varphi(\omega)} = P(\omega) + jG(\omega) \quad (3.7)$$

Мұндағы $A(\omega)$, $\varphi(\omega)$ – сәйкесінше, жүйенің амплитуда – жиіліктік және фаза – жиіліктік сипаттамалары деп аталады. $P(\omega)$, $G(\omega)$ – нақты және жорамал жиілікті сипаттамалар. Функция годографы $W(j\omega)$ амплитуда-фазалы-жиіліктік сипаттамасын (АФЖС) көрсетеді.

Амплитуда – жиіліктік сипаттамасы (АФЖ) келесі өрнектен анықталады:

$$A(\omega) = \sqrt{P^2(\omega) + G^2(\omega)} \quad (3.8)$$

Фазалы жиілікті сипаттамасы (ФЖС) төмөнделгідей анықталады:

$$\phi(\omega) = \arctg \frac{G(\omega)}{P(\omega)} \quad (3.9)$$

Сонымен, $A(\omega) = \text{mod } W(j\omega)$ модулі (3.8) амплитудалы жиілікті функция болып келеді, ал оның графигі амплитудалы жиілікті сипаттама болады.

$\phi(\omega) = \arg W(j\omega)$ (3.9) аргументі фазалы жиілікті функция, ал оның графигі фазалы жиілікті сипаттама болып келеді.

Орнықты жүйелердің гармоникалық әсерлері кезінде өтпелі үрдіс аяқталғаннан кейін шығыс шама басқа амплитудамен және фазамен гармоникалық заң бойынша өзгереді. Осы кезде шығыс және кіріс амплитудаларының қатынастарының мәндері $A(\omega)$ модуліне тең, ал фазаның ығысуы жиілікті беріліс функциясының аргументіне $\phi(\omega)$ тең болады және сәйкесінше, амплитуда жиіліктік сипаттама амплитуда қатынастарын, ал фазалы жиілікті сипаттама кіріс гармоникалық әсердің жиілігіне тәуелді кіріске қатысты шығыс шамалардың фаза ығысуын көрсетеді.

Жиіліктік тәсілдердің артықшылығы, күрделі аналитикалық есептер жүргізбестен эксперименталды жолмен жиілікті сипаттамаларды алу мүмкіндігі болып табылады.

Енді АЖС және ФЖС арасындағы байланысқа көніл аударайық. Минималды фазалы деп аталағанын кейір буындар үшін $A(\omega)$ және $\phi(\omega)$ функциялары арасында байланыс бар екендігін Г. В. Боде дәлелдеген. Жалпы жағдайда, минималды фазалы деп беріліс функциясының барлық полюстері және нөлдерінде теріс немесе нөлге тең нақты бөліктері бар буындарды айтады. Минималды фазалы буындар орнықты болып келеді.


АЖС логарифмді масштабта децибелде (dB) көрсету ынғайлы. Сол кезде, логарифмді амплитудалы жиілікті сипаттаманы (ЛАЖС) келесі өрнектен табылады:

$$L(w) = 20 \lg A(\omega) \quad (3.10)$$


Атап ету керек, Бел қуатты он еселі көбейтуге сәйкес келетін логарифмдік бірлікті ұсынады.

Графикалық кескінде ЛАЖС жиіліктерді логарифмдік масштабта абсцисса осі бойына c^{-1} немесе Гц өлшемімен орналастырамыз. Жиілік диапазондары октава және декадаға бөлінеді. Октава – бұл бір-бірінен 2 есеге өзгеше болатын, жиіліктер арасында қорытындысы болып табылатын жиілік диапазоны. Декада – 10 есеге өзгешелігі бар жиілік үшін арналған диапазон.

Логарифмді амплитудалы жиіліктік сипаттамалардың артықшылығы күрделі есептеу жұмыстарының көптеген жағдайларда АБЖ синтездеу және анализдеу кезінде графикалық кескіндерді құру мүмкіндігі болып табылады.



Декадалар




3.5-сурет. ЛАЖС және ЛФЖС абсцисса остери

Бұл артықшылық жиілікті беріліс функциясы көбейткіштер туындысы ретінде ұсынылған жағдайларда көрінеді. Сонда, нәтижелі ЛАЖС жеке көбейткіштерге сәйкес келетін ЛАЖС ординаталарының қосындысымен табылуы мүмкін. Көптеген жағдайларда осындаі қосындылар қажет болмайды және нәтижелі ЛАЖС 20 дБ/дек еселі көлбеулі тұзу сзық кимасының жиынтығы бар асимптоталы ЛАЖС деп аталынатын сипаттама түрінде салынуы мүмкін.

3.1-мисал

Айталаңық, жиілікті беріліс функциясының модулі тұрақты санға $A(\omega) = k_0$ тең болсын, сонда

$$L(\omega) = 20 \lg A(\omega) = 20 \lg k_0$$



3.6-сурет. $L(\omega) = 20 \lg k_0$ кезіндегі ЛАЖС сұлбасы

ЛАЖС абсцисса осіне параллель тұзу сзық түрінде (3.6-сурет) болып келеді.


$A(\omega) = \frac{k_1}{\omega}$ болғандагы жағдайды қарастырайық. Сонда

$$L(\omega) = 20 \lg \frac{k_1}{\omega} = 20 \lg k_1 - 20 \lg \omega.$$


Осыдан, координатасы $\omega = 1 \text{сек}^{-1}$ және $L(\omega) = 20 \lg k_1$, болатын нүктө арқылы өтетін осы тұзу сзық жиілігі он есе еселеңген сайын $\lg \omega$ -ны бір бірлікке еселеңуіне әкеледі, яғни $L(\omega)$ -ның 20 дБ-га азауы (3.7-сурет) көрінеді.

Демек, k_1 коэффициентінің олишемділігі [сек^{-1}] болуы керек.

$A(\omega) = \frac{k_2}{\omega^2}$ болған жағдайда ЛАЖС 40 дБ/дек теріс көлбеулі тұзу сзық түрінде көрсетуге болады. Осы тұзу қандай да бір нүктө бойынша құрылуды мүмкін, мысалы, $\omega = 1 \text{сек}^{-1}$ $L(\omega) = 20 \lg k_2$ және нүктелері бойынша немесе $\omega = \sqrt{k_2}$ кесінді жиілігі бойынша.



3.7-сурет. $L(\omega) = 20 \lg \frac{k_1}{\omega}$ кезіндегі ЛАЖС сұлбасы



3.8-сурет. $L(\omega) = 20 \lg k_3 \omega + 20 \lg \omega$ ЛАЖС сұлбасы

Демек, бұл жағдайда k_2 коэффициентінің өлшемділігі [сек⁻²] болуы керек.

3.2-мысал.

$A(\omega) = k_3 \omega$ болғандагы жағдайды қарастырайық. Сонда

$$L(\omega) = 20 \lg k_3 \omega = 20 \lg k_3 + 20 \lg \omega.$$

Бұдан, $\omega = 1 \text{ сек}^{-1}$ нүктесінен отетін және $L(\omega) = 20 \lg k_3$, болатын және оң көлбеулігі бар 20 дБ/дек түзусы қарастырылады.

Бұл түзусы қарастырылады $A(\omega) = 1$ теңдігін төңестіру арқылы алынған кесінді $\omega = \frac{1}{k_3}$ жиілігі бойынша құрылуы мүмкін (3.8-сурет).

$A(\omega) = k_4 \omega^2$ болған жағдайда ЛАЖС 40 дБ/дек оң көлбеулі түзусы қарастырылады. Осы түзу $\omega = 1 \text{ сек}^{-1}$ және $L(\omega) = 20 \lg k_4$ бойынша немесе $\omega = \frac{1}{\sqrt{k_4}}$ кесінді жиілігі бойынша құрылуы мүмкін.

Бақылау сұрақтары:

1. АБЖ-да қандай екі жұмыс режимі ажыратылады?
2. Статикалық режимнің ерекшелігі неде?
3. Статикалық қателіктің абсолютті мәні қалай анықталынады?
4. Статикалық қателіктің максималды мәні қалай анықталынады?
5. Салыстырмалы статикалық қателік немесе статизм қалай анықталады?
6. Динамикалық режимнің ерекшелігі неде?
7. Орнықты режимдегі АБЖ дәлдік дәрежесі нені сипаттайты?
8. Қандай үрдіс өтпелі деп аталауды?
9. Қандай үрдіс орнықты деп аталауды?
10. Екпін алу қысығы дегеніміз не?
11. Өтпелі үрдістің сапасы қандай көрсеткіштермен сипатталады?
12. Басқару үрдісінің сапасы қалай анықталады?
13. АБЖ қандай сапа сипаттамалары қолданылады?
14. АБЖ анализдеу және синтездеудің шешімі болатын 3 міндетті (есепті) көлтіріңіз.
15. Бірлік секірістегі жүйенің реакциясы қалай аталауды?
16. $h(t)$ өтпелі функциясының $H(s)$ бейнесі үшін өрнекті жазыңыз.
17. Бірлік импульстік функция немесе дельта функция $\delta(t)$.
18. Дельта функциясы мен бірлік секіріс функциясы арасындағы байланыс.

19. Жилікті сипаттамаларды алу тәсілдері.
20. $W(j\omega)$ кешенді функциясы үшін өрнек жазыныз.
21. Амплитудалы жилікті сипаттамаға (АЖС) өрнекті келтіріңіз.
22. Фазалы жилікті сипаттамаға (ФЖС) өрнекті келтіріңіз.
23. Жилікті тәсілдердің артықшылығы неде?
24. Минималды фазалы буынға анықтама беріңіз.
25. Логарифмді амплитудалы жилікті сипаттамаға (ЛАЖС) өрнекті келтіріңіз.

4-ТАРАУ. ТИПТІК ДИНАМИКАЛЫҚ БУЫНДАР ЖӘНЕ АБЖ ҚҰРЫЛЫМДЫҚ СҮЛБАЛАРЫ

АБЖ құрамына табигаты әртүрлігіне қарамай бір түрлі дифференциалдық теңдеулермен сипатталатын нысандар кіреді. Осы нысандардың белгілі бір идеализациясы кезінде, алдын-ала белгілі қарапайым түрлендіру операторы (ТО) көмегімен сипаттауға болады. Осындай белгілі түрлендіру операторлары бар нысандар типтік динамикалық буындарға жатады (ТДБ). Типтік динамикалық буындардың келесідей түрлері бар: күшеткіш, бірінші ретті аperiодты, тербелмелі, интегралдаушы, дифференциалдаушы, кешігуші буындар, т.б.

Әрбір типтік динамикалық буындар динамика теңдеулерімен, уақыт сипаттамаларымен, беріліс функциялармен және жиіліктік сипаттамаларымен сипатталады.

Автоматикада типтік буындар автоматты басқару жүйесінің математикалық моделін алу үшін пайдаланылатын математикалық аппаратты құрайды. Накты нысандар екінші реттен жоғары дифференциалдық теңдеулермен сипатталуы мүмкін, бірақ ол теңдеулерді екінші реттен жоғары емес теңдеулер жүйесімен алмастыруға болады. Сонымен, кез келген АБЖтиптік динамикалық буындардың жынтығы түрінде алуға болады.

4.1. Күшеткіш буыны

Күшеткіш буынның (КБ) беріліс коэффициенті k түрлендіру операторы болады.

Динамикалық теңдеуі мына түрге ие:

$$y = ku \quad (4.1)$$

Лаплас түрлендіруінен кейін мынаны аламыз


$$Y(s) = kU(s)$$

Сонда, күшеткіш буынның беріліс функциясы тұрақты шамага тең:

$$W(s) = k$$

Осы буын инерциясыз буын деп аталады. Мұндай буындардың мысалы ретінде механикалық редукторды (k – беріліс қатынасы-

на сәйкес болады), кең жолақты күштейткіштерді (k – күшкеу коэффициентіне сәйкес болады) және т.б. айтуға болады. Потенциометрлі датчиктер, индукционды датчиктер, айналмалы трансформаторлар сияқты көптеген сигнал датчиктері инерциясыз буындар ретінде қарастырылуы мүмкін.



4.1-сурет. Күштейткіш буындардың сапа сипаттамалары

Амплитуда фазалы жиілікті сипаттама $W(j\omega)=k$ координата басынан k шамада орналасқан нақты остеңде нүктеде бейнеленген (4.1a-сурет).

Амплитуда жиілікті сипаттама $A(\omega)=k$ (4.1б-сурет) барлық жиіліктерде тұрақты.

Фаза жиілікті сипаттама $\phi(\omega)=0$ (4.1в-сурет).

Күштейткіш буындардың өтпелі сипаттамалары (4.1г-сурет) сатылы функция ретінде, яғни $u=1(t)$ кезінде $y=h(t)=k \cdot 1(t)$ болады.

Инерциясыз буындар нақты буындардың жетпестікін қасиетіне не-

буын болып табылады. Мысалы, бір де бір буын 0-ден ∞ -ке дейінгі барлық жиіліктерді біркелкі өткізуге жағдайы келмейді.

4.2. Бірінші ретті аperiодты буын

Аperiодты буындардың дифференциалды тендеуінің түпнұсқасы мына түрде болады:

$$T_0 \frac{dy}{dt} + y = ku \quad (4.2)$$

(4.2) тендеуін Лаплас түрлендіруінен кейін келесіні аламыз:

$$(T_0 s + 1)Y(s) = kU(s) \quad (4.3)$$

мұндағы, T – уақыт тұрақтысы; k – беріліс коэффициенті.

(4.4) өрнегінен мына түрде беріліс функциясын алуға болады:


$$W(s) = \frac{Y(s)}{U(s)} = \frac{k}{Ts+1} \quad (4.4)$$

АФЖС векторының аналитикалық өрнегін беріліс функциясындағы Лаплас s - операторын $j\omega$ -ға ауыстыру арқылы алады, мұндағы ω – тербеліс жиілігі, $\omega = 1/T$; T – тербеліс периоды.

Сонда, (4.4) өрнегін қажетті түрлендіруден кейін жиілікті сипаттамасын аламыз:

$$W(j\omega) = \frac{k}{Tj\omega + 1} = \frac{k}{T^2\omega^2 + 1} - j \frac{kT\omega}{T^2\omega^2 + 1} = P(\omega) + jG(\omega) \quad (4.5)$$

Жиілікті 0-ден ∞ -ке дейін өзгерте отырып, АФЖС (4.2-сурет) түрғызуға болады, яғни ол диаметрі k коэффициентіне тең, кешенді жазықтықтың төртінші квадрантында орналасқан жарты шенбер түріндегі $W(j\omega)$ функциясының годографы болады.




4.2-сурет. Аperiодты буынның АФЖС

4.3-суретте төмөндегі тере-тендікпен суреттелеғін қысықты білдіретін АЖС көрсетілген:

$$A(\omega) = |W(j\omega)| = \frac{k}{\sqrt{T^2\omega^2 + 1}}. \quad (4.6)$$


ФЖС қысығы (4.3, б-сурет) төмөндегі тере тенденгімен көрсетіледі:

$$\phi(\omega) = \operatorname{arctg} \frac{G(\omega)}{P(\omega)} = \operatorname{arctg}(-\omega T). \quad (4.7)$$



4.3-сурет. Бірінші ретті аperiодты буынның АЖС және ФЖС

4.4-суретте аperiодты буын екпін алудың типтік қысығы көрсетілген, ол экспонента деп аталады. Егер оның кез-келген нүктесіне жанама жүргізек, сосын жанама нүктесін және асимптотамен жанаманың қылысы нүктесін уақыт осіне проекцияласақ, сонда уақыт осіне ұқсас кесінді шығады. Уақыт тұрақтысы деп аталағының осы проекция беріліс функциясындағы коэффициентке T сәйкес, ал асимптота ординатасы k коэффициентіне сәйкес келеді.



4.4-сурет. Аperiодты буынның өтпелі функциясы

Осылайша, өтпелі функция бойынша аperiодты буынның беріліс функциясындағы k және T коэффициенттерін табу оңайға туседі. Егер өтпелі функцияның осциллограммасы эксперименталды түрде алынса, онда графикада $h=0.63$ нүктесін белгілеп, $k=1$ деп алып, $t=T$ -ны аламыз.

Логарифмдік амплитуда жиілікті сипаттаманы тұрғызуға арналған өрнекті алу үшін (3.10) формуласына (4.6) тере-тендігін койып

$$L(\omega) = 20 \lg k - 10 \lg [1 + (\omega T)^2] \quad (4.8)$$

өрнегін аламыз.

Графикті тұрғызу барысында алдымен төмен жиілікті асимптота тендігін құраймыз, ол $\omega \rightarrow 0$ және $\omega T_0 < 1$ болған кезінде

$$L_1(\omega) = 20 \lg k \quad (4.9)$$

түрінде болады.

$\omega \rightarrow \infty$ және $\omega T > 1$ болғанда жоғары жиілікті асимптота тендігі (4.8) тендігінен шығады:

$$L_2(\omega) = 20 \lg k - 20 \lg (\omega T) \quad (4.10)$$



(4.9) тәуелділігі бойынша құрылған асимптота абсцисса осіне параллель тұзу түрінде, ал (4.10) тере-тендігі бойынша құрылған асимптота -20dB/дек көлбейн тұзу түрінде болады. Оған ω нақты мәндерін алып көз жеткізуге болады. 4.5 а-суретте k -ның әртүрлі мәніндегі логарифмді амплитудалы сипаттама салынған.

Логарифмді фазалы сипаттамаларды құру үшін (3.9) өрнегінің алымы және бөліміне (4.5) өрнегінің сәйкес қосындыларын койып мынаған ие боламыз:

$$\phi(\omega) = -\operatorname{arctg} \omega T \quad (4.11)$$

4.5 б-суреттіңде логарифмді фазалы сипаттама құрылған. Осы жерде абсцисса осіне $\lg \omega$ мәндері қойылады.

Аperiодты буынды орындаудың мысалы болып электр желісіне қосылғаннан кейін экспонента бойынша айналым жинайтын аз қуатты электр қозғалтқыш табылады. Басқа мысал болып электрлік RC құрылғы табылады. Аperiодты буынның беріліс функциясына ие нысандар статикалық буындар деп аталады.



4.5-сурет. Апериодты буынның ЛАЖС және ЛФС

4.1-мисал

Төменде келтірілген беріліс функциясы бар апериодты буын үшін логарифмді амплитуда жисілікті сипаттаманың құрылу мысалын қарастырайық:

$$W(s) = \frac{5}{1+2s}$$

Асимптоталық ЛАЖС түргызу үшін қию жисілігін анықтау қажет

$$\omega_k = \frac{1}{T} = \frac{1}{2} = 0.5$$

Осы ω_k қию жисілігін ω жисілік осінде белгілейміз. Кию жисілігінің сол жағына ордината осін орналастырамыз. $L(\omega)$ осіне $L(\omega) = 20 \lg K = 20 \lg 5 = 20 \cdot 0.6990 = 13.98 \text{dB}$ шамасын келтіреміз. Осы нүктеден ω_k нүктесіне дейін $0 \frac{\text{dB}}{\text{дек}}$ көлбеумен сзық жүргізе-міз. Ары қарай, ω_k нүктесінен $20 \frac{\text{dB}}{\text{дек}}$ көлбеумен сзық (4.6-сурет) жүргіземіз.

ФЖС $\phi(\omega) = -\arctg 2\omega$ түргызу үшін келесі ықшамдауды енгіземіз: арктангенс функциясы аргументтің шамасын біле отырып, яғни олардың $0, 30, 45, 60, 90$ градустарының мәндерінде, функция аргументтерінің осы мәндерін қамтамасыз ететін жисіліктерінің мәндерін анықтауга болады, яғни $\arg \operatorname{tg} 0 = 0^\circ, \arg \operatorname{tg} \frac{1}{\sqrt{3}} = 30^\circ, \arg \operatorname{tg} 1 = 45^\circ, \arg \operatorname{tg} \sqrt{3} = 60^\circ, \arg \operatorname{tg} \infty = 90^\circ$. Осы өрнектер негізінде ФЖС мәндерін анықтаймыз:

$$\phi(\omega) = -\arctg 2\omega = 0^\circ \text{ кезінде } 2\omega = 0 \text{ аламыз, осыдан } \omega = 0,$$

$$\phi(\omega) = -\arctg 2\omega = 30^\circ \text{ кезінде } 2\omega = \frac{1}{\sqrt{3}} \text{ аламыз, осыдан,}$$

$$\omega = \frac{1}{2\sqrt{3}} = \frac{1}{3.46} = 0.28$$

$$\phi(\omega) = -\arctg 2\omega = -45^\circ \text{ кезінде } 2\omega = 1 \text{ аламыз, осыдан } \omega = \frac{1}{2} = 0.5,$$

$$\phi(\omega) = -\arctg 2\omega = -60^\circ \text{ кезінде } 2\omega = \sqrt{3} \text{ аламыз, осыдан } \omega = \frac{\sqrt{3}}{2} = 0.86,$$


$$\phi(\omega) = -\arctg 2\omega = -90^\circ \text{ кезінде } 2\omega = \infty \text{ аламыз, осыдан } \omega = \infty.$$

Алынған мәндерді 4.1-кестеге енгіземіз.

4.1-кесте

ω	0	0.28	0.5	0.86	∞
$\phi(\omega)$	0°	-30°	-45°	-60°	-90°

Осы кесте негізінде ФЖС $\varphi(\omega) = -\arctg 2\omega$ графигі (4.6-сурет) салынды.



4.6-сурет. Апериодтық буынның ЛАЖС

4.3. Тербелмелі буын

Тербелмелі буын ретінде бір емес, екі энергетикалық немесе массалы сыйымдылықтарды қосатын АБЖ элементін алуға болады. Мысалы, бір сыйымдылықта потенциалдық энергия, ал екіншісінде кинематикалық энергия жиналады. Энергия алмасатын каналда біршама кедергі бар және онда энергияның шығыны болады. Энергияның жоғалу өлшемі ξ өшү коэффициенті болып табылады. ξ негұрлым көп болған сайын, энергияның шығыны көп болады.

$0 < \xi < 1$ болғанда өтпелі үрдіс тербелмелі болады және буын тербелмелі деп аталады. Тербелмелі буын төмендегі дифференциалдық теңдеумен бейнеленеді:

$$T^2 \ddot{y} + 2T\xi \dot{y} + y = ku \quad (\xi > 1) \quad (4.12)$$

Лаплас түрленуінен кейін:

$$(T^2 s^2 + 2T\xi s + 1)Y(s) = kU(s) \quad (4.13)$$

Сипаттамауыш тәндеудің түбірі $T_2^2 s^2 + T_1 \xi s + 1 = 0$ кешенді болуы керек, ол $T_1 < 2T_2$ шартында орындалады.

(4.13) тәндеуі әдетте мына түрде болады:

$$\left(\frac{s^2}{q^2} + \frac{2\xi s}{q} + 1 \right) Y(s) = kU(s), \quad (4.14)$$

мұндағы $q = \frac{1}{T}$ – еркін тербелістердің бұрыштық жиілігі (өшү болмаган жағдайда).

Тербелмелі буындардың беріліс функциясы:

$$W(s) = \frac{k}{1 + 2\xi Ts + T^2 s^2} = \frac{k}{1 + \frac{2\xi s}{q} + \frac{s^2}{q^2}}. \quad (4.15)$$

Тербелмелі буындардың мысалы ретінде жоғарыда қарастырылған (2.3-мысалда) вибро корғау жүйесі (демпфер), RLC – тізбегі, тұрақты тоқты басқарылатын қозғалтқыштары (анықталған шарттарда), серпімді механикалық берілістер, гирокорништық элементтері алынуы мүмкін.

(4.12) дифференциалдық теңдеуі үшін сипаттама тәндеуінің түбірлері $0 < \xi < 1$ болғанда теріс нақты бөлікпен кешенді түйіндескен болады:

$$s_{1,2} = -\gamma \pm j\lambda = -\frac{\xi}{T} \pm j\frac{1}{T}\sqrt{1-\xi^2} = -\xi q \pm jq\sqrt{1-\xi^2}. \quad (4.16)$$


γ түбірінің нақты бөлігі өтпелі үрдістің өшү коэффициенті түріндегі болады, ал λ – өшү тербелісінің жиілігі.

Тербелмелі буынның өтпелі сипаттамасы келесі теңдікпен бейнеленеді:

$$h(t) = k \left[1 - e^{-\gamma t} \left(\cos \lambda t + \frac{\gamma}{\lambda} \sin \lambda t \right) \right] \cdot l(t)$$

Мұндағы $\gamma = \frac{\lambda}{\pi} \ln \frac{A_1}{A_2}$, $\gamma = \xi q$, $\lambda = q\sqrt{1-\xi^2}$, A_1, A_2 – бір-бірінен жарты период тербеліске тән уақытқа қалып отыратын, оның орнықты мәніне қатысты тербелістің максималды амплитудасы.

Өтпелі сипаттаманың графигі тербелмелі сипатқа ие және 4.7-суретте берілген.




4.7-сурет. Тербелмелі буынның өтпелі сипаттамасы

Тербелмелі буынның импульсті өтпелі сипаттамасы келесі тәндеумен бейнеленеді:

$$\varpi(t) = \frac{kq^2}{\lambda} e^{-\gamma t} \sin \lambda t \cdot l(t),$$


$$\text{мұндағы, } \gamma = \frac{\lambda}{\pi} \ln \frac{B_1}{B_2}, \quad q = \sqrt{\gamma^2 + \lambda^2}, \quad \xi = \frac{\gamma}{\sqrt{\gamma^2 + \lambda^2}}.$$

Импульсті өтпелі сипаттама графигі тербелмелі сипатқа ие және 4.8-суретте берілген.



4.8-сурет. Тербелмелі буынның импульсті өтпелі сипаттамасы

Тербелмелі буынның амплитуда фаза жиілікті сипаттамасының графигі 4.9-суретте көрсетілген.



4.9-сурет. Тербелмелі буынның АФЖС

Амплитуда жиілікті сипаттамада (4.10-сурет) резонансты шың болуы мүмкін және келесі тәндеумен бейнеленеді:

$$A(\omega) = \frac{k}{\sqrt{(1-\omega^2 T^2) + 4\xi^2 \omega^2 T^2}}.$$


Жиілікті беріліс функциясы модулін максимумға зерттегендеге шың $\xi < 0.707$ кезінде пайда болатыны көрінді. Шың биіктігі өшү көрсеткіші негұрлым аз болған сайын жоғары болады:

$$A(\omega_m) = \frac{k}{2\xi\sqrt{1-\xi^2}}.$$

Амплитуда жиілік сипаттамасының максимумына

$$\omega_m = q\sqrt{1-2\xi^2}$$


жиілігі сәйкес келеді.



4.10-сурет. Тербелмелі буынның АЖС сүлбасы

Тербелмелі буынның фаза жиілікті сипаттамасы (4.11-сурет) келесі тендеумен бейнеленеді:

$$\phi(\omega) = -\arctg \frac{2\xi\omega T}{1-\omega^2 T^2}.$$




4.11-сурет. Тербелмелі буынның ФЖС

Логарифмдік амплитудалық жиілікті сипаттама келесі өрнек бойынша түргызылады:

$$L(\omega) = 20 \lg \frac{k}{\sqrt{\left(1 - \frac{\omega^2}{q^2}\right)^2 + 4\xi^2 \frac{\omega^2}{q^2}}}$$

және 4.12-суретте берілген түрде болады.



4.12-сурет. Тербелмелі буынның ЛАЖС сұлбасы

ξ өшүү көрсеткіші аз болған сайын, отпелі үрдістің тербелмелілігінің жоғарылауына және амплитуда жиілікті сипаттаманың резонансты шыңының жоғарлауына әкеледі.

$\xi=0$ нақты жағдайында, энергия шығыны болмайды. Себебі, буын энергияның бастапқы қорын сақтап қалады, отпелі үрдіс өшпептің болады.

$\xi \geq 1$ болған жағдайда, энергия шығыны көп болғаны соншалық, отпелі үрдіс тербелмелі болмайды. Бұл жағдайда буын екінші ретті апериодты деп аталады. Беріліс функциясының мұндай буыны екінші ретті апериодты буынды сәйкесінше байланысқан екі бірінші ретті апериодты буын деп түсінілетін түрде берілуі мүмкін.

$$W(s) = \frac{Y(s)}{U(s)} = \frac{k}{(T_1^2 s^2 + 2T_1 \xi s + 1)} = \frac{k}{T_1 s + 1} \cdot \frac{1}{T_2 s + 1}, \quad (4.17)$$

4.2-мысал

Теменде көлтірілген беріліс функциясы бар тербелмелі буын үшін логарифмдік жиілікті сипаттаманың құрылу мысалын қарастырайық:

$$W(s) = \frac{10}{(1+2s)(1+0.5s)}.$$

Асимптоталық ЛФЖС түргызу үшін қию жиілігін анықтау кажет:

$$\omega_{opt1} = \frac{1}{T_1} = \frac{1}{2} = 0.5 \quad \omega_{opt2} = \frac{1}{T_2} = \frac{1}{0.5} = 2.$$

Киманың осы жиілігін жиілік ω осіне орналастырамыз. Қиманың аз жиілігінің сол жақ мәндерін ордината осіне орналастырамыз. $L(\omega)$ осіне $L(\omega) = 20 \lg K = 20 \lg 10 = 20 \text{dB}$ шамасын көлтіреміз. Осы нүктеден ω_{opt1} нүктесіне дейін $0 \frac{\text{dB}}{\text{дек}}$ көлбеумен сыйық жүргіземіз.

Ары қарай, ω_{opt2} нүктесінен $-20 \frac{\text{dB}}{\text{дек}}$ көлбеумен сыйық жүргіземіз, графикті жағаластырамыз, ω_{opt2} нүктесінен $-40 \frac{\text{dB}}{\text{дек}}$ көлбеумен сыйық жүргіземіз. (4.3-сурет)

ФЖС $\phi(\omega) = -\arctg 2\omega - \arctg 0.5\omega$ түргызу үшін келесі қысқартуларды енгіземіз. Алдымен, жоғарыда берілген әдістеме бойынша $\phi_1(\omega) = -\arctg 2\omega$ және $\phi_2(\omega) = -\arctg 0.5\omega$ графиктерін жеке жеке түргызамыз, одан кейін осы екі сипаттамаларды графикалық қосындылаймыз $\phi(\omega) = \phi_1(\omega) + \phi_2(\omega)$ және екінші ретті апериодты буынның ФЖС аламыз.

Жеке тұрғызайық, алдымен, $\phi_1(\omega) = -\arctg 2\omega$. Ол үшін келесіні есептейміз:

$$\phi_1(\omega) = 0^\circ, \omega = 0, \phi_1(\omega) = 30^\circ, 2\omega = \frac{1}{\sqrt{3}}, \omega = 0.28,$$

$$\phi_1(\omega) = -45^\circ, 2\omega = 1, \omega = \frac{1}{2} = 0.5, \phi_1(\omega) = -60^\circ, 2\omega = \frac{1}{\sqrt{3}}, \omega = 0.86,$$

$$\phi_1(\omega) = -90^\circ, \omega = \infty$$

Алынған мәндерді 4.2-кестеге жазамыз.

4.2-кесте

ω	0	0.28	0.5	0.86	∞
$\phi_1(\omega)$	0°	-30°	-45°	-60°	-90°

Осы кесте негізінде ФЖС $\phi_1(\omega) = -\arctg 2\omega$ графигі тұрғызылған (4.13-сурет).

Ары қарай, $\phi_2(\omega) = -\arctg 0.5\omega$ жеке тұрғызамыз. Ол үшін келесіні есептейміз:

$$\phi_2(\omega) = 0^\circ, \omega = 0, \phi_2(\omega) = 30^\circ, 0.5\omega = \frac{1}{\sqrt{3}}, \omega = 1.15,$$

$$\phi_2(\omega) = -45^\circ, 0.5\omega = 1, \omega = 2, \phi_2(\omega) = -60^\circ, 0.5\omega = \frac{1}{\sqrt{3}}, \omega = 3.46,$$

$$\phi_2(\omega) = -90^\circ, \omega = \infty.$$

Алынған мәндерді 4.3-кестеге енгіземіз.


4.3-кесте

ω	0	1.15	2	3.46	∞
$\phi_2(\omega)$	0°	-30°	-45°	-60°	-90°

Осы 4.3-кесте негізінде ФЖС $\phi_2(\omega) = -\arctg 0.5\omega$ графигі тұрғызылған (4.3-сурет).

Ары қарай, осы екі функция графиктерін графикалық қосамыз. Ол үшін, ордината осіне төмен қарай бір-біріне параллель бірдей қашыктықта болатын сызықтар жүргізу қажет.

Содан, осы тұзу бойындағы функция шамаларын 4.3-суретте көрсетілгендей етіп қосамыз.



4.13-сурет. Беріліс функциясы $W(s) = \frac{10}{(1+2s)(1+0.5s)}$ болатын тербелмелі буынның логарифмдік және фазалық жиілікті сипаттамасы

4.4. Интегралдаушы буын

Интегралдаушы буында шығыс шама кіріс шаманың интегралына пропорционалды болып келеді:

$$y = k \int_0^t u dt,$$

мұндағы, k – беріліс коэффициенті.

Типтік интегралдаушы буынның дифференциалды тендеуі келесі түрге ие:

$$\frac{dy}{dt} = ku \quad (4.18)$$

(4.18) дифференциалды тендеуін Лаплас түрлендіруінен кейін келесін аламыз:

$$sY(s) = kU(s)$$


Осыдан, интегралдаушы буынның кешенді беріліс функциясы (БФ) келесі түрде болады:

$$W(s) = \frac{k}{s} \quad (4.19)$$

Беріліс функциясындағы (4.19) Лаплас операторы s -ті $j\omega$ -ға ауыстыру жолымен астатикалық буынның АФЖС векторының аналитикалық өрнегін оңай алуға болады. Қарапайым түрлендірулерден кейін мынаны аламыз:

$$W(j\omega) = \frac{k}{j\omega} = \frac{k \cdot j\omega}{j\omega \cdot j\omega} = -\frac{jk\omega}{\omega^2} = -\frac{jk}{\omega} \quad (4.20)$$


АФЖС векторының нақты бөлігі нөлге тең, сонда ω жиілігі 0-ден ∞ -ке өзгере отырып, оның годографы 4.14-суреттегі түрге келеді. АФЖС векторының соңы кешенді жазықтықтың теріс жорамал жарты осі бойынша жылжиды, ол инерционды буынның АФЖС графигі болады.



4.14-сурет. Интегралдаушы буынның АФЖС


Амплитудалы жиілікті сипаттама $A(\omega) = \frac{k}{\omega}$ (4.14-сурет) қисық сзықты болады, $\omega \rightarrow 0$ кезде $A(\omega) \rightarrow \infty$, ал $\omega \rightarrow \infty$ болған кезде $A(\omega) \rightarrow 0$. Демек, кірістегі жиілік жоғары болған сайын, шығыс шаманың амплитудасы төмендейді.

Сонымен қатар, интегралдаушы буын фазаны -90° шамага ығыстырады.



4.15-сурет. Интегралдаушы буынның АЖС


4.16-суретте интегралдаушы буын екпін алудың типтік қисығы бейнеленген. Осы графиктен, интегралдаушы буынмен аппроксимирленетін объект өздігінен тегістелу қасиетіне ие болмайтыны көрінеді. Осындай буынның өтпелі сипаттамасы (4.15-сурет) сатылы функция ретінде болады, яғни $u = 1(t)$ кезінде, $y = h(t) = k \cdot 1(t)$.



4.16-сурет. Интегралдаушы буынның өтпелі сипаттамасы

Импульсті өтпелі сипаттама (4.17-сурет) импульсті функция түрінде болады, амплитудасы $A \rightarrow \infty$, ал импульс ауданы S к-ға тең, яғни $u = \varpi(t) = k \cdot \delta(t)$

Интегралдаушы буынын іске асыруышы мысалына өндірістің технологиялық тізбегіндегі жинақтаушы бункерін, инерциялық электроқозгалтқышты және т.б. келтіруге болады. Интегралдаушы буындармен жұықталатын нысандарды астатикалық деп атайды. Кіріс әсерінің кез келген мәнінде кез келген шығыс шама сәйкес келуі мүмкін. Интегралдаушы буынның ерекше артықшылығы, кіріс әсер тоқталғаннан кейін буын құйі кіріс әсер тоқтатылған сәттегі деңгейін ұстап қалатындығы болып табылады. Осындай «жады» комегімен астатизм болады.



4.17-сурет. Интегралдаушы буынның импульсті өтпелі сипаттамасы

Сонымен катар, интегралдаушы буындармен сипатталынатын нысандар өздігінен тәсесу қасиетіне ие емес, яғни орнықсыз екенин ескеру қажет.

4.5. Дифференциалдаушы буын

Дифференциалдаушы буын интегралдаушы буындар сияқты АБЖ астатикалық объектілер класына жатады.

Дифференциалдаушы буын келесі түрдегі дифференциалдық теңдеумен бейнеленеді:


$$y = k \frac{du}{dt} \quad (4.21)$$

мұндағы, k – пропорционалдылық коэффициенті. Бұл жағдайда, кіріс және шығыс шамалары бір өлшемде болса, онда k уақыт өлшемі деп алынады және дифференциалдаушы буынның тұракты уақыты деп аталауды да Т-деп белгіленеді.

(4.21) теңдеуінен дифференциалдаушы буынның беріліс функциясының мына түрде алу киын емес:


$$W(s) = ks. \quad (4.22)$$

Дифференциалдаушы буынның тұракты кіріс әсерлерге әсері болмайды. Бірақ, бірлік секіріс сигналды беру кезінде осындағы буынның өтпелі сипаттамасы (4.18-сурет) дельта функциясының импульсі түрінде, яғни $u = \delta(t)$ кезінде, $y = h(t) = k \cdot \delta(t)$ болады.



4.18-сурет. Дифференциалдаушы буынның өтпелі сипаттамасы

Импульсті өтпелі сипаттама (4.19-сурет) импульсті функция түрінде болады, яғни $u = \delta(t)$ кезінде $y = w(t) = k \cdot \frac{d\delta(t)}{dt}$.




4.19-сурет. Дифференциалдаушы буынның импульсті өтпелі сипаттамасы

Жиіліктік сипаттаманы тұрғызу үшін (4.22) теңдеуінен дифференциалдаушы буынның жиіліктік беріліс функциясын аныктаймыз:


$$W(j\omega) = jk\omega \quad (4.23)$$

АФЖС графигі 4.20-суретте көрсетілген. Бұл сипаттама жорамал оң жартылай остиң бойымен жүргізілген түзу сызықты көрсетеді, $\omega = 0$ тболған кезде оның басы 0 нүктесінен басталады және $\omega \rightarrow \infty$ кезінде ∞ -ке ұмтылады.



4.20-сурет. Дифференциалдаушы буынның амплитудалы жайліктік сипаттамасы


Амплитудалы жайліктік сипаттама графигі $A(\omega) = |k\omega|$ тәпеп-тендігіне сәйкес 4.21-суретте келтірілген.



4.21-сурет. Дифференциалдаушы буынның АЖС

$A(\omega)$ графигінен, еріксіз тербелістердің жайлігінің көбеюімен шығыс сигналының амплитудасы жоғарылай түсетінін көруге болады. Бұл жағдайда, дифференциалдаушы буын жоғары жайлікті сигналдарды оңай өткізеді және төмен жайлікті сигналдарды нашар өткізеді. Сондықтан, осындай нысандар жоғары жайлікті бөгөттерге сезімтал болып келеді.


Фазалы жайліктік сипаттама $\phi(\omega) = \pi/2$ 4.22-суретте ұсынылған.



4.22-сурет. Дифференциалдаушы буынның фазалы жайліктік сипаттамасы

Бұл жерде атап өтетін жағдай, фаза бойынша 90° -қа өсетін, жиілікке тәуелді болмайтын дифференциалдаушы буын кіргізеді.

4.23-суретте дифференциалдаушы буынның логарифмдік жайліктік сипаттамасы келтірілген.



4.23-сурет. Дифференциалдаушы буынның ЛЖС

4.23-суретте қиу жайлігі $\omega_p = \frac{1}{k}$ болғанда логарифмдік жайліктік сипаттама $L(\omega) = 20\text{dB}/\text{сек}$ болады.

Идеал дифференциалдаушы буын ретінде жылдамдықты өлшеме режиміндегі тахогенераторын (тахогенератор кернеуі жылдамдыққа пропорциональ), дифференциалдау режиміндегі операционды күшеткішті алуға болады.

4.6. Кешігуші буын

Сигналдарды бүрмалаусыз беретін, бірақ шығыс сигналы уақыт бойынша кіріс сигналдан кешігетін буындарды кешігуші буындар деп атайды. Электрлік желілер, құбырлар, релелі құрылғылар және де сол сияқты АБЖ нысандары кешігуші буындардың қасиетіне ие болып табылады.

Кешігуші буындардың тендеуі келесі түрге ие:

$$y(t) = u(t - \tau),$$

мұндағы, t – кешігу уақыты.

Кешігуші буындардың көптеген сипаттамалары күшеткіш буындарға ұқсас болып келеді, сондықтан осында кейбір ерекше-

ліктерін ғана келтірейік. Кешігуші буынның өтпелі функциясы күштікіш буындардың өтпелі функциясына ұқсас, ерекшелігі абсолютта осі бойынша t шамаға ығысуының болуында. Жиіліктік және амплитудалық сипаттамалары бойынша да күштікіш буындарға ұқсас. Тек фазалы сипаттамаларында ғана өзгешелік бар. Кешігуші буын фаза бойынша теріс ығысууды туындатады, оның өзі кіріс сигналдың жиілігіне сзықты тәуелді болады.

Корыта айтқанда, күштікіш, апериодты, тербелмелі, кешігуші буындар статикалық, ал интегралдаушы және дифференциалдаушы буындар астатикалық болатынын ескерген жөн.

Сонымен қатар, типтік буындарды анализ жасаганда АБЖ бөліктеге бөлуге болатын немесе керісінше солар бойынша синтездеуде берілген сипаттамалармен АБЖ күрайтын “кірпіш” болып келетінін де ескеру кажет. Мұнда төменде қарастырылған АБЖ күрылымдық сұлбасы маңызды рөл атқарады.

4.7. АБЖ күрылымдық сұлбалары





АБЖ моделдеуші аспаптарының бірі күрылымдық сұлба түрінде ұсынылатын математикалық және компьютерлік моделдер, функционалдық сұлбалар негізінде күрылған графикалық модельдер болып келеді. Күрылымдық сұлба дегеніміз, жүйе қандай динамикалық буындардан тұратынын және олар өзара қалай байланысқанын көрсететін АБЖ графикалық моделін айтады.


Күрылымдық сұлбалардың элементтері 4.4-кестеде көрсетілген әдеттегі белгілеулерге ие.

Накты өнеркәсіптік автоматты басқару жүйелерінде элементтердің өзара бір бірімен қосылысы күрделі болып келеді. Бірақ, кез келген күрделі жүйені үш түрлі қосылыстың бірімен жеке блоктарға бөліп тастауға болады: тізбекті, параллельді келісілген немесе қарсы параллельді. Осы қосылыстарды жеке-жеке қарастырайық.

4.4-кесте


№ п/п	Элементтер атауы	Күрылымдық сұлбадағы элементтердің белгіленулері

1	Сигнал беру сызығы	
2	Динамикалық буын	
3	Екі кірісі және бір шығысы бар динамикалық буын	 $Y(s) = W_1(s) U_1(s) + W_2(s) U_2(s)$
4	Түйін немесе тармакталу (тармакталу орындарында сигналдар бөлінбейді)	
5	Сигналдар дың сумматоры	



4.7.1. Буындардың тізбектей қосу

Буындардың тізбекті қосылышының сұлбасы 4.24-суретте көрсетілген. Буындардың тізбекті қосылышы кезінде әрбір буынның кіріс оның алдында тұрған буынның шығысы болады.



4.24-сурет. Буындардың тізбекті қосылышы

Бірізді тізбекте әрбір буынның шығыс сигналын беріліс функциясы арқылы өрнектеуге болады:

$$Y_1(s) = W_1(s)U_1(s); \quad Y_2(s) = W_2(s)Y_1(s); \quad Y_3(s) = W_3(s)W_2(s)U_1(s) \quad (4.23)$$

Осыланан, буындардың тізбекті қосылуын беріліс функциясы күрамдас буындардың беріліс функцияларының туындысына тең бір эквивалентті буынмен алмастыруға болады, яғни:

$$W(s) = W_1(s)W_2(s) \quad (4.24)$$


4.23 өрнегінде орындалатын түрлендіруді кез келген n -ші ретті буындар үшін жүргізуге болады, сонда эквивалентті буынның беріліс функциясы келесідей анықталынады:

$$W(s) = \prod_{i=1}^n W_i(s) \quad (4.25)$$

4.7.2. Буындардың параллель қосу

Буындардың параллель қосылышының сұлбасы 4.25-суретте көлтірілген. Әрбір буын үшін шығыс сигналдың өзінің беріліс функциясы арқылы өрнектейік, сонда

$$Y_1(s) = W_1(s)U_1(s); \quad Y_2(s) = W_2(s)U_2(s); \quad Y_3(s) = W_3(s)U_3(s). \quad (4.26)$$



4.25-сурет. Буындардың параллель қосылышының сұлбасы

Түйіндердің қасиетінен күрама буындардың кіріс сигналдары эквивалентті буындардың кіріс сигналдарына тең болатыны белгілі:

$$U(s) = U_1(s) = U_2(s) = U_3(s).$$

Сумматорлар үшін сигналдарды жинау тән, сондықтан $Y(s) = Y_1(s) + Y_2(s) + Y_3(s)$, яғни эквивалентті буынның шығыс сигналы параллель қосылған күрама буындардың шығыс сигналдарының қосындысына тең.

(4.26) тепе теңдіктердегі параллель қосылған буындардың шығыс және кіріс сигналдары арасындағы байланысты ескере отырып, женіл түрлендірүлдерден кейін мынаны аламыз: $W(s) = W_1(s) + W_2(s) + W_3(s)$ немесе жалпы жағдайда:

$$W(s) = \sum_{i=1}^n W_i(s) \quad (4.27)$$

Сонымен, параллель қосылған буындарды беріліс функциясы күрама буындардың беріліс функцияларының қосындысына тең болатын эквивалентті буынмен алмастыруға болады.


4.7.3. Буындардың қарсы параллельді қосылышы

Буындардың қарсы параллель қосылышы әдетте кері байланысты қалыптастырады. Кері байланыс деп динамикалық буындардың немесе АБЖ жиынтық буындарының шығысынан кіріске сигналды беру тізбегін айтады. Егер контурдың тұйықталуында салыстыру

түйіні пайдаланылса, онда теріс кері байланыс қалыптасады (олар кең тараған). Егер тұйықталу сумматор көмегімен орындалса, ондай жағдайда он кері байланыс қалыптасады. 4.26-суретте теріс кері байланысты қарсы параллельді қосылған екі буынның сұлбасы берілген.

Кері байланыс болған жағдайда жүйенің тұйықталу тендеуі операторлық түрдегі алгебралық тендікпен жазылады:

$$\Delta U(s) = U(s) \mp U_{\kappa b}(s). \quad (4.28)$$



4.26-сурет. Теріс кері байланыстың құрылымдық сұлбасы

Мұндағы (-) таңбасы теріс кері байланыска, ал (+) таңбасы он кері байланыска сәйкес келеді.

Кері тізбек үшін (4.26-суреттегі құрылымдық сұлбаның төменгі буыны):

$$U_{\kappa b}(s) = W_{\kappa b}(s)Y(s). \quad (4.29)$$

Тура тізбек үшін (4.26-суреттегі құрылымдық сұлбаның жоғары буыны):

$$\Delta U(s) = \frac{Y(s)}{W_1(s)} \quad (4.30)$$

(4.28-4.30) тендіктерін бірлесе шешіп және күрделі емес түрлендірулерден кейін буындардың қарсы параллель қосылған тізбектің эквивалентті беріліс функциясын аламыз:

$$W(s) = \frac{W_1(s)}{1 \pm W_{\kappa b}(s)W_1(s)} \quad (4.31)$$

Теріс кері байланыста беріліс функцияның (4.31) бөлімінде косу (плюс) таңбасы алынады.

Әдетте АБЖ буындардың күрделі қосылыштарының сұлбасы






түрінде болады, оның ішінде типтік байланыстарды көру қынға түспейді. Сондықтан, тура және кері тізбек бойынша құрылымдық сұлбаларды бөліктеге бөлеміз (буындардың тізбекті, параллель қосылыштары), солардың әр біреуіне өзінің беріліс функцияларын тауып және 4.25-суретке ұқсас жалпы құрылымдық сұлбаны ала-



мыз.

4.5-кестеде берілген белгілі ережелерді қолдана отырып құрылымдық сұлбаларды қысқартуға болатынын ескерген жөн.

АБЖ	Схема	Беріліс	Көрсеткіш	Анықтау
1. АБЖ		$U(s) = Y(s)$	$W(s) = 1$	1
2. АБЖ		$U(s) = Y(s) - W_{\kappa b}(s)Y(s)$	$W(s) = \frac{1}{1 + W_{\kappa b}(s)}$	$\frac{1}{1 + W_{\kappa b}(s)}$
3. АБЖ		$U(s) = Y(s) - W_{\kappa b}(s)Y(s)$	$W(s) = \frac{W_1(s)}{1 + W_{\kappa b}(s)W_1(s)}$	$\frac{W_1(s)}{1 + W_{\kappa b}(s)W_1(s)}$
4. АБЖ		$U(s) = Y(s) - W_{\kappa b}(s)Y(s)$	$W(s) = \frac{W_1(s)}{1 + W_{\kappa b}(s)W_1(s)}$	$\frac{W_1(s)}{1 + W_{\kappa b}(s)W_1(s)}$
5. АБЖ		$U(s) = Y(s) - W_{\kappa b}(s)Y(s)$	$W(s) = \frac{W_1(s)}{1 + W_{\kappa b}(s)W_1(s)}$	$\frac{W_1(s)}{1 + W_{\kappa b}(s)W_1(s)}$

4.5-кесте

Түрлөндірү ережелері	Бастапқы күрүштік сұлбасы	Эквивалентті күрүштік сұлбасы
Сумматорды ауыстыру		
Буындарды ауыстыру		
Түйіндерді ауыстыру		

Түйіндерді шығыстап кіріске ауыстыру		$Y_{\text{түй}}(s) = Y_{1\text{түй}}(s) W_1(s) U(s)$
Сумматор- ларды шы- ғыстан кіріске ауыс- тыру		$Y_{\text{түй}}(s) = W_1(s) U_1(s) + U_f(s)$

4.3-мысал.


Студенттердің өзіндік жұмыстары үшін тақырып: **Автоматты басқару жүйесінің сипаттамасы**

Жұмыстың мақсаты: Сызықты динамикалық жүйенің сипаттама тәсілдерін меңгерту және олардың әдістерін MATLAB және SIMULINK пакеттерінде модельдеу.

Томенде талап етілемін теориялық материалдар және СӨЖ орындауга арналған мысалдар берілген. СӨЖ орындауга арналған әдістемелік нұсқаулық 2-қосымшида көлтірілген.

4.3.1. Құрылымдық сұлба жүйесінің және беріліс функциясының сипаттамасы

АБЖ модельдеу кезінде томендеғі құрылымдық сұлбалар, беріліс функциялар, дифференциалды теңдеулер, күй айнымалылары көмегімен модельдеу тәсілдері қолданылады. 4.27-суретте құрылымдық сұлба көлтірілген. Оның құрамына $W_1(s)$, $W_2(s)$ беріліс функцияларымен берілген екі буын және и кіріс сигналымен у шығыс сигналды салыстыру құрылғысы кіреді.



4.27-сурет. АБЖ құрылымдық сұлбасы.

Осындағы сұлба көмегімен тапсырмада нысандарды модельдеу тәсілдері құрылымдық деп аталады, ол нысан құрылымын нақты қамтиды.

Айталақ, мысал ретінде, буындар ара қашықтығының берілісі мына түрде берілген болсын $W_1(s) = \frac{k}{(T_1 s + 1)}$, $W_2(s) = \frac{1}{T_2 s}$.

Мұндағы, k – күшету коэффициенті, T_1, T_2 – белгілі шамалары бар уақыт тұрақтысы. Буындардың өзара байланысын ескере отырып, кіріс және шығыс сигналдарын Лаплас түрлендіруімен байланыстыратын $W(s) = \frac{Y(s)}{U(s)}$ эквивалентті беріліс функциясын анықтауга болады.

Құрылымдық сұлба екі әдіекті байланысқан буындар және бір-лік беріліс функциясымен кері байланысы бар сумматордан тұрады. Эквивалентті буынның беріліс функциясы мұндай жүйе үшін (4.31) тәуелділігімен анықталады, яғни

$$W(s) = \frac{W_1(s) \cdot W_2(s)}{1 + W_1(s) \cdot W_2(s)}, \quad (4.32)$$

Біздің жағдайымызда, $W_1(s) = \frac{k}{(T_1 s + 1)}$, $W_2(s) = \frac{1}{T_2 s}$ берілісі ке-зінде мынаны алаңыз:

$$W(s) = \frac{k}{T_1 T_2 s^2 + T_2 s + k}.$$

Осыдан кіріс және шығыс сигналдар үшін Лаплас түрлендіруі бойынша тәуелділікті мына түрде алаңыз:

$$Y(s) = \frac{k}{T_1 T_2 s^2 + T_2 s + k} U(s).$$

Құрылымдық сипаттамамен салыстырганда беріліс функциясы көбумукіндікті математикалық модель болып табылады, сонымен қатар сол уақытта жүйенің орнықтылығының, динамикалық сипаттамасын ары қарай анализдеуге мүмкіндік береді.

4.3.2. Дифференциалдық теңдеулер көмегімен АБЖ сипаттау

АБЖ модельдеуде беріліс функциясынан дифференциалды теңдеу көмегімен жүйені сипаттауга көшуге болады. Ол үшін (4.32) теңдеуін ала отырып Лаплас кері түрлендіргішін қолдануға болады. Басқа қарапайым мысал болып Лаплас түрлендіруінің операторынан жазба түріндегі операторга (s -тан p -га алмастыру) отырғы табылады. Біздің мысал үшін алаңыз:

$$(T_1 T_2 p^2 + T_2 p + k) Y(p) = k U(p).$$

Сосын p операторын d/dt дифференциалдау операторына аудыстыру қажет

$$T_1 T_2 \ddot{y} + T_2 \dot{y} + k y = k u. \quad (4.33)$$

Бұл дифференциалдық теңдеулерді Жоғары математика курсының танымды әдістерімен шеше отырып жүйенің кез келген кіріс өсерлерге реакциясын табуга болады.

(4.33) дифференциалдық теңдеуінің $y(t)$ аналитикалық шешімі

$y_{\text{бір}}(t)$ біртекті теңдеуінің шешімі және $y_{\infty}(t)$ дифференциалды теңдеуінің жеке шешімінің қосындысы болып табылады.

$y_{\text{бір}}(t)$ -ті алу үшін $T_1 T_2 t^2 + T_2 t + k = 0$ сипаттамалық теңдеуін құрамыз, және r_1, r_2 түбірлерін табамыз. Егер олар нақты және әртүрлі болса, онда біртекті теңдеу шешімі мына түрде ізделінеді $y_{\text{общ.}}(t) = C_1 e^{r_1 t} + C_2 e^{r_2 t}$, мұндағы C_1 , және C_2 – бастапқы және кейін анықталатын шамаларға тәуелді коэффициенттер. $r_{1,2} = \alpha \pm j\beta$ кешенді түбірлер жұбына $y_{\text{бір}}(t) = e^{\alpha t} (C_1 \sin \beta t + C_2 \cos \beta t)$ теңдеу шешімі сәйкес келеді.

Барлық жағдайда жүйе егер түбірлер сол жарты жазықтықта жатқан болса орнықты болады еken (бұл біртекті теңдеу шешімі кезінде уақыт оте келе нөлге ұмтылады).

Дифференциалды теңдеудің жеке шешімі (4.33) дифференциалды теңдеуінің он жақ болігі түрінде анықталады. Егер, мысалы, ол жерде $u = e^{-t}$ экспонентальды функциясы тұрса, онда жеке шешімді де $y_{\text{частн.}} = C e^{-t}$ экспонента түрінде табу қажет. Егер $u = 1(t)$, онда оны $y_{\text{частн.}} = C$ константа түрінде табу қажет. C -ті анықтау үшін жеке шешімді дифференциалды теңдеуге қою керек. Тұнды тұрақты нөлге тең екенин ескерсек, онда соңғы жағдайда $C = 1$ екенин табамыз.

C_1, C_2 тұрақтыларының мәндері бастапқы шарттар шешімін алғынан алмастыру жолымен табылады. Мысалы, бастапқы шарт нөл болған жағдайда және C_1 және C_2 тұрақтылары $y(t) = C_1 e^{r_1 t} + C_2 e^{r_2 t} + 1$ шешімі түрінде төмөндегі теңдеу жүйесін анықталады:

$$C_1 + C_2 + 1 = 0; \quad r_1 C_1 + r_2 C_2 = 0.$$

Нысанның тапсырмамен міндеттіне (4.33) типінің n -ретті дифференциалды теңдеуі бірінші ретті дифференциалды теңдеу жүйесі көмегімен көп қолданылады. Бұл сипаттама матрицалық сипаттама немесе күй теңдеуі көмегімен жазылған сипаттама түрінде танымал.

4.3.3. Күй теңдеуі көмегімен берілген сипаттама

Жоғарыда келтірілген 2.5-мысалда күй теңдеуінде келтірілген дифференциалды теңдеу түріндегі АБЖ сипаттама берілген. Шынында, Жоғарғы математика курсында кейбір жоғарғы ретті дифференциалды теңдеу түрлері бірінші ретті дифференциалды теңдеулер жүйесі ретінде келтірілуі мүмкін екендігі дәлелденеді.

Бұл жағдайда, бірінші ретті буыннан құралған құрылымдық сұлба түріндегі АБЖ сипаттамасы берілген кезде төмөнде келтірілген әдісті қолдану ыңғайлыш.

Құрылымдық сұлбаны күй айнымалысы сипатында қолданамыз және бірінші ретті буындардың шығыс сигналдарынан бастала-тын x_1 , және x_2 айнымалыларын қабылдайдыз. Құрылымдық сұлба-дан буынның шығыс сигналдары мынаган тең екендігін көреміз:

$$x_1 = W_1(s)(u - x_2), \quad x_2 = W_2(s) \cdot x_1.$$

Бұл теңдеулерге $u = x_2$ шығыс сигнал үшін алгебралық теңдеу қосу керек.

Матрицалық түрде күй теңдеуі мына түрде болады:

$$\dot{X} = \bar{a}X + \bar{b}u, \quad Y = \bar{c}X, \quad (4.34)$$

$$X = \begin{bmatrix} x_1 \\ x_2 \end{bmatrix}, \quad \bar{a} = \begin{bmatrix} -1/T_1 & -k/T_1 \\ 1/T_2 & 0 \end{bmatrix}, \quad \bar{b} = \begin{bmatrix} -k/T_1 \\ 0 \end{bmatrix}, \quad \bar{c} = [0 \ 1]$$

Күй кеңістігінде күй матрикасын қолдана отырып орнықты-лышты, басқаруды, бақылауды және басқа да жүйе сипаттама-ларын бағалауга болады.

Сипаттамалардың барлық қараш шығылған түрлері (4.32–4.34) бір бірімен тығыз байланысты. Бір сипаттаманы білу арқылы (түрлендіргіш операторлары), қалғандарын алуға болады. Мысалы, $\bar{a}, \bar{b}, \bar{c}$ матрицалары арасындағы байланыс күй кеңістігі және беріліс функциясы жүйесінің сипаттамасы $W(s)$ келесі теңдікпен беріледі:

$$W(s) = \bar{c}(sE - \bar{a})^{-1}\bar{b} \quad (4.35)$$

мұндағы s – Лаплас операторы, E – бірлік матрица.

Күй кеңістігі сипаттамасының дұрыстығын анықтау үшін ертеректе алғынган (4.32) формуласымен $W(s)$ түрлендіргішін са-лыстыру және (4.35) формуласы бойынша $W(s)$ -ті анықтау үсы-нылады.

4.3.4. АБЖ басқарылынуы және бақылануы

Күй теңдеуінде берілген жүйенің басқарылынуы мен бақылануын бағалау үшін $\bar{a}, \bar{b}, \bar{c}$ матрицасы түрінде құрамыз, екі көмекші мат-рица

$$R = [\bar{b}, \bar{a}\bar{b}, \dots, \bar{a}^{n-1}], D = [\bar{c}, \bar{c}\bar{a}, \dots, \bar{c}\bar{a}^{n-1}].$$

R және D матрицалары сәйкесінше жүйенің басқарылыну матрицасы және бақылану матрицасы деп аталаады.

Жүйе басқарылатын болуы үшін басқарылу матрицасы толық рангты $\text{rank } R = n$ болуы қажетті және жеткілікті.

АБЖ бақыланатын болуы үшін бақылану матрицасы толық рангты $\text{rank } D = n$ болуы қажетті және жеткілікті.

Бір кіріс және бір шығысты жүйе жағдайында R және D матрицалары квадратты, сондықтан бақылану және басқарылу үшін R және D матрицаларының анықтауыштарын есептей жеткілікті. Егер олар нөлге тең болмаса, онда матрицалар толық рангты болады.

Бақылау сұрақтары:

1. Типтік динамикалық буындардың анықтамасы.
2. Апериодты буынның өтпелі функция графигі бойынша k және T коэффициенттерін қалай анықтаймыз.
3. Апериодты буындарды жүзеге асыру мысалдары.
4. Апериодты буынның беріліс функциясы.
5. Тербелмелі буынның беріліс функциясы.
6. Тербелмелі буынның өтпелі сипаттамасы.
7. Тербелмелі буынның фаза жиіліктік сипаттамасы.
8. Интегралдаушы буынның беріліс функциясы.
9. Интегралдаушы буынның АФЖС.
10. Интегралдаушы буынның өтпелі сипаттамасы.
11. Интегралдаушы буындарды жүзеге асыру мысалдары.
12. Дифференциалдаушы буынның беріліс функциясы.
13. Дифференциалдаушы буынның өтпелі сипаттамасы.
14. Дифференциалдаушы буынның амплитуда жиіліктік сипаттамасы.
15. Идеалды дифференциалдаушы буындардың мысалдары.
16. Кешігуші буындарының қасиеті.
17. Кешігуші буындардың мысалдары.
18. Кешігуші буындардың теңдеуі.
19. Құрылымдық сұлбалардың элементтері.
20. Буындардың тізбекті қосылышының сұлбасы.
21. Буындардың тізбекті қосылышы кезіндегі эквивалентті буындардың беріліс функциясы.

22. Буындардың параллель қосылышының сұлбасы.

23. Буындардың параллель қосылышы кезіндегі эквивалентті буындардың беріліс функциясы.

24. Буындардың қарсы-параллель қосылышы.

25. Кері байланыс мысалы мен түсінігі.

26. Теріс кері байланысты құрылымдық сұлба.

27. Қарсы-параллель қосылған буындар тізбегінің беріліс функциясы.

5-ТАРАУ. АБЖ ОРНЫҚТЫЛЫГЫ

5.1. Орнықтылықты математикалық бағалау

Жоғарыда көрсетіл өткеніміздей барлық автоматиканың басқа-ру жүйелері орнықты болуы қажет. Егер шектелген кіріс сигналында жүйе реакциясы шығыс сигнал ретінде де шектелген болса, онда АБЖ орнықты деп саналады. Көптеген автоматты басқару жүйелерінің теріс кері байланысы бар тұйықталған жүйесі болады. Осылайда жүйелерде шығыс шама кері байланыс жүйесі арқылы кіріске беріледі, онда ол беруші әсермен салыстырылады. Осылдан өзінің функциясын қалыпты орында жатқан жүйе, жүйенің орнықтылығы үшін сипатты жіберілстін ауыткуларын қамтамасыз ете отырып беруші және шығыс сигналдар арасындағы айырмашылығын жояды. Орнықсыз жүйелер үшін осы ауыткулар уақыт өткен сайын ессе бастайды.

Тұйықталған АБЖ орнықтылыққа зерттеу барысында математикалық зерттеулердің ынғайлышына байланысты жүйенің еркін қозғалысы қарастырылады. Жүйсінің еркін қозғалысы кіріс қоздырылған сигналдың берілуі және алынуынан кейінгі жүйенің қасиетімен анықталады.

Орыс ғалымы А. М. Ляпунов механикалық жүйелер мысалында көрсеткендей, егер еркін қозғалыстағы жүйе орнықты болса, онда қозу әсер етіп тұрған жүйе де орнықты болып келеді.

Осы қортындыны автоматты басқару жүйелеріне қолдана отырып, орнықтылық үшін қозған қозғалыс нәтижесінде қозу әсер етуі тоқтаған соң қозбаған күйге қайта орала алатын жүйенің кабілеттілігі қарастырылады.

Айталық, қозу әрекеті жоқ кезде s шығыс сигналы $y_{s0}(t)$ ($s = 0, 1, \dots, n$) функцияларымен, ал қозу әрекетінде $y_s(t)$ функциясымен сипатталсын.

Орнықты (еркін) қозғалыстан қозған қозғалыска ауытқуы:

$$\Delta y_s(t) = y_{s0}(t) - y_s(t)$$

(-) белгісі теріс кері байланысты білдіреді. Бастапқы кезде ауытку $\Delta y_s(0)$ болады.

Орнықтылықтың математикалық шартын келесідей қалыптастыруға болады: қозбаған қозғалыс орнықты болады, егер қандай да

бір оқ аз сан μ үшін өзіне тәуелді болып келетін басқа санды ң алуға болса, ол барлық қозған қозғалыстар үшін бастапқы шарт кезінде төмендегі өрнек орындалады

$$|\Delta y_s(0)| < \zeta(\mu)$$

барлық $t > 0$ үшін төмендегі теңсіздік орындалады:

$$|\Delta y_s(t)| < \mu.$$

Егер $\zeta(\mu) = \infty$ болса, онда жүйе шексіз орнықты деп аталады, яғни ол кез келген бастапқы шарттарда орнықты.

Тұйықталған жүйенің еркін қозғалысы келесі дифференциалдық теңдікпен сипатталады:

$$a_n \frac{d^n \Delta y}{dt^n} + \dots + a_1 \frac{d \Delta y}{dt} + a_0 \Delta y = 0 \quad (5.1)$$

Бастапқы шарты $\frac{d^k \Delta y}{dt^k} = \Delta y^{(k)}(0)$ болған кезде, мұндағы $k = 0, 1, \dots, n$.

(5.1) дифференциалдық теңдеуінің шешімі келесі өрнекпен беріледі:

$$\Delta y(t) = \sum_{k=1}^n C_k e^{p_k t}. \quad (5.2)$$

Мұндағы C_k – бастапқы шартқа тәуелді интегралдау тұрақтысы, p_k – сипаттама теңдеуінің түбірі

$$a_n p^n + a_{n-1} p^{n-1} + \dots + a_1 p + a_0 = 0. \quad (5.3)$$

(5.2) өрнегін шешу кезінде жүйе орнықты болу үшін келесі шарт орындалуы керек:

$$\lim \Delta y(t) = \lim \sum_{k=1}^n C_k e^{p_k t} = 0.$$

Сызықты АБЖ орнықтылығының қажетті және жеткілікті шарты сипаттама теңдеуінің барлық түбірлері (кешенді түбірлердің нақты және жорамал бөліктері) теріс болуы жеткілікті.

(5.3) теңдеуінің сипаттама теңдеуі жүйенің дифференциалдық теңдеуі бойынша немесе беріліс функциясы бойынша табылуы мүмкін.

Жоғарыда көрсетілгендей, тұйықталған АБЖ орнықтылыққа тексеру кезінде еркін жағдайдағы АБЖ қарастырылады. 5.1-суретте $W_o(s)$, $W_p(s)$ -ға сәйкес беріліс функциясын реттегіштен және басқару нысанынан құралған еркін жағдайдағы қарапайым түрдегі тұйықталған АБЖ құрылымдық сұлбасы көрсетілген.

Орнықтылыққа тексеру барысында, қарапайым өрнегі бар БФ тәуелді шартты тұйықталмаған жүйе немесе беріліс функциясының тұйықталған жүйесі шығыс болып табылады.

5.1-суретте тұйықталған тізбектің шартты айырымын қабылдау көрсетілген.

Тұйықталған АБЖ БФ өрнегі 4.31 өрнегінен мына түрде алынған болуы мүмкін:

$$W_s(s) = \frac{W_o(s)}{1 \pm W_p(s) \cdot W_o(s)}. \quad (5.4)$$

Тұйықталмаған АБЖ БФ өрнегі (4.21) өрнегіне сәйкес мына түрде болады:


$$W_{au}(s) = W_o(s) \cdot W_p(s)$$

Теріс кері байланыс жағдайында $W_{au}(s)$ көбейткіші орнына (5.4) өрнегінің бөліміндегі көбейтіндісін қойсақ мына өрнекті аламыз:

$$W_s(s) = \frac{W_o(s)}{1 + W_{au}(s)}. \quad (5.6)$$

Егер (5.4) өрнегіндегі әрбір БФ көбейткішін $W_o(s) = \frac{B(s)}{A(s)}$, $W_p(s) = \frac{D(s)}{C(s)}$ көпбуынды катынасы түрінде қабылдасақ, алымы мен бөлімін қоссақ және барлық қосындыны нөлге теңестірсек, онда жоғарғы ретті алгебралық өрнекті аламыз:

$$B(s)D(s) + A(s)C(s) = 0.$$



5.1-сурет. АБЖ кеңейтілген сұлбасы

Тұбір таңбаларын анықтау мақсатында сипаттама тендеуінің аналитикалық шешімі, есіресе егер олар жоғары ретті алгебралық тендеу түрінде ұсынылса, көп шығынды және курделі болып келеді. Сондықтан, автоматты басқару теориясында осындай тендеулерді шешпей сипаттама тендеулерінің тұбір таңбаларын анықтауға мүм-

кіндік беретін жанама әдістер бастапқы берілгендерге сәйкес келесі критерияларды қолданады: Раус-Гурвиц, Михайлов, Найквист, Боде диаграммасы (ЛАЖС) және басқалары.

5.2. Гурвиц орнықтылығының алгебралық критерийі

Бұл өлшем сипаттама тендеуінің реті 5-тен жоғары емес болғанда қолданылады. Осы өлшемнің артықшылығы есепті шешудің қарапайымдылығында болып келеді. Гурвиц өлшемін қолданудағы кемшілігі, ол АБЖ жеке алынған элементтерінің жалпы жүйе орнықтылығына әсер етуін анықтауға мүмкіндік бермейтініnde болады. Мына сипаттама тендеуімен берілген автоматты басқару жүйесіне Гурвиц өлшемін қолданайык.

$$a_n p^n + a_{n-1} p^{n-1} + \dots + a_1 p + a_0 = 0$$

Жүйе орнықты болады, егер Гурвиц анықтауышы және оның барлық диагональ минорлары оң болған жағдайда, яғни

$$\Delta_n > 0, \quad \Delta_{n-1} > 0, \quad \dots, \quad \Delta_2 > 0, \quad \Delta_1 = a_{n-1} > 0.$$

Гурвиц анықтауышы белгілі среке бойынша құрылады, яғни диагональ бойымен коэффициенттерді a_{n-1} -ден бастап кесу ретімен орналастырады. Содан, анықтауыш бағанын толтырады, жоғары диагональ элементтерін индекстерінің кесу ретімен, ал төменгі диагональ элементтерін есу ретімен орналастырады. Егер коэффициенттері болмаса, онда сәйкес элемент нөлге тең болады.

$$\Delta_n = \begin{vmatrix} a_{n-1} & a_{n-3} & \dots & 0 \\ a_n & a_{n-2} & \dots & 0 \\ \vdots & \vdots & \ddots & \vdots \\ \vdots & \vdots & \dots & a_1 & 0 \\ 0 & \dots & a_2 & a_0 \end{vmatrix}$$

Әр диагональдағы минор, Δ_{n-1} -ден бастап жоғары ретті минормен (мұнда Δ_n болады) оң жақ бағанын және төменгі қатарды сизу жолымен табылады.

5.1-мысал

$p^3 + 16p^2 + 32p + 10 = 0$ сипаттама тендеуімен берілген үшін ші ретті дифференциалдық тендеумен сипатталатын АБЖ орнықтылығын Гурвиц өлшемі көмегімен анықтау қажет.

Гурвиц анықтауышын құрамыз:

$$\Delta_3 = \begin{vmatrix} 16 & 10 & 0 \\ 1 & 32 & 0 \\ 0 & 16 & 10 \end{vmatrix} = 5020.$$

Диагональды мінорлардың таңбасын анықтаймыз:

$$\Delta_2 = \begin{vmatrix} 16 & 10 \\ 1 & 32 \end{vmatrix} = 502; \quad \Delta_1 = 16$$

Осыдан, АБЖ орнықты екенін көреміз, себебі Гурвиц бойынша орнықтылық шарты орындалып тұр.

5.3. Орнықтылықтың жиіліктік қритерийлері

Төменде қарастырылатын жиіліктік өлшемдер жазықтықтағы жиіліктік сипаттамаларын талдауға негізделген.

Жиіліктік әдістердің артықшылығы:

- графикалық кескіндердің көркемділігі;
- эксперименталді жолмен табылған жиіліктік сипаттаманы қолдана отырып, күрделі дифференциалдық тендеулерді шешу қажеттілігінің керек есемтігі;
- АБЖ нақты алынған көрсеткішінің орнықтылыққа әсерін талдау мүмкіндігі;
- өтпелі үрдістің сапасын талқылау мүмкіндігі.

Күрделі жүйелерді талдау үшін қолданылатын Михайлов өлшемін қарастырайық.

5.3.1. Михайловтың орнықтылық критерийі

Михайлов өлшемі бойынша орнықтылық анализі үшін берілген болып толық түйікталған АБЖ сипаттамасы алынады

$$A(s) = a_n s^n + a_{n-1} s^{n-1} + \dots + a_0.$$

Егер $A(s)$ полиномына тек жорамал мәндерді $s = j\omega$ қойсак, онда келесі түрдегі кешенді полиномды аламыз:

$$D(j\omega) = a_0 (j\omega)^n + a_1 (j\omega)^{n-1} + \dots + a_n = X(\omega) + jY(\omega) = |D(j\omega)| e^{j\phi(\omega)}$$

$$\left. \begin{aligned} X(\omega) &= a_n - a_{n-2}\omega^2 + a_{n-4}\omega^4 - \dots \\ \text{мұндағы, } Y(\omega) &= \omega(a_{n-1} - a_{n-3}\omega^2 + a_{n-5}\omega^4 - \dots) \end{aligned} \right\}$$

- сәйкес Михайловтың нақты және жорамал функциялары.


ω жиілігінің өзгерісі кезінде $D(j\omega)$ векторы бағыты және шамасы бойынша өзгерсе отырып, оның ұшымен қисық сзыылады, оны Михайлов қисығы (годографы) деп атайды.

Сзыықты жүйе орнықты болу үшін жиілігі ω 0-ден ∞ дейін өзгерісі кезінде $D(j\omega)$ векторы ешбір жерде нөлге айналмай, координата басы айналасында сағат тіліне қарсы $n \frac{\pi}{2}$ бұрышқа бұрылса (мұндағы n – сипаттама тендеуінің дәрежесі), онда орнықтылыққа осы шарт жеткілікті және қажетті.

Кешенді жазықтық бір біріне $\frac{\pi}{2}$ бұрышта орналасқан остермен төрт квадрантқа бөлінгендіктен өлшемді келесідей айту қолайлы: Михайлов годографы ω жиілігі 0-ден ∞ дейін өзгергенде, $\omega = 0$ он жақты жарты остең басталып кешенді жазықтықтың *n* квадранттар санын сағат тілінің бағытына қарсы кезектеп өтсе, *n*- сипаттама тендеуінің дәрежесі, онда ол сзыықты жүйе орнықты болуы үшін қажетті және жеткілікті шарты болады.

Орнықты жүйелер үшін Михайлов қисығы спираль тәріздес түрге ие және де оның ұшы сипаттама тендеуінің дәрежесіне тен координата жазықтығының квадрантында шексіздікке ұмтылады.

5.2 а-суретте бірінші реттен ($n = 1$) бастап және бесінші ретті ($n = 5$) тендеулермен сипатталатын орнықты жүйелер үшін Михайлов қисықтары көрсетілген. Салыстыру ыңғайлы болуы үшін барлық жағдайда a_n коэффициенттерін бірдей аламыз. 5.2 б-суретте орнықсыз жүйелердің Михайлов қисығы көрсетілген. 5.2 в-суретте орнықтылық шекарасында орналасқан жүйелердің Михайлов қисығы көрсетілген.



5.2-сурет. Михайлов годографтарының түрлі мысалдары

Михайлов өлшемі жоғары тәртіпті АБЖ үшін қолдануға ыңғайлы, мысалы, $n = 6, 8, 10$ кезінде.

5.3.2. Найквист орнықтылығының өлшемі

Бұл критерийді АБЖ алгебралық немесе эксперименталды жиіліктік сипаттамалары берілген жағдайда және сипаттама тендеуі жоғары ретті болған жағдайларда қолданады. Оның артықшылығы, белгілі көрсеткіштің жүйенің орнықтылығына әсерін зерттеу мүмкіндігінде және эксперимент нәтижелерін қолдана алуында тұрады. Найквист өлшемі графоаналитикалық әдіс болып табылады және де MATLAB ортасында құрылуды мүмкін болатын график тұрғызыуды талап етеді (5.2-мысал).

Найквист өлшемі АФЖС бойынша нәтижесінде айыру арқылы алынған тұйықталмаған жүйелердің орнықтылығы жөнінде есепті шешуге мүмкіндік береді (5.1-сурет).

(5.6) орnek бойынша тұйықталмаған жүйенің пығыс сигналы мынаган тең:

$$Y(s)[1 + W_{au}(s)] = X(s)W_o(s).$$

Кіріс әсерлерді нөлге тең деп алғанда,

$$1 + W_{au}(s) = 0.$$

(5.5) теңдігін есепке ала отырып табатынымыз:

$$A_{au}(s) + B_{au}(s) = 0.$$


Нақты жүйелерде $B_{au}(s)$ полиномының дәрежесі $A_{au}(s)$ полином дәрежесінен аз болғандығы динамикалық буындардың инерциялы-

тын есепке алатын болсақ, онда орнықтылықты $A_{au}(s)$ полиномының түбірі бойынша анықтауға болады. s -операторын $j\omega$ -га алмастырып АФЖС тұрғызылады.

Орнықтылықты бағалау үшін $n \leq 2$ кезінде кешенді жазықтықта $P(w)$, $G(w)$ координатасымен немесе $n > 2$ полярлы жүйе координатасында тұйықталмаған жүйенің амплитуда фазалы жиіліктік сипаттамасы (АФЖС) тұрғызылады.

$$W_{au}(j\omega) = A(\omega)e^{j\phi(\omega)} = P(\omega) + jG(\omega).$$

Мұндағы $W_{au}(j\omega)$ тұйықталмаған жүйенің (5.1-мысал) беріліс функциясы ол кешенді беріліс $W(s)$ функциясынан s айнымалысын $j\omega$ -ға ауыстыру жолымен алынады. $A(\omega)$, $j(\omega)$ – сәйкесінше амплитудалы және фазалы жиіліктік сипаттамалары. $P(\omega)$, $G(\omega)$ – жиіліктік сипаттаманың нақты және жорамал бөліктері. 0-ден ∞ -ке деңгейлі аралықта ω -ға мәндер бере отырып кешендік жазықтықта нүктелерді табады және АФЖС жиіліктік сипаттамасын тұрғызыады.



5.3-сурет. Найквист критерийі бойынша АБЖ орнықтылығын анықтау үшін АФЖС графиктері

Мысалы әдебиетте [1] Найквист өлшемі дәлелденіп келесідей тұжырымдалады:

- егер тұйықталмаған АБЖ орнықты немесе орнықтылық шекарасында тұрса, онда тұйықтау нәтижесінде алынған АБЖ орнықты болуы үшін, 0-ден ∞ аралығында ω өзгерісі кезінде тұйықталмаған жүйенің АФЖС кешенді жазықтықта координатасы $(-1, j0)$ болатын нүктені қамтымауы қажетті әрі жеткілікті болады;

- егер тұйықталмаған жүйе орнықсыз болса, ал оның БФ жорамал остиң оң жағында m полюсі болса, онда тұйықталған

жүйенің орнықтылығы үшін, 0-ден $-\infty$ аралығында ω өзгерісі кезінде кешенді жазықтықта координатасы $(-1, j0)$ болатын нүктені тұйықталмаған жүйенің АФЖС m рет қамтуы қажетті ері жеткілікті.

5.3 а-суретте тұйықталмаған жүйе орнықты болған кезде, 1 қисығы орнықты АБЖ АФЖС, 2 қисығы орнықсыз АБЖ АФЖС көрсетілген. 5.3 б-суретте $m=4$ болатын, орнықсыз тұйықталмаған жүйенің АБЖ АФЖС көрсетілген. Осы жүйе тұйықталғанда орнықты болады, себебі $P(w)$ осімен қисықтың қылышсызы $(-1, j0)$ нүктесінен солға қарай төмennен жоғары қарай қылышсызы жоғарыдан төмөнге қарай қиғанмен тең.

Найквист өлшеміне сүйене отырып орнықтылық қорын анықтау үшін орнықтылық шартын тұжырымдауға болады.

Егер $\phi(\Omega) = -\pi$ болған кезде $\omega = \Omega$ деп белгілесек, онда тұйықталған жүйе $|W_{uu}(\Omega)| < 1$ кезінде орнықты және $|W_{uu}(\Omega)| > 1$ кезінде орнықсыз болады. 5.3а-суретте орнықты жүйе үшін $|W_1(\Omega)| < 1$, ал орнықсыз жүйе үшін $-|W_2(\Omega)| > 1$ екені көрсетілген. Бұдан шығатыны, модуль бойынша жүйеде қанша бірден аз болса, соңша орнықтылық қоры көп болады. Бұл жағдайда, Найквист қисығы модуль бойынша орнықтылық қорын анықтауға мүмкіндік береді, сонымен қатар, орнықтылық қорымен берілген АБЖ синтездеу үшін жүйе параметрінің орнықтылыққа әсерін талдау мүмкіндік береді.

Сондай-ақ Найквист критерийі бойынша, фаза бойынша орнықтылық қорын анықтауға болады. Осыны назарға ала отырып қарастырақ, фаза бойынша қор – бұл $|W_{uu}(\Omega)| = 1$ кезінде жиілікте анықталатын ұзындық. Фаза бойынша жүйеге орнықтылықты жоғалтпай фазаға кері болатын ығысадын шамасы фаза бойынша қорды білдіреді.

5.3.3. Боде (ЛАЖС) диаграммасын тұрғызу және орнықтылықты анықтау

АБЖ орнықтылығын Найквист өлшемі бойынша талдау кейір жағдайларда Боде диаграммасын құру әдісімен соның ішінде ЛАЖС (3.10) көмегімен

$$L(w) = 20 \lg A(w)$$

және фазалы жиіліктік сипаттамасымен (3.9)


$$\phi(\omega) = \operatorname{arctg} \frac{G(\omega)}{P(\omega)}$$

жүргізу ыңғайлы.

Бұл әдістің артықшылығы ЛАЖС қолдан құрудың және 3.3.2 бөлімде көрсетілгендей, Боде диаграммасы жүйенің сапалы сипаттамаларын талдау үшін қолданудың ыңғайлылығы.

Осы жағдайда орнықтылық өлшемі келесідей тұжырымдалады: егер жиіліктік сипаттамасы π мәніне жеткен кезде ЛАЖС теріс болса, тұйықталған минималды фазалы жүйе орнықты болады. Минималды фазалы жүйе дең БФ өрнегіндегі алымының реті болімінде ретінен төмен және нөлдері он жақ жарты жазықтықта орналасқан жүйені атайды.

ЛАЖС мен ω осінің қылышсызы қескін қылышсызымен сипатталады.



5.4-сурет. Орнықтылықты талдау үшін арналған Боде қисығы

5.4 а-суретте $\phi = -\pi$ кезінде ЛАЖС ординатасы теріс мәнге ие және бұл жүйенің орнықтылығына сәйкес келеді. ЛАЖС терістігі $\phi(\omega) = -\pi$ кезінде АФЖС тұйықталған жүйесі $(-1, j0)$ нүктесін қамтитынын көрсетеді.

5.4 б-суретте $\phi = -\pi$ кезінде ЛАЖС ω осімен қылышсыкан кездегі сәйкес келетін шектік шартты графигі көрсетілген.

5.4 с-суретте АБЖ қүйінің орнықсыз жағдайы көрсетілген. Мұнда $\phi = -\pi$ болған кезде қескін жиілігіне сәкес ЛАЖС ординатасы он.

Бақылау сұрақтары:

1. Ляпунов бойынша орнықтылықтың математикалық шарты.
2. Ляпунов бойынша сыйықты АБЖ орнықтылығының қажетті және жеткілікті шарттары.
3. Жүйенің беріліс функциясы бойынша сипаттама тендеуі қалай анықталады?
4. Дифференциалдық тендеулердің шешімінсіз сипаттама тендеу түбірлерінің таңбаларын анықтауга мүмкіндік беретін жанама әдістер.
5. Гурвиц орнықтылығының алгебралық өлшемі.
6. Гурвиц анықтауышы Δ_n .
7. Орнықтылықтың жиіліктік өлшемі.
8. Жиіліктік әдістердің артықшылығы.
9. Михайлотовтың орнықтылық өлшемі.
10. Орнықты жүйелердің Михайлов қисықтары.
11. Орнықсыз жүйелердің Михайлов қисықтары.
12. Орнықтылық шекарасында орналасқан жүйелердің Михайлов қисықтары.
13. Найквистің орнықтылық өлшемі.
14. Найквист орнықтылық өлшемін пайдалану артықшылығы.
15. Орнықты АБЖ АФЖС.
16. Орнықсыз АБЖ АФЖС.
17. Боде диаграммасын (ЛАЖС) түрғызу жолымен орнықтылықты анықтау.
18. ЛАЖС бойынша орнықтылық өлшемі.
19. Модуль бойынша орнықтылық қорын қалай анықтауга болады?
20. Фаза бойынша орнықтылық қорын қалай анықтауга болады?

6-ТАРАУ. АБЖ СИНТЕЗДЕУ ӘДІСТЕРІ

Синтездеу әдістері қажетті қасиеттерге ие автоматты басқару жүйелерін құру үшін қолданылады. Синтез есептерін шешу кезінде АБЖ алдын ала өзгермейтін бөлікке бөледі, мысалы, басқару нысаны (БН) және өзгеретін бөлім – басқару құрылғысы (БҚ). Синтездеу әдістерін қолдана отырып, қажетті қасиетті АБЖ алу үшін қажетті құрылымды және БҚ буындарының сипаттамаларын алу қажет.

6.1. Сыйықты үздіксіз АБЖ реттеу заңдары

1.2. бөлімдерінде басқарудың (реттеудің) түрлі әдістері келтірілген болатын. Алдында айтылғандай басқару жүйесін анализдеу және синтездеу есептері АБЖ орнықтылығын қамтамасыз етеді. Синтездеу кезінде АБЖ керекті сипаттамаға реттегішті енгізу арқылы қол жеткізуге болады (6.1-сурет). Реттегіштің жалғануымен және реттегіштің параметрлерін таңдаумен жүйенің орнықтылығын қамтамасыз етуі мүмкін және қатыстық қайта реттеу, орнату уақыты, өтпелі сипаттаманың максимум уақыты, орнықты қателік сияқты сапа көрсеткіштерін қамтамасыз ету мүмкін.

Реттегіш деп – басқару үрдісінің сапасын және орнықтылығын қамтамасыз ететін автоматиканың құрылғысын айтады. Реттеу көрсеткіштерін және орнықтылықты талдау үшін жоғарыда карастырылған АБЖ уақыттық және жиіліктік сипаттамалары қолданылады.

Айталық $\Delta y(t)$ шамасы, шығыс шамасының қажетті мәнінен $y^p(t)$ нақты мәннің $y(t)$ айырымына тең шама, ол басқару (реттеу) қателігі деп аталады және мынаған тең:

$$\Delta y(t) = y^p(t) - y(t) \quad (6.1)$$

Басқару нысанына кіріс әсерді $u(t)$ қателік шамасымен байланыстыратын тәуелділікті реттеу заңы деп атайды, оны келесі түрде ұсынуға болады:

$$u(t) = F[\Delta y(t)]. \quad (6.2)$$

Әсер бойынша қосымша компенсациялы бар аралас жүйе үшін реттеу заңын келесі түрде беруге болады:

$$u(t) = F[\Delta y(t), f(t)]. \quad (6.3)$$

Төменде жалпы түрде реттеудің сыйықты заңдылығын жүзеге асыру мүмкіндіктері қарастырылған, ол келесі тәуелділікпен сипатталады:

$$u(t) = k_1 \Delta y(t) + k_2 \int_0^t \Delta y(t) dt + k_3 \frac{d\Delta y(t)}{dt}. \quad (6.4)$$

Тәжірибе жүзінде реттеу заны бойынша реттегіштің 5 түрі қолданыста кең тараған, олар: пропорционалдық, интегралдық, пропорционалдық-интегралдық, пропорционалдық-дифференциалдық және пропорционалдық-интегралдық-дифференциалдық.

Пропорционалдық реттегіште (П-реттегіші) бір баптау параметрі бар. Оның беріліс функциясы (БФ) пропорционалды типтік динамикалық буынның (ТДБ) беріліс функциясына сәйкес келеді:

$$W(s) = \frac{Y(s)}{U(s)} = k_1, \quad (6.5)$$

мұндағы, k_1 – күшайту коэффициенті.

Реттегіштің беріліс функциясына кіретін коэффициенттерді олардың баптау параметрлері деп атайды. П-реттегішінің құрылымындағы k_1 коэффициенті 0,1-ден 40-қа дейінгі диапазонда өзгеруі мүмкін.

Берілген жағдайда құрылғы жоғары тез әрекеттікке ие.

Интегралдық (астатикалық) немесе И-реттегішінде де баптау параметрі біреу. Оның беріліс функциясы астатикалық ТДБ беріліс функциясына сәйкес келеді:

$$W(s) = \frac{Y(s)}{U(s)} = \frac{1}{T_u s}, \quad (6.5)$$

мұндағы T_u – интегралдау уақыты.

И-реттегішінің кейбір құрылымдарында баптау параметрі T_u 1-ден 2000 с диапазон аралығында өзгеруі мүмкін.

И-реттегішті АБЖ орнықты режимде жоғары дәлдікке ие, бірақ осы жағдайда жүйес тербеліске бейімді және тез әрекеттігі төмендей түседі.

Пропорционалдық-интегралдық немесе ПИ-реттегішінде баптау параметрі екеу. Реттегіштің осы түрі онеркәсіптік автоматты басқару жүйелерінде жиі қолданылады. Оның беріліс функциясы келесі түрге ие:

$$W(s) = \frac{Y(s)}{U(s)} = k_1 + \frac{k_1}{T_u s}. \quad (6.6)$$

Осы типті реттегіштің баптау параметрі күшайту коэффициенті k_1 және интегралдау уақыты T_u болып табылады. Оның беріліс функциясы ПИ-реттегішінде күрьелмұна салынған элементтердің параллель қосылған пропорционалды және интегралды құрастыруыштарының қосындысына тең. Демек, ПИ-реттегішінің интегралды құраушысы істен шықса, онда ол П-реттегіші реттегішінде жұмыс жасайды, оның жұмысының сенімділігін арттырады. Айтальық, И-реттегіші жүйе орнықтылығының қорын төмендетеді.

Пропорционалдық-дифференциалдық немесе ПД-реттегішінде реттеудің екі параметрі бар. Оның БФ мына түрде болады:

$$W(s) = \frac{Y(s)}{U(s)} = k_1(1 + T_D s), \quad (6.7)$$


мұндағы, T_D – дифференциалдау уақыты.

ПД-реттегіштерінің кейбір құрылымында баптау параметрі T_D 1-ден 200 с. диапазон аралығында өзгереді.

Пропорционалдық-интегралдық-дифференциалдық немесе ПИД-реттегішінде баптау параметрі үшеу. Оның беріліс функциясы келесі орнекпен өрнектеледі:

$$W(s) = \frac{Y(s)}{U(s)} = k_1 \left(1 + \frac{1}{T_u s} + T_D s\right), \quad (6.8)$$

яғни, осы реттегіштің баптау параметрі үшеу болады: k_1 – күшайту коэффициенті, T_u – интегралдау уақыты, T_D – дифференциалдау уақыты.



6.1-сурет. Эртурлі реттегіштермен жүйедегі нысан параметрлерін реттеу

Реттегіш түрін немесе реттеу заңын таңдау қын. Нысандың беріліс функциялары бойынша реттегіштің қажетті түрін және оны жөндеудің тиімді параметрлерін анықтауға мүмкіндік беретін диаграммалар түрлері және эмпирикалық формулалары бар. Бірақ, тәжірибеде іріктеу әдісі жиі пайдаланылады: кезекпен реттегішті таңдайды, жұмыс сапасын және орнықтылыққа тексереді және егер алынған нәтижелер қанағаттандырылmasa, онда одан күрделі реттегішті таңдайды. Түрлі реттегіштерді пайдалану әсері 6.1-суреттегі қозғалыс заңдарымен бейнеленген. Статикалық нысан өздігінен түзелу қасиетіне ие, сондықтан оның реттегішсіз реттеу параметрі экспонента бойынша уақыт етісімен өзгерсе отырып тұрақты мәнге келеді. П-реттегішті АБЖ статикалық қателік, ал ПИД-реттегішті АБЖ (ең күрделі және қымбат) минималды динамикалық қателік және реттеу уақыты бар.

6.1-мысал.

Студенттің өзіндік жұмысы (СӨЖ) үшін тақырыптар: Жүйенің орнықтылығын талдау.

Жұмыстың мақсаты: АБЖ орнықтылыққа талдау әдісін меңгеру және MATLAB бағдарламасын қолдануға дағдылару.

Тәменде Найквист олишемін қолданумен АБЖ орнықтылығын талдау үшін MATLAB бағдарламасын қолдану мысалы келтірілген. СӨЖ орындауға арналған әдістемелік нұсқаулар 3-қосынышада келтірілген.

Тапсырманың негізі болып динамикалық буынның кешенді және жисілікті беріліс функциясы (БФ) бар тұбық контур болатын АБЖ структуралық сұлбасы табылады.

Тапсырмалар қоямыз:

1. Тұбықталмаган жүйенің эквивалентті буынның беріліс функциясын анықтау.

2. Simulink Matlab-та берілген жүйенің моделін құру, сонымен қатар эквивалентті тұбықталмаган жүйеге және екі бірдей модель үшін отпелі функция құру.

3. Эквивалентті буынның беріліс функциясы бойынша бөлім деңгейіндегі сипаттамаларды алу және Гурвиц олишемі бойынша жүйенің орнықтылығын анықтау талап етіледі.

4. Эквивалентті буынның беріліс функциясы бойынша дифференциалды теңдік жүйесін және Фурье түрлендіргішін қолдана отырып жисілікті беріліс функциясы үшін өрнек алу.

5. Найквист олишемі бойынша жүйенің орнықтылығын анықтау; реттегіш (датчик) параметрін өзгерте отырып модуль бойынша қордың көбейіне қол жеткізу.

6. Қолмен Боде диаграммасын (ЛАЖС) құру

7. Компьютерлік модельдеу әдісімен сыйылған және қолдан сыйылған Боде диаграммаларын салыстыру.

5-7 тапсырмалар Matlab бағдарламалық өнімін қолданумен шешіледі, сондықтан, Боде диаграммасы мен Найквисттің, ЛАЖС диаграммасын қолданып MATLAB комегімен жүйенің орнықтылығын талдауды орындауды қарастырамыз.

Айталақ тұбықталмаган жүйенің беріліс функциясы мынаган тең болсын:


$$W_{am}(j\omega) = \frac{0.8}{2s^3 + 3s^2 + 5s + 4}$$

Найквист диаграммасын құру үшін MATLAB бағдарламасының командалық терезесінде келесі командаларды тереміз:

```
% БФ алымы
>>nut=[0.8];
% БФ болімі
>>den=[2 3 5 4];
% БФ
>>sys=tf(nut,den);
% Найквист диаграммасын құру
>>nyquist(sys)
% ENTER басу
```

Нәтижесінде 6.1 а-суреттегі көрсетілген түрде Найквист диаграммасы құрылады.

Осы диаграммадан шығатыны жүйе орнықты және модуль бойынша улken орнықтылық қоры бар. Модуль бойынша қор годограф $(-1, j0)$ нүктесінен оттуі үшін 6 күшету коэффициентін к (біздің жағдаймызда $k = 0.8$) бірнеше рет үлкейту керек.



6.2-сурет. Найквист және Боде диаграммалары

Фаза және модуль бойынша орнықтылық қорын және Боде диаграммасы көмегімен қарастырылған жүйенің орнықтылығын анықтайды.

MATLAB бағдарламасындағы командалық терезеден келесі нұсқауларды төрөміз:

```
% БФ алымы
>>num=[0.8];
% БФ бөлімі
>>den=[2 3 5 4];
% БФ
>>sys=tf(num,den);
% Боде диаграммасы құрылады
>>margin(sys)
% ENTER басу
```

Нәтижесінде 6.1 б-суретте көрсетілген Боде диаграммасын аламыз.


Жүйе орнықты, модуль бойынша қор $G_m=12.8 \text{ dB}$, фаза бойынша қор ($P_m=\infty$) біздің жағдайымызда диаграмманың астында жазылған жағудан көріп тұрғанымыздай анықталмаган.

І-қосымшада берілген динамикалық сипаттамаларды құру үшін Simulink LTI-Viewer қолданылуы бойынша [14] жұмыстап нұсқау берілген.

6.2. Бірнеше ТДБ жиыннымен күрделі басқару, объектілерді аппроксимациялау

АБЖ синтездеу кезінде типті динамикалық буынын тәжірибеде қалай қолданылатынын қарастырамыз. Айтальық, қандай да бір нақты басқару нысаны (БН) берілсін.

АБЖ анализ және синтез есебін шешу үшін беріліс функциясын және БН уақыт тұрақтысын орнату қажет. Ол үшін эксперименталды жолмен бірлік секіріске жүйе реакциясы ретінде екпін алу қисығы $y(t)$ тұрғызылады (6.2-сурет). Екпін алу қисығы бойынша шығыс



6.3-сурет. Екпін алу кисығы

сигнал алғашында транспортты кешігү деп аталатын t_0 қандай да бір уақытқа кешігеді. Ары қарай, $y(t)$ екінші ретті аperiодтық буынның шығыс сигналы ретінде өзгереді, оның беріліс функциясы келесі түрде болады:

$$W(s) = \frac{k}{T s^2 + T \zeta s + 1},$$

мұндағы, k – күшету коэффициенті; T – уақыт тұрақтысы; x – демпферлеу коэффициенті.

Көрсетілген коэффициенттерді аналитикалық түрде анықтау әдетте күрделі болады. Сол себептен тәжірибеде коэффициенттері оңай табылатын ТДБ жиынтығын колданып $y(t)$ кисығын аппроксимациялау әдісі іске асрылады. қабылдауды қолданылады. Ол үшін (6.2-сурет) буынның илуі N нүктесінде жанама жүргізіледі сол арқылы жанаманың t -осімен қылышу нүктесінде анықталады сыйымдылықтың кешігү t_1 , уақыт. Қисықтың қалған бөлігі бірінші ретті аperiодты буынның графигі ретінде қарастырылуы мүмкін. Осылайша, басқару нысаны еki буынның тізбекті қосылсымен аппроксимацияланады: кешігү уақытымен $t_3 = t_0 = t_1$ сипатталатын кешігуші және бірінші ретті аperiодты буынмен (6.3-сурет).



6.4-сурет. БН аппроксимациясы

Тізбекті біріккен буындардан құрылған БО беріліс функциясы келесі түрге ие:

$$W(s) = e^{-st_3} \frac{k}{T_0 s + 1}$$

k , T_0 коэффициенттері жоғарыда айтылған әдістермен оңай анықталады. Осы объекттін (6.3-сурет) кешігуші статикалық нысан деп атайды.

6.3. Сызықты АБЖ корректиреу

АБЖ корректиреу басқарудың қажетті сапасын қамтамасыз ету үшін корректиреуші буынды енгізумен орындалады. Корректиреудің бірнеше түрлері бар:

1. Тізбекті корректиреу

Айталық, қажетті функция (корректиреуден кейінгі) берілген және $W^*(s)$ -га тең болсын. АБЖ өзгермейтін бөлігінің беріліс функциясы $W_c(s)$ болсын. Егер, біз берілген буынға беріліс функциясы $W_c(s)$ болатын буынды тізбектей жалғасақ, корректиреуші буынның беріліс функциясы қандай болатынын анықтаймыз.

Эквивалентті буынның беріліс функциясы белгілі және оны $W^*(s)$ деп алып, 4.24 тендігін колдана отырып,

$$W_k(s) = \frac{W^*(s)}{W_c(s)}$$

түріндегі тәуелділік көмегімен тізбекті қосылған корректиреуші буынның БФ аламыз.

2. Параллель корректирулеу


Енді корректирулеуші буынды берілген буынға параллель қоса-йық.

(4.27) тәндігін қолданайық. Эквивалентті буынның беріліс функциясы берілген және $W^*(s)$ деп аламыз. Сонда корректирулеуші буынның беріліс функциясы мынаған тең:

$$W_K(s) = W^*(s) - W_C(s).$$

3. Кері байланыс көмегімен корректирулеу

Түзетудің осы түрінде корректирулеу буын екі түрлі қосылуы мүмкін: біріншіден, ол кері байланыс тізбегіне тікелей қосылады (4.25-сурет); екіншіден, дара кері байланысты буынмен тізбекті қосылады (6.4-сурет).



6.5-сурет. Дара кері байланысты түзету сұлбасы

Бірінші жағдайда, корректирулеуші буынның беріліс функциясы (4.31) өрнегі көмегімен анықталады:

$$W_K(s) = \frac{W_C(s) - W^*(s)}{W_C(s)W^*(s)}$$

Екінші жағдайда, қарапайым түрлендірulerден кейін корректирулеуші буынның беріліс функциясын мына түрде аламыз:

$$W_K(s) = \frac{W^*(s)}{W_C(s)[1 - W^*(s)]}$$

Кері байланыс көмегімен корректирулеудің бір түрі бағынышты реттеу жүйесі болып табылады. Тізбекті бағынышты тұйықталған контурлары бар көпконтурлы болуы бағынышты реттеу жүйесінің ерекшелігі болып табылады. Ішкіден бастап, жеке-жеке әрбір контурдың параметрлерін синтездеу мүмкіндігінің болуы осындаид жүйелердің артықшылығы болып келеді.

Бақылау сұрақтары:

1. Берілген қасиеттермен АБЖ қалай аламыз?
2. Реттегіш деп қандай құрылғыны атайды?
3. Басқару қателігі қалай анықталады?
4. Ауытқу бойынша реттеу заңын жазыңыз.
5. Қозу бойынша компенсацияланатын реттеу заңын жазыңыз.
6. Реттегіштің 5 түрін атаңыз.
7. Пропорционалды реттегіштің ерекшелігі және беріліс функциясы.
8. Интегралды реттегіштің ерекшелігі және беріліс функциясы.
9. Пропорционалды-интегралдық реттегіштің беріліс функциясы және ерекшелігі.
10. Пропорционалды-дифференциалдаушы реттегіштерінің ерекшеліктері және беріліс функциясы.
11. Пропорционалды-интегралды-дифференциалдаушы реттегіштерінің ерекшеліктері және беріліс функциясы.
12. Бірнеше ТДБ жиынымен курделі басқару нысандарының аппроксимациясы.
13. Сызықты АБЖ корректирулеу міндеттері.

II БӨЛІМ. АВТОМАТИКАНЫҢ ҚОНДЫРҒЫЛАРЫ ЖӘНЕ ЭЛЕМЕНТТЕРИ

7-ТАРАУ. АВТОМАТИКА ЭЛЕМЕНТТЕРИ ЖӘНЕ ОЛАРДЫҢ СИПАТТАМАЛАРЫ

Автоматика элементтеріне функционалды бағыты бойынша келесі элементтер жатады: ақпараттық, салыстыру, күшету, тапсырма беруші, есептеу, жадылық, логикалық, тарату және орындау элементтері. Бұл элементтердің кейбірі арнайы пәндерде қарастырылады, қалғандарын төменде қарастырамыз.

Атап өту керек, ең алғашқы Қазақстанда автоматиканың техникалық құралдары [5] пәні бойынша оку құралын құрамында Г. М. Токтабаев, А. А. Афанаев секілді Қазақстанның танымалғалымдары бар авторлық ұжым дайындаған.

7.1. Автоматика элементтерінің жіктелуі

Автоматика элементтері деп – ақпаратты, энергияны түрлендіретін белгілі бір функцияларды орындайтын қондырғыларды айтамыз.

Электрлік, механикалық және басқа да байланыстармен қосылған және басқару жүйесі құрылымына кіретін автоматиканың элементтері және әртүрлі кепсенді құрылғылар сұзбаларда шартты электрлік, гидравликалық, пневматикалық және кинематикалық сұзбалар түрінде бейнеленеді (1-қосымша). Электрлік сұлба келесі түрлерге бөлінетінін ескерген жөн:

- құрылымды, ол құрылғының негізгі бөліктерін (буындарын), олардың өзара байланыстары мен сипаттамаларын анықтау үшін арналған;
- функционалды, ол жалпы құрылғыда және жеке бөліктерінде отетін үрдістерді мәлімдеу үшін арналған;
- принципиалды, элементтердің толық құрамы мен олардың арасындағы байланыстарын көрсету және қондырғының жұмыс принципі жайында түсініктемелер беру үшін арналған;
- монтажды, сымдар, кабельдер және тагы да басқа қосуға

арналған құралдар көмегімен құрылғының негізгі бөліктерінің қосылышын көрсету үшін арналған.

Автоматика жүйелерінде элементтер бір бағытты әрекетті буын ретінде қарастырылады, ол түрленген сигналды бір бағытта – кірістен шығысқа береді.

Автоматика элементтерінің жіктелу негізіне функционалды белгілер қойылуы мүмкін. Бұл жағдайда автоматика элементтері келесі топтарға бөлінеді:


- ақпараттық,
- салыстыру,
- тарату,
- күшету,
- есептеу,
- жадылық,
- орындау,
- логикалық және көмекші.

Автоматика элементтерінің жиыны кез келген автоматикалық жүйені өлшеу, бақылау, реттеу және басқару жүйесін жинауға мүмкіндік береді. Сонымен қатар, әрбір элементтер тобы түрлі белгілеріне байланысты өз кезегінде кіші кластарға, топтарға, кіші топтарға бөлінуі мүмкін. Көрсетілген функцияларды тікелей жүзеге асыратын құрылғыларды тереңірек қарастырамыз.

Автоматиканың қоғатеген элементтері ортақ сипатқа ие болады. Элементтердің басты ортақ сипаттамасы түрлендіру коэффициенті немесе беріліс коэффициенті болады, ол шығыс шаманың у кіріс шамаға x қатынасы немесе шығыс шама есімшесінің Δy (немесе dy) кіріс шама есімшесіне Δx (немесе dx) қатынасы түрінде болады. Бірінші жағдайда, $K = y/x$ түрленудің статикалық коэффициенті, ал екінші жағдайда $\Delta x \rightarrow 0$ болған кезде $K = \Delta y / \Delta x \approx dy/dx$ түрленудің динамикалық коэффициенті деп аталады. Автоматика элементінің нақты тобына байланысты бұл сипаттамалар белгілі бір физикалық мәнге ие. Мысалы, датчик қабылдауына байланысты түрлендіру коэффициенті сезімталдылық, ал күшеткіштер үшін – күшету коэффициенті деп аталады.

Кейбір көрсеткіштер автоматика элементтерінің жұмысы кезінде динамикалық режим сипаттамасында қолданылады. Динамикалық режим деп автоматика жүйесінің және элементінің орнықты күйден басқа күйге ауысу үрдісін айтады, яғни оның шарты кіріс шама x болғанда, сәйкесінше, шығыс шама у болғанда уақыт бойынша

өзгеріп отыруында болып табылады. Осы үрдіс өтпелі үрдіс деп аталады. Бұның інерциялығы болмаған жағдайда x_0 кіріс сигналының серпімелі өзгеруі, y_0 шығыс сигналының шамасына серпімелі өзгеруін туындатады (7.1 а-сурет). Шындығында автоматика элементтерінің белгілі бір инергиялық бар, онда кіріс өлшемінің 0-ден x_0 -ге дейін серпімелі өзгеруі кезінде у шығыс шамасы орнықты мәнге $y_{\text{ори}}$ бірден емес өтпелі үрдіс ететін уақыт аралығында ғана жете алады (7.2 б-сурет). Сонымен қатар өтпелі үрдіс апериодты (тебелмелі еме) өшетін (7.2 б-сурет) немесе тербелмелі өшетін (7.2 с-сурет) болуы мүмкін. 7.2-суретте датчиктің кіріс сигнал өзгерісіне қандай реакцияда екенін мысалдар көрсетілген. Мұндағы t_0 – датчиктің кіріс сигнал өзгеруіне әсер етпеген жағдайдағы сезімталдықсыз аумағының ету уақыты; t_D – алғаш рет датчик көрсеткіші у шығысы 50%-ті көрсеткен кездегі кешігүү уақыты; t_p – y_{max} бірінші максимумға жету уақыты; $t_{\text{ори}}$ – орнату уақыты. Өтпелі үрдіс уақыты немесе орнату уақыты деп - осы уақыт аралығында шығыс сигнал мәні орнықты мәнге жететін және ауытқуы берілген мәнінен төмен болатын уақытты айтамыз (мысалы $\Delta y = \pm 5\%$), ол автоматика элементтерінің динамикалық сипаттамасының бірі болып табылады.




7.1-сурет. Элементтегі өтпелі үрдістер.

7.2. Беруші құрылғылар

Беруші құрылғылар (БЕК) – басқару нысаны ары қарай қалай басқарылатыны жайындағы ақпаратты құрайтын беруші әсерді АБЖ енгізуге арналған.


Тұйықталған басқару жүйелеріндегі БЕК реттелетін координатын берілген мәндерін енгізеді. Логикалық бағдарламалы АБЖ БЕК осы бағдарламаларды енгізеді. Автоматты реттеу жүйелерінде БЕК дискретті немесе аналогты түрде реттелетін параметр туралы ақпаратты құрайды.



7.2-сурет. Датчик реакциясы

Беруші құрылғының құрылымы оның нақты тағайындалуына тәуелді. Мысалы, тұрақталынған кернеуді автоматты реттеу жүйесіне енгізу үшін потенциометр қолданылуы мүмкін. Қарапайым потенциометрде кіріс шамасы ретінде тасымалдау (ауысу), ал шығыс-қозғалтқыштың (движоктың) тасымалдауына тәуелді кернеу (ток) болып табылады. Бағдарламалы басқарылатын автоматты жүйелерде БК ретінде үздіксіз немесе дикретті әрекет ететін командааппараттар қолданылады. Мысалы, 7.3-суретте үздіксіз әрекет ететін командааппараттың сұлбасы көлтірілген.

Мұндай БЕК кері байланыссыз АБЖ ғана қолданылуы мүмкін, ойткени БЕК шығысындағы сигналдар команданың нақты орындалуына тәуелсіз, олар алдын ала берілген цикл бойынша қайталаңып отырады. Мұндай командааппараттар кейбір кір жуғыш машиналардың басқару жүйесіне ие.



7.3-сурет. Уздіксіз әрекет ететін командааппарат

БЕҚ функциялары релеге немесе электронды кілттерге негізделген контакттілік және контактісіз жүйелерді орындауы мүмкін. Осы жағдайда БЕҚ бағдарламалы басқарылатын жүйенің автоматты қосылу немесе өшү функциясын орындауды.

7.3. Салыстыру құрылғысы


Салыстыру құрылғысы (СҚ) сигналдарды салыстыру функциясын орындауды. Мысалы, кері байланысты АБЖ СҚ кірістерінің біреуіне датчиктен сигнал келіп түседі, ал екіншісіне БҚ сигналдың тағайындалған мәні келіп түседі. Екеуінің айырмашылықтарына байланысты басқаруға арналған сигналдар анықталады. Электрлік сұлбаларда БҚ сипатында айнымалы резисторлар, потенциометрлер, электронды құрылғылар қолданылады.

Айталық, басқарылатын шаманың тағайындалған мәні g болсын. Бұл сигнал дәл қазіргі уақытта у мәнін беретін датчикпен баяланады. Сонда салыстыру құрылғысында келісілмеген сигнал шығады.

$$\lambda = g - u \quad (7.1)$$

Басқару жүйесіндегі СҚ шығысина орындаушы механизм орындауды делік. $\lambda = 0$ кезінде жүйе тепе-тендікті болады, ал $\lambda \neq 0$ кезінде механизм қосылады.

СҚ ретінде көбінесе 7.4-суретте көрсетілгендей көпірлі сұлбалар қолданылады.



7.4-сурет. СҚ көпірлі сұлбасы

Көпірлі сұлбаны қолданумен келісілмеушілік (рассогласование) келесі өрнек бойынша анықталады:

$$\lambda = R_{бер} - R_x R_2 / R_1 \quad (7.2)$$

СҚ операциялық күшеткіш негізінде тұрғызылуы мүмкін.

7.4. Күшеткіштер

Күшеткіш (К) кіріс сигналды күшетуге арналған. Кейбір жағдайларда К көмегімен кіріс және шығыс сигнал арасындағы бөрілген тәуелділікті аламыз. Күшеткіштерде сигналдар кірісінің және шығысының физикалық табигаты бірдей екенін ескеру керек. Күшеткіште энергияны түрлендіру немесе күшету күшеткіштің корек көзіндегі энергия есебінен іске асады.


Күшеткіштің негізгі сипаттамалары: күшету коэффициенті, статикалық сипаттаманың сызықтылығы; тезәрекеттілік, өзіндік шулар деңгейі; максималды шығыс қуат.

АБЖ күшеткіштің келесі типтері қолданылады: жартылай өткізгіштік, магнитті, электромашиналы, гидравликалық, пневматикалық және тағы басқалары. Өлшеу техникасында жартылай өткізгішті күшеткіштер кеңінен қолданылады, олардың күшету коэффициенті жоғары, шу деңгейі төмен, тезәрекеттілігі жоғары.

Сонымен қатар, бұл күшейткіштердің шығыс қуаты төмен.

Жартылай өткізгішті күшейткіштер электроника курсында то-лығымен қарастырылады. Мұнда мысал ретінде биполярлы транзистордағы күшейткіштерді қарастырамыз, оның сұлбасы 7.5-суретте көрсетілген.

Мұндағы R_1 , R_2 кедергілері каскадта терең тендікті қамтамасыз етеді. Осыдан транзисторда базаның $I_{b,п}$, коллектордың $I_{k,п}$, эмиттердің $I_{e,п}$ тыныштық тогы агады, сондай-ақ сәйкес $U_{b,п}$, $U_{k,п}$, $U_{e,п}$ кернеулері бар. C_1 , C_2 сыйымдылықтары болу функциясын орындайды. C_1 сыйымдылығы R_p , R_2 кедергілерінің бөлгішінен тоқтың агуна бөгет болады. C_2 сыйымдылығы R_k жүктеме кедергісіне кернеудің отуіне кедергі болады. R_3 кедергісі берілген $U_{b,п}$ кернеуі кезінде транзистор арқылы тыныштық тогын анықтайды. Коллектордағы температура өскен жағдайда $I_{k,п}$ және $I_{e,п}$ тогы өседі, осыдан эмиттердегі $U_{e,п} = I_{e,п} R_{e,п}$ кернеу төмендейді. Базадағы кернеу берілген болғандықтан транзистор жабылады, бұл транзистор жұмысında тыныштық күйін автоматты түрде теңестіруге әкеледі.



7.5-сурет. Биполярлы транзистордағы күшейткіш сұлбасы


Эмиттердің айнымалы тогы $U_e = I_e R_e$, айнымалы кернеу туында-тады ол күшетілген кернеуді азайтып түрлады. Каскадтың күшету коэффициенті (K біреуі) келесігে тең:

$$K = \frac{R_k}{R_e}$$

Динамикалық режимдегі шығыс сигнал параметрлерін анықтау үшін R_h жүктеме кедергісі R_k кедергісіне параллель қосылады. Онда коллектор тізбегіндегі жалпы кедергі келесігі тең:

$$R_{ko} = \frac{R_k R_h}{(R_k + R_h)} \quad (7.3)$$

Магнитті күшейткіш мысалын қарастырамыз. Магнитті күшейткіш (МК) өзек темірмен көп орамды дросセル түрінде болады. Магнитті күшейткіштің жұмыс істеу принципі тұрақты токтың магнит өрісімен өзекті магниттелу кезінде айнымалы ток орамының индуктивтілігі өзгерген кезімен байланысты жұмыс жасайды.




7.6-сурет. Магнитті күшейткіш сұлбасы

7.6-суретте біртактілі магнитті күшейткіштің сұлбасы көрсетілген. Осы МК ω айнымалы тогының екі секциялы орамының біреуі бар. Осы орамға R_k күшейткіш жүктемесі тізбектей қосылған. Ортандырылған үш орам бар: басқарушы орам ($\omega_{бас}$), кері байланысты орам ($\omega_{кб}$) және нөлдік орам (ω_0). Басқарушы тізбек бойынша $i_{бас}$ кіріс сигнал тұрақты ток түрінде беріледі. Кері байланыс орамы МК шығыс кернеуінің түзеткіші арқылы қанығады. Осыдан оң кері байланыс күшеткіш инерциясын және статикалық сипаттаманың тіктігін ұлғайтады және керінше, осы параметрлерді теріс кері байланыс кезінде азайтады. Кері байланыс рөлі МК тезәрекеттілігі айтарлықтай төмен болғанда қажет. Нөлдік орам тәуелсіз қорек көзінен қанығады және сзықты боліктегі күшеткіштің жұмыс нүктесін жылжыту үшін қызмет етеді.

Токты осы орамға берген кезде жұмыс нүктесі сипаттаманың ортасына онға қарай жылжиды. Осы жағдайда МК кезінде басқаруыш токтың полярлығына сезімталдылық қасиетін қабылдайды. Нөлдік орамда ток болмаған жағдайда МК полярлылық езгерісіне сезімтал емес, ал күштейткіш сипаттамалары ордината осіне қатысты симметриялы.

Гидравликалық элементтері бар АБЖ гидрокүштейткіштер қолданылады. Қарапайым гидрокүштейткіштің жұмыс істеу принципі 7.7-суретте көрсетілген. Күштейту қасиеті арқасында кіші кіріс күштейткішке штоктағы жоғары шығыс күштейткіші сәйкес келеді. Мысал ретінде гидроцилиндрлері бір-бірімен қысқа магистральмен байланысқан ілгерілемелі қозғалыстың гидросорғышынан және гидроқозғалтқышынан тұратын гидрорежүйенің есептік сұлбасын қарастырамыз, (7.7-сурет).



7.7-сурет. Гидрокүштейткіш сұлбасы

Егер A_H поршень ауданымен гидросорғыш (ГС) штогына P_H күші әрекет етсе, онда сұйықтықта A_D ауданымен гидроқозғалтқыш (ГҚ) поршенине әрекет ететін $p = P_H / A_H$ қысымын туындатады және штокта $P_D = p \cdot A_D$ күшін тенестіртін күшті туындатады. Осыдан:

$$\frac{P_H}{A_H} = \frac{P_D}{A_D}$$

Осы өрнектен ГП мультиликационды эффектісі мультиликациялық коэффициентімен сипатталатыны көрінеді. Мультилика-


ция коэффициенті шығыс буын күшінің кіріс буын күшіне қатынасына тең:

$$k = P_D / P_H = A_D / A_H$$

7.5. Автоматика жүйесінің орындаушы жетектері

7.5.1. Негізгі түсініктер мен ережелер

Орындаушы жетек (ОЖ) деп қажетті сипаттағы механикалық қозғалысты алу мақсатындағы ақпаратты және энергияны түрлендіруді іске асыратын жүйені айтамыз. Төменде орындаушы жетектің үлкейтілген функциональды сұлбасы келтірілген. Орындаушы жетек басқаруыш жүйеден (БЖ) және атқаруыш деңгейге жататын ақпаратты өлшеу жүйесінен (АӨЖ), механикалық энергияны шоғырландыратын қорек көзінен (КК) сонымен қатар қосымша муфта (М) түріндегі механикалық қондырылардан, тежегіш және беріліс механизмінен (БМ) тұрады, (7.16-сурет). Көрсетілген атқаруыш қондырығы белгілі бір шарттарда қозғалыстың мекатронды модулі (КММ) деп аталады.



7.8-сурет. Орындаушы жетек құрылымының сұлбасы

Шындығында, қазіргі заманғы қоғамның дамуында, техникалық өрлеу деңгейінің көтерілуіне байланысты автоматика жүйесіне то-лықтай, орындаушы жетектерге жекелей байланыспен әртүрлі көрсеткіштері бойынша жоғарғы талаптар койылуда. Мысалы, автоматика жүйесінің орындаушы жетегі ауыспалы динамикалық сипатта жұмыс істеуі көрек (момент, инерция, жүктеме). Сонымен қатар, олар қоздырыш факторлармен әсерлеспейі көрек. Улken динамикалық жүктеме кезінде ОЖ осы жүктемелердің демпфирленуін қамтамасыз етуі қажет. ОЖ қойылатын маңызды талаптардың бірі қуаттың массаса жоғарғы қатынаста болуы керектігі. Жалпы

массасынц және өлшемдердің төмендеуі ОЖ үшін үрдіс сипаттамасы болып табылады. Сондай-ақ ОЖ механикалық энергияны қүштейтеді, соның әсерінен басқарылатын қозгалыс орындалады, сондыктан орындаушы жетектерге келесідей талаптар қойылады: тез әрекет етуі, қозгалыс икемділігі, жоғарғы жүктеме қабілеті, дірілдің болмасы. ОЖ берілген қозгалыс дәлдігін, жоғарғы шуыл көздерінің болмасын, пайдалану кезінде қолайлы және қауіпсіз болуын қамтамасыз етуі қажет. Нарықтың конъюнктура талаптарына байланысты ОЖ құны жағынан төмен, сәйкес дизайнды, адам-машиналы интерфейске ынгайлы болуы қажет.

Тәжірибеде әртүрлі белгілері бойынша срекшеленстін көптеген ОЖ кездеседі. Негізгі ескеретін ерекшелігі механикалық энергияның шоғырландыратын корек көзінің болуы. Осы белгілері бойынша ОЖ пневматикалық, электрогидравликалық және электрлік болып белінеді.

7.5.2. Гидро және пневматикалық ОЖ

Орындаушы қозгалтқыштардың жұмыс ортасына (газ немесе сұйықтық) байланысты жетектерді пневматикалық және гидравликалық орындаушы жетектер деп бөлуге болады.

Энергияны, газды және сұйықтықты пайдалану әдісіне байланысты орындаушы жетектер көлемдік және динамикалық деп белдеді. Көлемдік жетектің жұмыс істеу принципі газ немесе сұйықтық қысым арқылы қозгалтқыш камера көлемін өзгертуіне негізделеді, соның нәтижесінде қозгалтқыш жұмыс ортасы – гидро-пневмоцилиндр поршеньдерінің немесе қозгалтқыштың қызмет органының орын ауыстырулары орындалады.


Жұмыс істеу принципі газ немесе сұйықтық ағынының динамикалық әсеріне негізделуін гидро-пневмодинамикалық деп атайды.

Ары қарай негізінен тек көлемдік гидро-пневможетектерді қарастырамыз.

Гидро-пневматикалық ОЖ механикалық энергияны шоғырландыратын корек көзі болып және сызықты және айналмалы қозгалысты гидро-пневмо қозгалтқыштары болып табылады.

Электропневматикалық орындаушы жетектерді қолдану аясына-өнеркәсіптік роботты техника, дәлдігі бойынша талаптары аз жетектер, екі позициялы механизмдер жетегі және қарапайым өндірістік автоматтар жатады. Пневматикалық ОЖ құрамына біржакты

және екіжақты әсерлі пневмоцилиндрлер, толық бұрыльсты емес пневмоқозғалтқыштар, пневмомоторлар, мембранды камералар және т.б. жатады. Қозғалтқыштарды функционалдау мен басқаруға арналған қосымша қондырғыларға жататындар: таратқыш аппараттар, түрлі пневмоклапандар, пневмодроссельдер, индикаторлар мен қысым релесі, ауаны дайындауға арналған аппараттар және т.б. Пневматикалық ОЖ басқару үшін микропроцессорлы басқару модулі және ағымды автоматикаға негізделген басқару жүйесі пайдаланылуы мүмкін. 7.17-суретте пневматикалық қозгалыстың мехатрондық модулінің (КММ) жұмыс істеу принципі көлтірілген. Пневмоцилиндр штогы потенциометрен (П) өлшеннеді, одан берілетін сигнал қорек көзінен (К) коректенетін сервокүштейткішке (СК) беріледі. Сервокүштейткіш келіп түсken сигналдарды пневмоцилиндрдағы ауаны басқарып отыратын сервотаратқышқа (СТ) береді.



7.9-сурет. Гидро пневматикалық ОЖ сұлбасы

Пневматикалық ОЖ негізгі артықшылықтары:

- Тез әрекет етуі;
- Шығыстағы күшті басқару мүмкіндігі;
- Құрылымының қарапайымдылығы, қосымша механикалық берілістерді қажет етпеуі;

- Пайдаланудағы қарапайымдылығы;
- Өрт, жарылыс қауіпсіздігі;
- Ағымды автоматиканы қолдану мүмкіндігі.

Кейбір жағдайларда пневматикалық ОЖ қолдануға шектеу коятын талаптары да болады.

Пневматикалық ОЖ айтарлықтай кемшіліктері бар және оның ең бастысы ауаның қысылуынан қозғалысты және позицияуды берілген дәлдікпен алу мүмкіндігінің болмауы. Одан бөлек пневматикалық ШИЖ шығысындағы қуаты төмен, ол жұмыс қысымының аз екенин көрсетеді, қозғалыстың басендігін қамтамасыз ете алмайды, сонымен қатар, ауаны дайындастын қосымша қондырғыларды талап етеді. Сонын өзінде болашақта пневматикалық ОЖ пайдалану саласын көңіту үшін, пневмоавтоматика элементтері мен қондырғылары құрылуды мүмкін.

Электрогидравликалық ОЖ мынадай артықшылықтары бар:

- Жоғары энергия сыймдылығы;
- Тез әрекет етуі;
- Құрылымының қарапайымдылығы және жинастыру мен құру кезінде агрегатты модульді принципті пайдалану мүмкіндігі;
- Жұмыс сұйықтығының аз сығылу қасиетіне байланысты, статистикалық жүктемелер сипатының қатаңдығы;
- Жүйенің ПӘК төмendetetін қозғалыстың механикалық түрлендіргішін қажет етпеуі.
- Сонымен қатар электрогидравликалық ОЖ кемшіліктері де бар, олар:
 - Жұмыс сұйықтығы келіп тұратын арнағы қорек көздерін (настостық станция, гидрорезервуарлар т.б.) пайдалануды талап етеді;
 - Сұйықтық қасиеті (тұтқырлығы) температурага байланысты. Ол мысалыға ОЖ жұмысы кезінде сұйықтық қызады және оның құрылымы өзгереді, ол толықтай жүйенің динамикалық сипатына әсер етеді;
 - Экологиялық сипаттамаларға мәселе тудыратын, сонымен қатар, ОЖ эксплуатациялық сипаттамаларына әсер ететін жұмыс сұйықтығының сыртқа ағып кету орындарының бар болуы;
 - Позициялы булардың болуы қосымша қондырғыларды (зотниктер, гидроцилиндрлер т.б.) дайындау дәлдіктері бойынша талаптарының жоғарылығы.

Соган карамастан электрогидравликалық қозғалыстың мекатрондық модулін (КММ) пайдалану басқа жетектермен салыстырында жоғары, мысалы, жарылыс қауіпті орта жұмысы үшін 10 кВт жоғары қуатты жүктемеде жұмыс істеуі. Гидроҗеттер гидроҗеттерде жұмыс жасайтын қондырғыларда, өнеркәсіптік роботтарда пайдаланылады.

7.5.3. Электромеханикалық орындаушы жетек (ЭМОЖ)

ЭМОЖ құрылымдық және функционалдық катынаста өзіндік бір бұйым болып табылады, оның басқа модулдермен жекелей және әртүрлі комбинациялық түрде қолдануға болатын механикалық, электрлік (электротехникалық) және ақпараттық бөлімдері бар. Қозғалыстың электромеханикалық мекатрондық модулінің (КЭМММ) қарапайым мекатронды емес ЭМОЖ айырмашылығы, оның қосалқы ақпараттық бөлігінің бар болуында.

Микроэлектрониканың қазіргі заманғы технологиясының дамуы ЭМОЖ сәтті интегралдайтын, сонымен қатар, оны ҚЭМММ ауыстыратын шағын датчиктерді және электронды блоктарды жасауға мүмкіндік тудырды. Типтік ЭМОЖ құрамы үлкейтіліп 7.18-суретте көрсетілген. Мұнда ЭМОЖ электроказалтқыштан электр энергиясын механикалық энергияға түрлендіретін электротехникалық түрлендіргіштен тұрады. Механикалық қозғалысты түрлендіру үшін түрлі механикалық түрлендіргіштер (беріліс механизмдері) пайдаланылады. Сонымен қатар, осында люфт таңдау механизмдерін және байланыстыратын қондырғыларды (тежегіш, муфталар) жатқызуға болады. Ақпараттық бөлімге өлшеу құралдары, ақпараттық сигналдарды түрлендіргіштер жатады. Әдетте, ақпараттық бөлімде механикалық өлшемдердің жалпылама күшін, координаттарын, жылдамдық және үдеу мәндерін өлшеуге мүмкіндік беретін кинестетикалық датчиктерді қолданады.

Қозғалыстың электромеханикалық мекатронды модуліне көнектілген ақпараттық-өлшеуіш жүйесі, электроказалтқыштар мен басқарудың микропроцессорлы жүйесіне арналған электронды күштік түрлендіргіштер жатады, оларды қозғалыстың интеллектуалды мекатронды модулі деп атайды. Ары қарай, қозғалыстың интеллектуалды мекатронды модулін қарастырамыз, яғни оларды қозғалыстың электромехатронды модулы (КЭММ) деп атайды.

Интеллектуалды мехатронды модуль тармақшасын басқаруда интеллектуалды әдісті қолдануды мехатронды қозғалыс модулі деп атайды.

Төмөнде 7.1-суретте ҚЭММ қарапайым функционалды сыйбасы көрсетілген.



7.10-сурет. ЭМОЖ құрамы

Мұнда барлық энергияны тұтынатын немесе жеке-жеке тұтынушыларға басқару кешеніне (БК), күштік түрлендіргішке (КТ), электроқозгалтқышқа (ЭК) және механикалық түрлендіргішке (МТ) арналған корек көздері көрсетілген.

Берілген функционалдық сұлбада ҚЭММ элементтері болып саналмайтын нысан пен корек көздері көрсетілген. Бірақ та нысан жайындағы ақпарат ҚЭММ функциялау мақсатын қалыптастыру деңгейі кезінде міндепті түрде болуы қажет. Әрбір келтірілген құрылымдық функционалдық элементтер ары қарай осы немесе басқа мақсаттарда қарастырылады. Мұнда атап өту кекек жағдай, БК болып электроқозгалтқышты КТ арқылы автоматты басқаруга арналған ақпараттық және бағдарламалық құралдардың жиынтығы түсіндірледі. Басқару кешені жоғарыда орналасқан басқару жүйелерінен сигналдарды алады, сонымен қатар, ақпараттық-өлшеуіш жүйелер көмегімен ҚЭММ ішкі және сыртқы оргалары (объект) жайлы ақпараттарды ала алады. Күштік түрлендіргіш электронды қондырығы түрінде, яғни БК анықталған сигналдарымен сәйкес келетін электроқозгалтқыш басқарылуы үшін тағайындалған жүйелер түрінде болады.



7.11-сурет. ҚЭММ функционалды сыйбасы

Байқап отырғанымыздай, сұлбада МТ кейбір жағдайда корек көзіне қосылғанын көруге болады. Мұндай жағдайлар электромагнитті муфталар, тежегіштер орын алуы, сондай-ақ олар БК басқарылуы мүмкін.

ҚЭММ басты ерекшеліктері ондағы элементтердің әртүрлі электронды, электротехникалық, механикалық, ақпаратты болуында.

Мехатронды жүйе ерекшелігі, бір-бірімен байланысты энергетикалық және ақпараттық ағындардың бар болуында.

Автоматикалық өлшеу элементтері реттелетін өлшемді, ауытқыған әсер немесе басқа өлшемдерді өлшеуге арналған.

7.6. Датчиктер

Автоматиканың өлшеуіш элементтері басқару үшін қажетті ақпараттарды беретін қоздыру әсерлері немесе басқа да шамалардың реттелінетін шамаларын өлшеу үшін қызмет етеді.

Кейбір анықтамалар мен түсініктер келтіреміз.

Өлшеуіш түрлендіргіш – өлшенетін шамаларды өндеуге ынғайлы өлшеуіш сигналдарға немесе басқа да шамаларға түрлендіру үшін қызмет ететін өлшеу құралы. Қарапайым өлшеуіш түрлендіргіштің мысалы ретінде біріншілік түрлендіргіш немесе сезімтал элемент болады, олар өзінің күйін сыртқы қоздыру әсерінен өзгертеді. Мы-

салы, фотодиод, тензорезистор. Техникада кең қолданысқа ие болған датчиктер болып табылады.

Датчик – өлшенетін шаманың функциясы болатын физикалық шамалар әсерінен эквивалентті сигнал беретін бір немесе бірнеше өлшеуіш түрлендіргіш.

Өлшеуіш аспап (ӨА) – орнықты диапазонда өлшенетін физикалық шаманың мәнін алу үшін арналған құрылғы. Өлшенетін шаманың тіркеу түрі бойынша аспаптар аналогты және санды болып бөлінеді. Ал тағайындалуы бойынша – электрлі және электрлі емес шамаларды өлшетін аспаптар болып бөлінеді.

Өлшеу қондыргысы – ынғайлы түрде өлшеу және ақпарат сигналын өндөу үшін арналған өлшеудің функционалды біріккен құралдар жиыны. Олар өзінің құрамына өлшеуіш түрлендіргіштерді, өлшеуіш аспаптарды, сонымен қатар, әртүрлі қосалқы құрылғыларды қоса алады.

Өлшеу жүйесі – автоматты басқару жүйелерінде автоматты өндеуге, беруге және қолдануға ынғайлы түрдегі өлшеу ақпаратының сигналын өндеу және бір немесе бірнеше физикалық шамаларды өлшеу мақсатында бакыланатын нысанның әртүрлі нүктесінде орналасқан ЭЕМ, басқа да техникалық құрылғылар және өлшеу құралдарының өзара байланыс арналарымен функционалды біріккен жиынтығы.

Өлшеу – есептеу кешені нақты өлшеу міндеттері үшін арналған өлшеу жүйесі болып келеді.

Өлшеу нысанының қасиеті туралы ақпарат өлшеу құралының кірісіне сигналдар түрінде түседі. Сигналды қалыптастыратын физикалық құбылыс табигатына байланысты сигналдар механикалы, электрлі, магнитті, жарықтық және басқа да түрлерге бөлінеді. Өзгеріс сипатына байланысты сигналдар уақыт бойынша тұрақты және айнымалы болып бөлінеді. Уақыт бойынша айнымалы сигналдар өз кезегінде кездейсок, детерменирленген және квазидетерменирленген сигналдар болып бөлінеді. Квазидетерменирленген сигналдар уақыт бойынша өзгеріс заңдылығының белгілі сипаттамасына ие, бірақ бір немесе бірнеше параметрлері белгісіз болып келеді. Мысалы, косинусоидалды сигналда жиілік және амплитуда белгілі, бірақ фаза белгісіз.


Жалпы, қарастырылып отырган датчиктер тек өлшеу үшін гана қызмет етпейді, олар ақпаратты өлшеу жүйелерінде сигналдарды

беруге ынғайлы болу үшін қажетті шамаларды басқа түрдегі шамаға түрленуін басқару үшін керекті өзгерістерді орындаиды. Пневматикалық датчиктерден басқа көптеген датчиктер әртүрлі физикалық шамаларды электрлікке түрлендіреді.

Автоматты басқару жүйелеріне ақпаратты өлшеу технологияларының үрдістерін жүзеге асыратын техникалық құрылғылар кіреді. Датчиктер АБЖ ақпаратты өлшеу жүйелерінің маңызды элементтерінің бірі болып табылады. 7.20-суретте көрініп түрлендірілген датчиктер сезімтал элементінен (СЭ) және сигнал түрлендіргішінен (СТ) тұрады. Ақпараттың түрлену негізіне салынған физикалық принциптерге сәйкес сезімтал элементтің автоматикада қолданылатын келесі түрлері ажыратылады:

- Резистивті (тензо және фоторезисторларды қоса алғанда);
- Электромагнитті (индуктивті, индукционды және басқалар);
- Холл түрлендіргіші;
- Оптикалық;
- Пьезоэлектрлік.

Өлшеуіш аспаптарда сезімтал элемент ақпаратын электрлік сигналдарға түрлендіру үшін арналған екі түрлі өлшеуіш сұлбасын қолданады: параметрлік және генераторлы. Параметрлік ӨА сезімтал элемент сигналын кернеу немесе ток түрінде электрлік сигналға түрлендіру орындалады. ӨА генераторлы өлшеу сұлбаларында сезімтал элемент генератор құрамына кіреді, бұл жерде сигналдың генерация жиілігі индуктивті және конденсатор орамымен құрылған контурдың резонансы жиілігіне тең болып келеді.



7.12-сурет. Датчик сұлбасы

Датчиктер орындалатын функцияларына сәйкес кинестетикалық, локационды, визуалды жәнетактилді болып бөлінеді. Кинестетикалық датчиктерге орын аудысу және күй датчиктері (резистивті күй датчигі, электромагнитті күй датчигі, фотоэлектрлі күй датчигі);

жылдамдық датчиктері (тахогенераторлар); динамикалық шамалар датчиктері (пьезоэлектрлі, магнит серпімді, электростатикалы, электромагнитті) жатады.

Локационды датчиктерге келесі тізімді көлтіруге болады:

- Магнитті локационды жүйелер;
- Құйынды токты локационды жүйелер;
- Электромагнитті локационды жүйелер;
- Акустикалық локационды жүйелер;
- Оптикалық локационды жүйелер.

Көру датчиктері мен жүйелерге техникалық көру жүйесі жатады. Тактильді тип жүйелеріне сезгіш күш моментті датчигі, жанасу датчигі, байланыс датчиктері жатады.

Датчиктердің статикалық сипаттамаларына сезімталдық, өлшеу мөлшері, статикалы қүшету, дрейф, жұмыс диапазоны, қайталау және жаңғыртуды көлтіруге болады. Сезімталдылық өлшенестін шаманың өзгеріс шегі бойынша шығыс сигналды бағалауға мүмкіндік береді. Оның өзі статикалы және динамикалы сезімталдылық болып ажыратылады. Статикалы сезімталдылықты түрлендірудің статикалы функциясы негізінде өлшейді, осы кезде кіріс сигналын x , шығыс сигналын у деп белгілесек, онда $y = Sx$, мұндағы S – сезімталдылық немесе түрлену коэффициенті.

Өлшеу мөлшері – өлшенестін шаманың ең кіші мәні, ол мән датчикке түседі (записана) және датчикпен тұра көрсетеді.

Статикалы қүшету – өте төменгі жиіліктегі датчиктің қүшету коэффициенті.

Дрейф – белгілі уақыт аралығында өлшенестін шама тұрақты болып тұрған кездегі датчиктің нөлден немесе максималды көрсеткішінен ауытқуын көрсетеді. Жұмыс диапазоны кіріс және шығыс сигналдардың максималды мәнімен анықталады. Қайта жаңғырту уақыттың әртүрлі мезетінде бір шаманы қайта-қайта өлшеумен анықталады. Жаңғыртуды анықтау кезінде уақыттың үлкен аралығы алынады.

Бақылау сұрақтары:

1. Автоматика элементтерінің анықамасы.
2. Электрлік сұлбалар қандай сұлбалар болып бөлінеді?


3. Функционалды белгілері бойынша автоматика элементтерінің кластарға жіктелуі.

4. Беруші құрылғының мысалы және тағайындалуы.
5. Салыстыру құрылғысының мысалы және тағайындалуы.
6. Күшеткіштердің (K) мысалы және тағайындалуы.
7. Күшеткіштердің негізгі сипаттамалары.
8. Биполярлы транзистордағы күшеткіштің сұлбасы.
9. Электронды күшеткіштің күшеткіштің жұмыс істеу принципі.
10. Қарапайым гидрокүшеткіштің жұмыс істеу принципі.
11. Орындаушы жетектің (ОЖ) мысалы және тағайындалуы.
12. Орындаушы жетектің функционалды сұлбасы.
13. Орындаушы жетектерге қойылатын талаптар.
14. Механикалық энергияны шоғырлаушы көзі бойынша орындаушы жетектердің негізгі ерекше белгілері.
15. Механикалық энергияны шоғырлайтын қандай құрылғыларды гидропневможетектерде колданады?
16. Өзінің әрекет принципін көрсететін гидропневматикалық орындаушы жетектің сұлбасын сыйыңыз.
17. Пневматикалық ОЖ құндылықтары.
18. Электрогидравликалық ОЖ сұлбасы.
19. Электрогидравликалық ОЖ құндылықтары.
20. Электрогидравликалық ОЖ кемшіліктері.
21. Электромеханикалық орындаушы жетек (ЭМОЖ).
22. ЭМОЖ құрамы.
23. ЭММК функционалды сұлбасы.
24. АБЖ өлшеуіш элементі ретінде датчиктің функциясы.
25. Өлшеуіш түрлендіргішке анықтама беріңіз.
26. Датчикке анықтама беріңіз.
27. Өлшеу қондырығысына анықтама беріңіз.
28. Өлшеу жүйесіне анықтама беріңіз.
29. Датчик қандай құраушы элементтерден тұрады?
30. Сезімтал элемент ақпаратын электрлік сигналға түрлендіру үшін арналған өлшеу сұлбасының екі түрін көрсетініз.
31. Орындалу функциясына байланысты датчиктер қалай жіктеледі?
32. Қандай датчиктер кинестетикалық датчиктерге жатады?
33. Қандай датчиктер локационды датчиктерге жатады?

8-ТАРАУ. ЭЛЕКТРОМАГНИТТІ ҚҰРЫЛҒЫЛАР

8.1. Құрылғылар және оларды қолдану


Магнит пен статорлық орамды (8-сурет) металл өзекшесінен тұратын электромагниттік жүйе электромагниттік құрылғы (ЭК) деп аталады (ЭК). ЭК жұмыс істеу принципі статорлық орамға ток берген кезде, өзекше (якорь) магниттік индукцияның әсерінен орын ауыстырылуына негізделген.



8.1-сурет. Электромагниттік құрылғы

Автоматика жүйелерінде ЭК автоматиканың ауыстырып – қосу (реле) және орындаушы құрылғылары ретінде қолданылады. Реле ретінде қолданылатын ЭК электромагниттік реле (ЭР) деп аталады. ЭР кіріс электрлік сигналдың әсерінен қайта қосылады, сонымен бірге шығыс сигналдың секірмелі өзгеруі жүреді.

8.2-суретте электромагниттік реле келтірілген, мұндағы: 1 – орауыш (катушка), 2 – бұғау (ярмо), 3 – өзекше, 4 – сақтағыш тісше, 5 – ұштық (наконечник), 6 – пластиналар, 7 – якорь.



8.2-сурет. Электромагниттік реле

8.2-суретте электромагниттік реле келтірілген, мұндағы: 1 – орауыш (катушка), 2 – бұғау (ярмо), 3 – өзекше, 4 – сақтағыш тісше, 5 – ұштық (наконечник), 6 – пластиналар, 7 – якорь.


Электромагниттік реленің жұмыс істеу принципі келесіге негізделген, статордың орамына (катушкаға) ток берген кезде магниттік ағын пайда болады, ол өзекше арқылы өткен кезде якорды өзекшеге тартатын электромагниттік күш туғызады, ол сонынан 6 байланысын түйіктайды. Ұштық 5 санылау болмаған кездегі якордың өзекшеге жабысып қалмауын қадағалайды. Сондықтан, әрқашан бастапқы санылау δ_0 болады. 4 (наконечник) тісше якор мен өзекшени бір-бірімен жабысып қалуынан сақтайды.

Куатты тізбектерді ауыстырып қосу үшін қолданылатын ЭР түйістіргіш (контактор) деп атайды. Мұндай релелерді автоматты түрде басқарылатын электроқозғалтқыштарды басқарудың релелік жүйелерінде қолданады, мысал ретінде жүккөтергіш және көтергіш – транспортты машиналарды жаткызуға болады.

Жалпы, ЭР автоматика жүйелерінде басқару, қорғау және дабыл беру үшін қолданады. Кіріс токқа байланысты ЭР тұрақты және айнымалы токты болып екіге бөлінеді. Тұрақты ток релесінің өзі нейтралды және поляризацияланған болып екіге бөлінеді. Ней-

тралды ЭР якордың күйі статор орамындағы токтың бағытына тәуелді емес. Керісінше поляризацияланған реле, кіріс сигналдың полярлығының өзгеруіне әсер етеді.


Айнымалы токты реледе кіріс ток айнымалы болғандықтан якорде діріл пайда болады, осыған байланысты якордың дірілін жою шарапарын қарастыру керек болады. Ол үшін жеке беттерден құрылған магнит сымдар, екі орамды реле және қысқа түйікталған орамды реле қолданылады. Бұлардың бәрі айнымалы токты ЭР құрылымын құрделендіре түседі.



8.3-сурет. Сызықты электромагнитті қозғалтқыш

Осындай себептерден тұрақты тоқты ЭР кең қолданысқа ие. Автоматиканың атқарушы құрылғылары ретінде ЭҚ негізгі және қосалқы функцияларды атқарады. ЭҚ негізгі функцияларды орындаған жағдайда, олар автоматика жүйелерінде тікелей атқарушы құрылғылар ешкімге бағынбай өздігімен орын ауыстыра алады. Мұндай функциялардың мысалына SODIC.Co.,Ltd жапон фирмасы шыгаратын сызықты электрқозғалтқыштарды, роботтардың электромагнитті ұстағыштарын және теміржолдың бағыттарын ауыс-


тыруды келтіруге болады. 8.3-суретте сызықты қозғалтқыштың сұлбасы көрсетілген және сонымен қатар жұмыс істеу принципі көрсетілген. Мұндай сызықты қозғалтқыштарды жоғары дәлдікпен жұмыс істейтін станоктардың буынын бір қалыпты қозғалысқа келтіре алуына байланысты қолданылады. Қазіргі уақытта мысал ретінде кейбір компаниялар максималды орын ауысу жылдамдығы 3 м/с дейін болатын, бұрыштық үдеуі 20 г және дәлдігі 0,1 мкм-ге дейін болатын, жүрісі 100-ден 2220мм-ге дейінгі болатын сызықты қозғалтқыштарды шығараады.



8.4-сурет. Электромагниттік муфта

Қосалқы функцияларын орындаған кезде ЭҚ механикалық гидравликалық және пневматикалық тізбектерді қосу үшін және өшіру үшін қолданылады. Мысал ретінде, басқарылатын механикалық жүйелерде қолданылатын тежегіштерді және электромагниттік муфталарды келтіруге болады. Электромагниттік муфтаның сұлбасы 8.4-суретте көрсетілген. Бұл суретте жетекші білік (1) және жетектелуші білік (7) сонымен қатар бір-бірімен электромагнитті муфта көмегімен жалғанған, фрикциондық накладка 3, статор 4, орам 5 және қайтару серіппесі 6 орналасқан.

Басқарылатын электрогидравликалық және пневматикалық жүйелерде ЭҚ клапандардың және басқа да буындардың орнын ауыстыру үшін қолданылады.



8.5-сурет. ЭК бар гидро-пневматаралық

8.5-суретте электрогидравликалық немесе пневматикалық күштейкіштің сұлбасы берілген, мұнда электромагниттердің көмегімен сұйықтықтың немесе газдың ағынын басқаратын золотникті қозғалысқа келтіреді.

8.2. Электромагниттік құрылғыны есептеу реті

Мысал ретінде, тұрақты тоқты нейтралды электромагниттің (ЭМ) есебін қарастырамыз. Есептің бастапқы мәліметтері ретінде: якордағы күштің (закон изменения усилия) өзгеру занын; кіріс кернеуді немесе токты; жұмыс режимін және уақыттық сипаттамаларын аламыз. Есептеу кезінде пайдалану шарттарын, діріл мен тозудан қорғау шараларын ескерген жөн. Есептеменің нәтижелері бойынша ЭК түрі, катушканың сипаттамалары, статор орамсымының ұзындығы мен көлденең қимасы, магнитті сым материалдары таңдалады. Жобаланған ЭК габаритті өлшемі аз, салмағы кіші және құны арзан болуы керек.

Есептеудің бастапқы сатысында, орындаушы құрылғы мен ЭК бір-бірімен жалғанудың кинематикалық сұлбасы және электромаг-


ниттің түрі таңдалады. Электромагниттің түрін таңдау үшін конструктивті К көрсеткішін қолдану ыңғайлы болады, оны төмендеңгедей анықтаймыз:

$$K = \sqrt{F_{\min} / \delta_{\max}}, \quad (8.1)$$

мұндағы, F_{\min} – әуе саңылауының максимум рұқсат етілген мәні δ_{\max} кезінде ЭМ жұмыс жасайтын якордағы минималды күш.

К мәндері бойынша анықтама әдебиетінен ЭМ түрі таңдалады. Мысалы: реле ретінде қолданылатын клапанды ЭМ үшін $K = 2900 H^{1/2}/m$.

Кейін, бастапқы мәндегі, жұмыс саңылауындағы магниттік индукцияның B_d мәні алынады. Көп жағдайда B_d магниттік индукцияны $B_d = f(K)$ нонограммасы бойынша таңдалады. B_d мәні 0.06...1 Тл шектерінде болады. B_d таңдалуына якорь мен өзекше арасындағы саңылау d өзгерген кездеңі якорьдың катушкаға тартылу күшімен электромагниттік күштің F берілген мәндерінің арасындағы тәуелділік үлкен әсерін тигіздеді. 8.6-суретте, электромагниттің күштің якорь мен өзекше арасындағы d саңылауына тәуелді өзгеруінің графигі көрсетілген. Бұл график тартылыс күшінің сипаттамасы деп аталады. F көп болған сайын B_d үшін де үлкен мән таңдалады.



8.6-сурет. ЭМ тартылыс күшінің сипаттамасы

Жұмыс саңылауының қимасы келесі жолмен анықталады

$$S = 2\mu_0 F_{\min} / B_d^2. \quad (8.2)$$

Бұл жердегі коэффициент $\mu_0 = 0,15 \div 0,25$.

Өзекшениң қимасын жұмыс саңылауының қимасына тең деп алуға болады.

Катушканың орнының S қимасы мен I ұзындығын тағайындаш бүрін I/S катынасы алғынады. Бұл катынас материалдың шығынна тәуелді болады. Якорьдың аз жүрісі мен аз күші кезінде бүл катынастың үлкен мәнін таңдаған жөн болатыны тәжірибелерде белгіленген. Әдетте реле үшін $I/S = 5 \div 8$ шамасын алуға кеңес беріледі.

8.3. ЭК сипаттамалары

ЭК жұмыс жасау үрдісін диаграммада көрсетілгендей (8.7-сурет) 4 кезенге бөлуге болады:

1 кезең – реленің іске қосылуы; 2 кезең – реленің жұмысы; 3 кезең – релені босату; 4 кезең – реленің тыныштығы.


Диаграммада уақыттың әртүрлі жағдайына байланысты ток күшинің өзгеруі көрсетілген.

1 – кезенде қысықтың a нүктесін көрсетілген, ол $I_{\text{коzgaly}}$ ток пен $t_{\text{коzgaly}}$ уақыт арасындағы якорьдің қозғала бастайтын аралығына сәйкес келеді. А нүктесіне сәйкес келетін сипаттамаларға қол жеткізгенге дейін якорь t_{ae_k} уақыт ағынымен қозғалады және A ($t_{i_{\text{косу}}}$, $I_{i_{\text{косу}}}$) нүктесінде реле іске қосылады. Демек, толық іске қосылудың уақыты $t_{i_{\text{косу}}} = t_{\text{коzgaly}} + t_{ae_k}$.

